

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылыми министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы**

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина**



**БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ ПӘНДЕРІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ
ЖИЫНТЫҚ ЖҰМЫС БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР
ӘЗІРЛЕУ**

Әдістемелік ұсынымдар

**РАЗРАБОТКА МЕТОДИЧЕСКИХ РЕКОМЕНДАЦИЙ ПО ИТОГОВОЙ
СУММАТИВНОЙ РАБОТЕ ПО УЧЕБНЫМ ПРЕДМЕТАМ НАЧАЛЬНОЙ
ШКОЛЫ**

Методические рекомендации

**Астана
2017**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының Ғылыми кеңесімен басылымға ұсынылған (2017 жылғы 20 маусымдағы №7 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 7 от 20 июня 2017 года)

Бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша қорытынды жиынтық жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу. - Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2017.-240 бет.

Разработка методических рекомендаций по итоговой суммативной работе по учебным предметам начальной школы.– Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2017. – 240 с.

Аталған оқу құралында жекелей алғанда бөлімдерді, білім мазмұнын жаңарту аясында бастауыш мектептегі оқу жылдарының және тоқсан қорытындысы бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік беретін жиынтық бағалау, критериалды бағалау жүйесінің құралдары мен процедураларының механизмдері көрсетілген.

Оқу құралында бастауыш мектеп білім алушыларының оқу жетістіктерін жиынтық бағалаудың критерийлерін жобалау бойынша қазақстандық мектептердің тәжірибесі жалпыланған, жиынтық бағалау тапсырмаларының мысалдары көрсетілген.

Әдістемелік ұсынымдар облыстық (аудандық) әдістемелік кабинеттердің басшылары мен әдіскерлеріне, білім беру жүйесі ұйымдарының басшыларына, айрықша қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын мұғалімдерге, мамандарға арналған.

В настоящем пособии показан механизм, процедуры и инструментарий критериальной системы оценивания, в частности суммативного оценивания, позволяющего оценить достижения обучающихся по итогам изучения разделов, четвертей и учебного года в начальной школе в рамках обновления содержания образования.

В пособии обобщен опыт казахстанских школ по проектированию критериев суммативного оценивания учебных достижений обучающихся начальной школы, представлены примеры разработок заданий суммативного оценивания.

Методические рекомендации адресованы руководителям и методистам областных (районных) методических кабинетов, руководителям организаций системы образования, учителям, специалистам, работающим с детьми с особыми потребностями.

Ы.Алтынсарин атындағы
Ұлттық ғылым академиясы, 2017
Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2017

Глоссарий

1. Критериалды бағалау – белгіленген критерийлер негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудың күтілетін нәтижелерімен сәйкестендіру үдерісі.

2. Бағалау критерийі – білім алушының оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын белгі.

3. Дескриптор – тапсырмаларды орындау кезіндегі әрекетті көрсететін сипаттама.

4. Модерация – бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін қойылған балдарды стандарттау мақсатында тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың жұмыстарын талқылап қарастыратын үдеріс.

5. Оқытудың күтілетін нәтижелері – білім алушының оқу үдерісі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, нені көрсете алатынын айқындайтын құзыреттіліктер жиынтығы.

6. Кері байланыс – қандай да бір әрекетке немесе оқиғаға пікір, баға, жауаптық реакция.

7. Білім алушының портфолиосы – оқу жылына бойында білім алушының пәндер бойынша жеке оқу жетістіктерін тіркеу және жинақтау тәсілі.

8. Рубрика – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктері деңгейлерін сипаттау тәсілі.

9. Әр түрлі деңгейлік тапсырмалар – білім алушылардың қабілеттерін ескере отырып, саралап оқытуды ұйымдастыру үшін пайдаланылатын күрделілігі әр түрлі деңгейдегі тапсырмалар.

10. Рефлексия – өз іс-әрекетінің нәтижелерін қайта ойлау, талдау және өзін-өзі тануға бағытталған ойлау үдерісі.

11. Оқу бағдарламасының ортақ тақырыбы – нақты пән бойынша оқу мақсаттарына жету үшін түрлі пәндер аясында білімі мен білігін біріктіретін құрал ретінде пайдаланылатын мазмұны бірыңғай ортақ компонент.

12. Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы – тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны өткізуге қойылатын талаптар.

13. Жиынтық жұмыс – белгілі бір оқу кезеңінде пән бойынша оқу жетістігі деңгейін анықтауға негізделген білім алушының жұмысы.

14. Жиынтық бағалау – оқу бағдарламасындағы бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі.

15. Балл қою кестесі – тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою бойынша бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын кесте.

16. Білім алушының оқу жетістігі деңгейі – бағалау критерийлеріне сәйкес білім алушылардың оқу жетістігін дамыту деңгейі.

17. Ойлау дағдыларының деңгейі – әрбір деңгейі белгілі бір ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесі.

18. Қалыптастырушы бағалау – оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етіп, үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі.

19. Оқу мақсаттары – оқу бағдарламасына сәйкес пән бойынша оқу курсы аралығында білу, түсіну және дағды жетістіктеріне қатысты күтілетін нәтижелерді қалыптастыратын тұжырым.

20. Бағалау нәтижелерін тіркейтін электрондық журнал – жиынтық бағалау (бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсан) нәтижелерін тіркейтін және тоқсандық, жылдық, қорытынды бағаларды формула бойынша автоматты түрде есептеуді жүзеге асыратын электрондық құжат.

Кіріспе

Заманауи әлемде барлық салалардағы прогресті қамтамасыз ететін, қоғамның стратегиялық ресурсы ретіндегі білім берудің рөлі, жүйелі өзгерістерді талап етеді. Мектеп, білім берудің негізгі және ұзаққа созылатын сатысы ретінде, жалпы қоғамды және әрбір азаматты жаңа сапалы білім берумен қамтамасыз етудің шешуші сәтіне айналуға.

Білім алушылардың және олардың ата-аналарының толыққанды, білім алудағы әрбір тұлғаның жеке қажеттіліктерін қанағаттандыратын құқықтарымен қамтамасыз етуге жағдай жасау маңызды. Оқытудың әдістері мен формаларының көптүрлілігі, білім алушылардың жетістіктерін бағалау процесінде анықтауға болатын, көрсетілетін білім беру қызметінің сапасы туралы объективті ақпаратпен берілуі қажет.

Қазіргі таңда бағалау процесінің өзектілігі білім берудің заманауи стратегиялық міндеттерімен, білім беру сапасына қойылатын халықаралық стандарттар мен заманауи талаптарды ескеру арқылы білім беру деңгейін көтеру қажеттілігімен, шетелдегі қазақстандық түлектердің бәсекеге қабілеттілігі мен білім алу нәтижелерінің объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында, білім алушылардың білім алудағы жетістіктерін бағалау және белгілеудің ортақ талаптарын жасау қажеттіліктерімен анықталады. Қазақстанның PISA-2009 нәтижелерінің талдаулары, 2011-2020 жылдарға арналған білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде, бағалау жүйесі мен білім сапасын бақылауды білім беру саясатының басым бағыты ретінде, ұлттық білім беру жүйесін жетілдірудің өзекті перспективасын береді.

Бастауыш мектептің бірінші сыныбында білім беру, бірінші сыныптардың мектепке жайлы бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында, ресми бағасыз білім беру принциптеріне (қағидаларына) сүйене отырып құрылады. Тәжірибеде бастауыш мектеп білім алушыларының жетістіктерін бағалаудың және бақылаудың баламалы жүйесі табысты қолданылуда. Білім алушылардың, сонымен қатар, бастауыш мектеп білім алушыларының жетістіктерін бағалаудың тиімді формаларының бірі болып, критериалды бағалау жүйесі табылады. Критериалды бағалау технологиясын қолдану, аталған немесе басқа оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгендігін анықтауға мүмкіндік беретін нақты анықталған, алдын ала белгілі критериялармен, білім алушылардың жетістіктерін салыстырудан, аталған немесе басқа да тәжірибелік дағдылар қалыптасқан, барлық білім алушылардың даярлығының жалпы деңгейінің өзгерісі, сонымен қатар, оның түрлі салалардағы танымдық іс-әрекетінің табыстылық динамикасын белгілеуден тұрады.

Қазіргі таңда педагогикалық тәжірибеде жиі пайдаланылып жүрген бес балдық жүйедегі бағалау әдістемесі үйреншікті және ыңғайлы, бірақ, онда білім алушылардың өз жетістіктерін бағалауларын дамытушы және ынталандырушы, сонымен қатар, білім алушының жеке нәтижелерін жақсартуға ұсыныс ретіндегі, өз жетістіктері мен сәтсіздіктері жайында ақпарат алу барысындағы білім беру

процесінде кері байланысты жүзеге асыратын дифференциалды қабілеттерге ие емес және бағалаудың объективтілігін қадағалауға мүмкіндік бермейді.

Білім беру процесінде критериалды бағалау жүйесін пайдалану, анықталған параметрлерді пайдалану сонымен қатар, бастауыш мектепте білім алушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру арқылы, бағалау жүйесін жекелеген пәннің мақсатты бағытымен байланыстыруға және білім алушылардың жетістіктерін анықтауға және арттыруға мүмкіндік береді. Бастауыш мектептегі әрбір білім алушының дайындық деңгейін, жеке прогресін критериалды бағалау жүйесін пайдалану арқылы анықтау, білім алушылардың ынтасын арттырып қана қоймай, сонымен қатар, бастауыш мектептегі білім беру процесінің сапасын арттыруға да мүмкіндік береді.

Әдістемелік құрал жиынтық бағалаудың (бұдан әрі – ЖБ) рөлін, принциптерін, механизмін ашып көрсетеді, сонымен қатар ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу жетістіктерін жиынтық бағалаудың критерийлерін жобалау бойынша қазақстандық мектептердің тәжірибесін жинақтайды.

Құрал 3 тараудан тұрады, онда жиынтық бағалаудың мақсаты мен міндеттері, ЖБ нормативтік құқықтық қамтамасыз ету, сондай-ақ ЖБ-ды жүргізу бойынша қалыптасқан тәжірибе көрсетілген және білім алушылардың ерекше білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, мұғалімдердің жаңа бағалау жүйесін қолданудың практикалық мысалдары келтірілген.

1. Критериалды бағалау жүйесі аясындағы қорытынды жиынтық жұмыс

ЖБ мақсаты мен міндеттері

Жаңартылған білім мазмұнына көшуге байланысты білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа, объективті жүйесі қажеттілігінің туындауы заңды.

Заманауи мектептегі білім беру процесіне жаңа бағалау жүйесін енгізудің қажеттілігі оқу бағдарламаларына бірқатар толықтырулардың енуіне негізделген:

- білім алушыларда кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға ерекше көңіл аудару;
- фактологиялық материалды беруге бағытталған оқытудан ақпарат алу тәсілдерін үйретуге ығысу;
- ынтымақтастық пен дербестікке қабілетті жеке тұлғаны әлеуметтендіруге бағдарлану;
- өз бетінше ақпаратты табу, талдау және тиімді қолдана алу дағдыларын қалыптастыру.

Мектепте қалыптасқан тәжірибедегі дәстүрлі бағалау жаңа білім стандартының талаптарына, оқу бағдарламаларына, сонымен қатар адекватты және ғылыми негізделген білім алушының жетістігін бағалаудың моделін талап ететін оқу мақсаттарына сәйкес келмейді.

Қазақстанда жаңа білім беру стандарттарына көшу шеңберінде маңызды жаңа енгізілімдердің бірі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін енгізу болды, ол бағалау процесін адамгершілікті және тұлғаға бағыттауға мүмкіндік береді.

Жаңа бағалау жүйесі оқушылардың жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру үшін педагогтың тиісті даярлығын ғана емес, сондай-ақ оның оқушылардың жетістіктерін бағалауға, тиімді кері байланысты ұйымдастыруға мүмкіндік беретін түрлі әдістемелер мен технологияларды таңдау бойынша мақсатқа бағытталған жұмысын да көздейді.

Критериалды бағалау – бастауыш білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, білім алушылардың оқу-танымдық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін, айқын анықталған, ұжыммен әзірленген, білім беру процесінің барлық қатысушыларына (білім алушыларға, мектеп әкімшілігіне, педагогтарға, ата-ана мен басқа да заңды өкілдеріне) алдын ала белгілі критерийлермен білім алушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген бағалау процесі.

Қазіргі кезде критериалды-бағдарлық тәсіл негізінде білім алушылардың білім нәтижелерінің сапасын бағалау және бақылаудың жүйесін енгізу өзекті міндет және қажеттілік болып табылады. Бұл қадам білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың объективтілік және нақтылық деңгейін едәуір арттырады.

Заманауи мектепте білім алушылардың білім алу іс-әрекетін критериалды бағалау тәсілі қажет, себебі бұл тәсіл кері байланысты іске асыруға көмектеседі,

білім беру процесіне барлық қатысушылардың оқыту нәтижесі мен өлшем критерийлерін көруге мүмкіндік береді.

Бұл бағалау жүйесінің ерекшелігі оны жиынтық бағалаудың қорытынды балдарын қоятын кезде қолдану ғана емес, сонымен қатар білім беру процесінің табыстылығы бойынша мұғалім, оқушы, ата-ана арасындағы бақылау-диагностикалық байланысты жүзеге асыру болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі оқытудың проблемаларын диагностикалаудың және жетістіктерді өлшеудің негізгі құралы болып табылады, ол білім беру процесінің сапасын анықтауға, оқытудың стратегиялары мен тәсілдері бойынша шешімдерді қабылдауға, білім мазмұнын және күтілетін нәтижелерді бағалаудың формаларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Білім жетістіктерін бағалау кезінде алынған нәтижелер мен оқыту барысындағы жоспарланған мақсаттардың ара қатынасын ескеру маңызды.

Сондай-ақ, білімдегі жетістіктерін бағалауда бағалау жүйесі ерекше мұқтаждықтары бар балалардың оқудағы жетістіктерін объективті көрсетуі қажет және білім алушылардың білім беру процесіндегі одан арғы қадамдарын құру үшін, қолдау жасау үшін негіз болуы қажет.

Бағалаудың мұндай тәсілі білім алушылардың оқу материалын қаншалықты меңгергендігін, олардың бойында практикалық дағдылардың дұрыс қалыптасқандығын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ретте негіз ретінде мұндай балалар үшін нақты айқындалған міндетті минимумді алған жөн.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім алушылардың жалпы дайындық деңгейіндегі өзгерістерді және олардың түрлі салалардағы танымдық іс-әрекетіндегі даму динамикасын белгілеп отыруға (ақпаратты меңгеруі, ақпаратты өңдеуі, шығармашылық және жоба іс-әрекеті, ойын жеткізу және т.б.), білім беру процесіндегі бар проблемалар мен жеткен жетістіктер туралы нақты сипаттама алуға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау жүйесі мұғалім, оқушы, ата-ана, сынып жетекшісі, сонымен қатар, білім беру ұйымдарындағы әкімшілік, педагогикалық ұжым арасындағы үнемі байланысты, білім беру үдерісінің толықтай, жүйелі қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда олардың психикасын барынша сақтау, жаралайтын жағдаяттардан алшақ болу және балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескеру керек екені сөзсіз.

Бағалау жүйесіндегі жоғарыда аталған тәсілдер білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының бағалау жүйесіне деген қарым-қатынасын, түсінігін, табысты білім алуын, кері байланысты жүргізуін қамтамасыз етуі қажет.

Аталған қағидалар бағалау жүйесінің негізін қалыптастыруы қажет және оның жалпы шеңберінде қызметі, табыс критерийі және әрбір нақты білім жүйесінің толыққанды қызметін атқарады.

Критериалды бағалау жүйесінің әдістемелік негізі В.П. Беспальконың критериалды-бағдарланған оқыту технологиясы болып табылады [1].

Оның критериалды бағалау теориясының негізгі қағидалары дәстүрлі білім беру процесінде оқыту жағдайлары параметрлерінің (барлығына бірдей оқу

уақыты, ақпаратты ұсыну тәсілі және т. б.) нақты бекітілгеніне, ал оқыту нәтижелерінің белгіленбей қалатынына негізделген. Американдық психологтар Дж. Керолл мен Б. Блумның [2] тұрақты, бекітілген параметр ретінде оқыту нәтижелерін көрсету қажет екендігі туралы әзірлеген қағидаларын негізге ала отырып, В.П. Беспалько бағалау жүйесін әзірлеудің тәсілдерін өзгертуге тырысты. Мұндай жағдайда американдық психологтардың пікірі бойынша, берілген нәтиже-критерийге барлық білім алушылардың қол жеткізуі үшін басқа оқыту жағдайының параметрлері өзгереді. Осындай тәсілдеме негізінде критериалды-бағдарланған оқыту технологиясы әзірленді, бұл технологияны сондай-ақ толық меңгеру технологиясы деп те атайды, өйткені оның бастапқы кезі барлық білім алушылар қажетті оқу материалын меңгеруге қабілетті деген ұстаным болып табылады. Бұл үшін білім беру стандарттарына сәйкес келетін меңгерудің белгіленген критерийлерін әзірлеу қажет. Барлық мектеп пәндері бойынша ұсынылатын стандарттар меңгерудің нақты критерийлерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Критериалды-бағдарланған оқыту тәсілдемесінің тиімділігі тапсырманың түрлерін және оларды ұсынудың формаларын түрлендіру, білім алушыларға көрсетілетін көмектің түрлерін түрлендіру барлық білім алушылардың берілген міндетті критерийлер деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретіндігінде болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесінің негізгі элементтерін мысалға келтірейік:

- оқытудың нақты нәтижелерінің тізбесінде (оқу бағдарламасы шеңберінде меңгеру деңгейлері анықталған оқу мақсаттары) көрініс табатын тақырыпты (сабақты) меңгерудің критерийлерін дәл анықтау;

- негізгі мақсаты түзету оқу процедураларының қажеттілігін анықтау болып табылатын тексеру жұмыстарын әзірлеу;

- оқу материалын жекелеген бөліктерге (оқу бірліктеріне) бөлу, оқу барысында қол жеткізілетін сипаттамасы бар (дескрипторлары бар) нәтижелерді (критерийлерді) анықтау, әрбір оқу бірлігін оқып-үйренуде мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін ағымдық тексеру жұмыстарын әзірлеу;

- оқытудың сәйкес келетін әдістерін таңдау, оқыту тапсырмаларын құрастыру;

- әр тапсырмаға альтернативті түзету материалдарын әзірлеу.

Осындай тәсілдеме шеңберінде бағалау мен өзін-өзі бағалаудың әртүрлі формалары, әдістері және түрлері пайдаланылады. Бұл ретте мұғалім алдында келесі бірқатар қағидалар туындайды:

- баға арқылы білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағалана алады;

- білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, эталонымен (өте жақсы орындалған жұмыс үлгісімен) салыстырылады;

- нақты тапсырмалардың әртүрлі формалары, сондай-ақ мінсіз орындалған тапсырмалардың анық және айқын сипаттамалары пайдаланылады;

- білім алушыларға эталон алдын ала белгілі болады;

- білім алушы өзінің жетістік деңгейін және бағасын өзі анықтауына

мүмкіндік беретін бағаны шығарудың нақты алгоритмі әзірленуі тиіс. Рефлексия білім алушының тұлғалық дамуының міндетті шарты, оның дамуына қажетті компонент болып табылады;

- оқушыларды бағалау процесіне қосу, өзін-өзі бағалауға талпыну;

- оқытып-үйреткенді ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрінісі;

- пән бойынша жалпы оқу мақсаттары білім алушылардың сол пән бойынша жетістіктерін бағалаудың критерийлері болып табылады және білім алушының жекелеген жұмыстардың көмегімен анықталған нәтижелерін жалпылауға мүмкіндік береді.

Критериалды бағалау оқу бағдарламасының мазмұнына, бақылау іс-шараларының формаларына, білім алушылардың жеке психологиялық-педагогикалық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асырылады; білім алушылардың оқу жетістіктерін аралық және қорытынды бақылауды тұтас пайдаланылатын қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың бірлігі негізінде; білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау процесінің сипаттамасы ретіндегі саналылық негізінде; осы технологияны пайдаланудың тиімділігіне педагогикалық диагностика өткізуде іске асырылатын диагностикалық негіздерінің бірлігі негізінде жүзеге асырылады.

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету

Критериалды бағалау жүйесінің мазмұны мынадай заңнамалық және әдістемелік-нұсқаулық құжаттармен реттеледі:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 шілдедегі № 463 бұйрығымен бекітілген бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

- «Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 531 бұйрығы;

- «2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Өңірлік және мектеп үйлестірушілеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Жалпы білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалауды жүргізудің ережесі;

- Жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныстар;

- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалардың оқу пәндері бойынша жинақтары;

- Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың оқу пәндері бойынша жинақтары.

Жиынтық бағалауды жүргізу бойынша қалыптасқан тәжірибе

Қазақстанда соңғы онжылдықта бірқатар мектептерде бағалаудың жаңа жүйелерін енгізу бойынша тәжірибе жинақталған: «Мирас» халықаралық мектебі, «БЭСТ» мектебі, Алматы қаласындағы Халықаралық Бакалавриат мектебі және т.б.

Мысал ретінде «Мирас» халықаралық мектебінің тәжірибесін келтірейік.

«Мирас» халықаралық мектебі – ұлттық бағдарламалар және Халықаралық Бакалавриат бағдарламалары кіріктірілген мемлекеттік емес білім беру мекемесі [3].

«Мирас» халықаралық мектебіндегі білім алушылардың жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі мектептің миссиясы и философиясына негізделген. Халықаралық мектептің білім беру бағдарламасындағы білім беру міндеттерінің ауқымын кеңейту барысында бағалау жүйесінің негізгі принциптерін қайта қарау қажеттілігі туындады. Оның негізіне Халықаралық Бакалавриат Ұйымы әзірлеген білім сапасын бағалау жүйесіндегі идеялар алынды.

Дәстүрлі нормативтік бағалаудан айырмашылығы (білім алушылардың жетістіктері деңгейін «нормамен», яғни білім алушылардың көпшілігінің көрсеткіштерімен салыстыру) – халықаралық мектептердегі бағалау жүйесінің негізіне критериалды тәсілдеме (білім алушылардың жетістіктерін эталонмен,

яғни оқу іс-әрекеті критерийлерімен салыстыру) алынған.

«Мирас» мектебінде оқытылатын әр пән бойынша Халықаралық Бакалавриат ұйымымен бекітілген бірқатар критерийлер бар. Әр критерий үшін бағалау мезетінде оқушының қызметіне негізделген бірнеше пункттер келтірілген. Бағалау мезетінде әр оқушының жетістігін түсіндіретін нақты сипаттамалар берілген.

Семестр соңында әр критерийдің нәтижелері қосылып, жалпы балл Халықаралық Бакалавриат бағаларының кестесіне келтіріледі және 1-7 шкалаларына сәйкестендіріледі. Оқушылардың жетістіктері бойынша есеп жасау кезінде МҰР шкаласы қазақстандық бағалау шкаласымен салыстырылады.

1-кесте Бағалау шкаласы

МҰР бойынша бағалау шкаласы	1	2	3	4	5	6	7
Дәстүрлі бағалау шкаласы	1	2	3	4	5		

Оқытудың әр кезеңінде бағалаудың өз міндеті бар және ол белгілі бір сипатқа ие.

Бастауыш мектепте бағалаудың негізіне оқу бағдарламаларындағы нақты белгілі бір оқу міндеттерін іске асыруға бағытталған білім алушылардың оқу әрекеттерін бағалау және әрбір білім алушының осы міндеттерге жету дәрежесін айқындау алынған.

Бағалау жүйесі өзара байланысқан үш саланы қамтиды: бағалау стратегиялары, деректерді жинақтау және талдау (құралдары) тәсілдері, оқу жетістіктері туралы ақпараттандыру тәсілдері. Бағалау стратегияларын таңдау жоспарлаудың негізгі кезеңдерінің бірі ретінде оқу міндеттерімен тікелей байланысты. Жоспарлаудың бірінші кезеңінде-ақ алға қойылған барлық мақсаттар мен міндеттерге жетудің дәрежесін өлшеу бойынша мұғалім мен білім алушылар әрекеттері ойластырылады.

Білім алушылардың оқу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау кезінде бағалаудың кең ауқымды стратегиялары мен формалары пайдаланылады (3-қосымша).

Бағалау тәсілдерінің арсеналы мұғалімнің бақылауы, жобаны, шығармашылық тапсырмаларды және т. б. орындауын бағалауы сияқты бағалау формаларымен толықтырылады.

Әрбір стратегия үшін қолданылатын бағалау құралдарының спектрі кеңейтілді.

Бағалау үдерісін жүзеге асыруда әр жұмыс түрі үшін бағалау критерийлерін (рубрикаларын) анықтау маңызды болып табылады. Білім алушылардың өздерінің бағалаудың құралдары мен критерийлерін құруға қатысқандары жөн.

Білім алушылардың жетістік деңгейлері анықталған:

- «тұрақты қолданады»;
- «дамытады»;

- «қалыптастырады»;
- «қалыптастыра бастады»;
- «әзірге айғақтар жоқ».

Білім алушылардың жетістіктерінің деңгейі туралы ақпарат беру ата-аналар, студенттер мен мұғалімдер, әріптестер мен одақтастардың мүдделерін қамтиды және біріктіреді; бағаланатын жерлерді көрсетеді; жан-жақты, адал, әділ болып табылады; барлық тараптар үшін айқын және түсінікті болады; оқытудың белгілі бір кезеңінде оқып-үйретілген материалдарды қамтиды; оқушы моделінің сипаттамалары аясында баланың дамуын көрсетеді.

Қатысушылар ретінде білім алушылар және мұғалімдер, мұғалімдер мен ата-аналар, білім алушылар, ата-аналар мен мұғалімдер бола алатын әртүрлі конференциялар ақпараттандырудың түрлері болып табылады.

Білім алушылар мен ата-аналардың кездесулері конференцияның дәстүрлі формасы болып табылады, онда білім алушылар ата-аналарына көрсеткісі келетін жұмыстарын өзхдері іріктейді, оның бұл жұмыс мұғалім жоғары бағаламаған жұмыс болуы да мүмкін. Оқушы өзі үшін неғұрлым маңызды жұмысты тандайды.

Ақпараттандыру жүйесінде ата-аналарға жазбаша есеп беру ерекше орын алады, онда білім алушының бағдарламаны меңгерудегі прогресі көрсетіледі.

Семестрлік есеп форматы бағдарламадағы әрбір білім беру міндеттерінің шеңберінде білім алушының жетістіктерінің деңгейін көрсетеді. Әрбір деңгейдің білім беру процесіне қатысушылардың барлығына түсінікті және айқын сипаттамасы бар.

Бағалаудың мұндай формасы терең, мазмұнды, пайдалы болып табылады.

Негізгі орта және жалпы орта мектептегі бағалау

Пәндер бойынша білім деңгейі (пәндік құзыреттілік деңгейі) ғана емес, сонымен бірге білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі де бағаланады.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі критерийлер жүйесіне негізделген, олардың арасында төмендегі критерийлер басым болып табылады:

- пәндік тілді меңгеру, негізгі фактілерді, тұжырымдамаларды, әдістерді және т.б. білу;
- білім ала білу және оны іс жүзінде қолдана білу: ақпаратты табу, талдау, интерпретациялау және ұсынылған міндеттерді шешу үшін адекватты қолдана білу;
- нақты білімдерді біртұтас әлем бейнесінің құрамдас бөлігі ретінде қабылдау;
- жеке және топтық іс-әрекеттерді ұйымдастырудың технологияларын меңгеру.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау олардың жетістіктерін алға қойылған критерийлермен салыстыру және оқыту процесінің бастапқы кезіндегі өздерінің жетістіктер деңгейімен салыстыру негізінде жүргізіледі. Әр білім саласы бойынша барлық критерийлердің толық тізбесі білім алушылар мен олардың ата-аналарына оқу жылының басында беріледі.

Бағдарлама бойынша (10-сынып) оқытуды аяқтағанда білім алушылардың жетістіктері деңгейін бағалау критерийлері ІВО мектептеріне ұсынылады, басқа барлық сыныптар үшін бағалаудың критерийлерін мектептердің өздері бейімдейді, осылайша әрбір оқу жылында бағдарлама бойынша білім беру мақсаттары мен міндеттері оларды кезең-кезеңімен шешуі үшін айқындалып, нақтыланады.

Қорытынды бағалау бағалау критерийлері қолдану арқылы жүзеге асырылады. Білім алушының орындаған жұмыстары оның пәндік портфолиосын құрайды. Білім алушының арнайы жетістіктер парағында семестр бойы орындаған барлық жұмыстарының нәтижесі көрсетіледі. Мұғалім қорытынды бағалау процесінде білім алушының әрбір критерийдің шеңберінде жеткен деңгейін анықтайды.

Қорытынды бағалау кезінде қорытынды бағаны ағымдағы бағаларды пайдалана отырып, қандай да бір математикалық операциялар арқылы, мысалы, орташа арифметикалық есеппен шығаруға болмайды. Ағымдағы баға нақты жұмыстың табыстылығын көрсететін көрсеткіш рөлін атқарады.

Осылайша, білім алушының білім деңгейін көрсететін әрбір бағаның жалпы сипаттамасы да, сондай-ақ оның транспәндік дағдыларды және құндылық-тұлғалық қарым-қатынастарды меңгеру дәрежесі де неғұрлым терең болады.

Бастауыш мектепке арналған Халықаралық Бакалавриат (IB PYP) бағдарламасы.

Бастауыш мектепте Қазақстан Республикасының Мемлекеттік білім беру стандартындағы озық оқыту аспектілерімен қоса Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының принциптері мен негіздері кіріктірілген оқыту бағдарламасы ұсынылады.

Бастауыш мектепке арналған Халықаралық Бакалавриат (IB PYP) бағдарламасы – Халықаралық Бакалавриат ұсынатын үш оқыту бағдарламаларының бірі. Бағдарлама 3 жастан 12 жасқа дейінгі оқушыларға арналады, баланы жан - жақты дамытуға, олардың әлеуметтік, физикалық, психологиялық, мәдени және академиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға айрықша мән береді.

Оқу бағдарламасының ерекшелігі ең үздік ұлттық және халықаралық тәжірибені қолдану, барлық білім алушылар үшін білім берудің перспективалық және сапалы жүйесін құру мақсатында еліміздің білім беру саласында халықаралық оқу бағдарламасы мен нормаларын енгізу және тарату болып табылады.

Халықаралық Бакалавриат бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін материалдарды мұқият академиялық зерделеу, жоғары стандарттар мен жоспарланған нәтижелерді орнату көзделеді.

Орта мектепте Халықаралық Бакалавриат бағдарламасындағы оқытудың тәсілдемелеріне қойылатын талаптар мен философиясының, ұлттық білім беру стандарттарының мазмұнды компоненттерін кіріктіру арқылы жаңа педагогикалық технологиялар және оқыту әдістемелері енгізілуде.

Негізгі және жоғары мектептің Жұмыстық оқу жоспары оқыту орыс тілінде жүргізілетін негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің Үлгілік оқу жоспарының негізінде құрастырылған.

ҚР МЖМБС және орта мектепке арналған Халықаралық Бакалавриаттың (IB МҮР) білім беру стандарттары мен практикасын кіріктіретін негізгі орта мектептің бағдарламасы 11-16 жастағы (6-10 сыныптар) білім алушыларға арналған.

Бұл халықаралық бағдарламаның мақсаты заманауи қоғам талаптарына сәйкес оқушылардың дағдыларын дамыту және білімдерін арттыру болып табылады. МҮР бағдарламасында үш іргелі тұжырымдама маңызды рөл атқарады: біртұтас оқыту, мәдениетаралық түсіністік және дамыған коммуникативтік дағдылар.

Халықаралық Бакалавриат мектептерден бағдарламаның әрбір кезеңінде пәндерді кең және теңгерімді таңдауын қамтамасыз етуді талап етеді. Әрбір пәндер тобы бойынша Халықаралық Бакалавриат шығарған оқу бағдарламасымен таныстыру бойынша нұсқаулықтарда тұжырымдамалар мен дағдылардың құрылымы көрсетілген. Оның қызметі МҮР мектептері арасында басшылық жасау, кеңес беру және жаһандық қауымдастық құру болып табылады. МҮР мектептері өз бағдарламаларын оқушылардың әрбір пәндік топтар бойынша алға қойған мақсаттарға жете алатындай етіп құрылымдауы тиіс. Мұны бағдарлама курсының соңында қорытынды бағалау барысында Халықаралық Бакалавриат растауы қажет.

Пәндік салалар мына пәндерді қамтиды:

- ✓ Тіл және әдебиет (мектептегі оқыту тілі немесе оқушылардың ана тілі) – ағылшын, орыс немесе қазақ тілі;
- ✓ В тілі (мектепте қосымша оқытылатын шет тілі) – ағылшын, орыс, қазақ, француз тілі
- ✓ Жаратылыстану пәндері – 6-8-сыныптарда жалпы пән ретінде, 9-10-сыныптарда жеке үш пән ретінде оқытылады;
- ✓ Математика;
- ✓ Дизайн;
- ✓ Гуманитарлық пәндер;
- ✓ Дене шынықтыру;
- ✓ Өнер – бейнелеу өнері, музыка және театр өнері.

МҮР бағдарламасындағы оқу пәндерінің мазмұны жаһандық мәнмәтін деп аталатын арнайы тақырыптар аясында ұйымдастырылады. Олар студенттерге (оқушыларға) шынайы әлем мен сыныпта оқытылатын материал арасындағы байланысты орнатуға көмектеседі.

МҮР бағдарламасындағы сабақ беру және оқыту тұжырымдамаларды мәнмәтінінде зерделеуді қамтиды. Жаһандық мәнмәтін тиімді мәнмәтіндік оқытудың жалпы платформасын қамтамасыз етеді. Олар сабақ беру және оқытудың нақты тәсілдемелерін қамтамасыз ететін ерекше параметрлерді, оқиғалар мен мән-жайларды анықтайды.

Жаһандық алты мәнмәтін адамзаттың болашағы туралы ойландырады және біздің ортақ ғаламшарымызға деген жауапкершілікті оятады. Олар 11-16 жастағы жасөспірімдерге алдында тұрған жергілікті, мемлекеттік және әлемдік проблемалар туралы, сондай-ақ күнделікті мәселелер туралы ой салады, ойландырады. Әрбір оқылатын тару үшін мұғалімдер мазмұнды оқыту мен білім беру үшін бір жаһандық мәнмәтінді анықтайды. Оқу процесінде студенттер барлық алты жаһандық мәнмәтінді зерттеулері тиіс, олар: Ұқсастық пен қарым-қатынас, Кеңістік пен уақытта бағдарлануы, Жеке тұлғаның өзін-өзі танытуы және мәдениет, Ғылыми және техникалық инновациялар, Жаһандану және тұрақты даму, Адалдық және даму.

Жаһандық мәнмәтін бойынша бағалау Жеке жоба көмегімен жүзеге асырылады, бұл – өз бетімен өзіндік жұмыс, МҮР бағдарламасының кульминациялық оқиғасы болып табылады. Жеке жоба студенттің МҮР бағдарламасын оқып-үйренуі, зерттеуі, яғни, өтуіне қарай Жаһандық мәнмәтіндерді түсінуін көрсетуге бағытталған, бұл өз кезегінде өз бетінше әрекет ететін тұлға ретінде студенттің дамуын көрсетеді. Студенттер жұмысты бастамас бұрын МҮР-дің бір немесе бірнеше мұғалімін қолдау кезінде жобаны жасайтын пән мен тақырыпты анықтайды. Студентке супервайзер тағайындалады, жобаны орындайтын барлық кезеңдерде ол студентке қолдау көрсетеді.

Жобаны дайындау оқытудың маңызды бөлігі болып табылады, өйткені бұл студент әрекетінің мәрелік өнімі болып табылады, сондықтан студент Жеке жобаны жасаудың барлық процесін кезең-кезең бойынша көрсетіп, тіркеу журналын жүргізеді.

Студенттердің Жеке жобасын бағалау үшін мектепте арнаулы бағалау ұстанымбелгілері қолданылады. Оған қоса, осы жобалар модерациялау үшін Халықаралық Бакалавриат ұйымына жіберіледі.

МҮР бағдарламасы бойынша екі типті бағалау жүзеге асырылады, олардың әрқайсысының өз қызметі бар:

Аралық бағалау студент үлгерімі деңгейі мен оқуының тиімділігін ұдайы бақылап отыруға, сондай-ақ оқушының мақсатқа бара жатқандағы жеткен кезеңін бақылап отыруға мүмкіндік береді. Осыдан кейін мұғалім оқыту әдістемесіне қажетті түзетулер енгізеді, ал оқушылар өздерінің оқу үлгерімін, білім деңгейін білуге, оның ішінде оқудағы ақтаңдақтарды да анықтауға мүмкіндік алады.

Аралық бағалаудың мақсаты әр оқушының үлгерім деңгейін анықтау және оны дамытуға ықпал ету. Бағалау бойынша жазбалар Оқушы Келбеті журналында жүзеге асырылады.

Қорытынды бағалау жыл бойы, әдетте әр тақырып соңында жүргізіледі. Қорытынды бағалаудың мақсаты – әр студенттің мақсаттарына сәйкес жетістіктерін көрсету. Бұл бағалау МҮР бағдарламасының нақты аспектілері бойынша оқушының қол жеткізген дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. МҮР бағдарламасы бойынша сабақ беретін мұғалімдер МҮР-дің барлық бағалау түрлері, аралық бағалауда да, қорытынды бағалауда да Халықаралық Бакалавриат орнықтырған ұстанымбелгілеріне сәйкес жүзеге асырады. Ұстанымбелгілер топтар мен олардың пәндері бойынша қойылған мақсаттарға сәйкес анықталады.

Қазіргі кезде сыртқы емтихандарды өткізу ресми түрде қарастырылмаған. Оның орнына Халықаралық Бакалавриат сыртқы модерациялау арқылы авторизацияланған мектептердің бағалау стандарттарын бекітеді.

Қазақ және орыс тілінде оқитын сынып студенттері арасында МҮР бағалауынан басқа, яғни қазақстандық стандарттарға сәйкес бағалау түрі жүргізіледі. Әр пән бойынша деңгейді анықтауға болатын арнаулы меже орнықтырылған, олар әр пән бойынша жетістіктер деңгейін анықтайды.

10-сыныпты аяқтаған соң студенттерге IBMYP сертификатын алуға, немесе сыртқы модерациялау арқылы Халықаралық Бакалавриат бекіткен МҮР бағдарламасы бойынша оқу курсынан өткендігін растайтын, әлемде ресми мойындалған Жетістіктер есебі беріледі. Жетістіктер есебі – студент нақты баға алған барлық модерациялық пәндер бойынша атқарған жұмыстарының нәтижесі болып табылады. Сертификат барлық орнықтырылған талаптарды орындаған студенттерге беріледі.

«Мирас» мектебінің әкімшілігі мен педагогикалық ұжымының пікірі бойынша «Мирас» мектебі «тиімді бағалау – үлгерім туралы ақпараттар мен есептерді берудің тәжірибелік жүйесін жасауға ықпал етеді, ол өз кезегінде ата-аналарды балаларының оқу процесіне қызығушылығын арттырады, өзіне тартады» деп санайды.

МҮР бағдарламасы әр пән тобы аясында оқушылардың түрлі дағдыларын дамыту дегенді білдіреді және осындай оқыту қадамынан бас тарту студенттерді тек емтихан тапсыруға ғана даярлау деген түсінікті тудырады. Дегенмен, әр тақырып (юнит) соңында және жыл соңында тест жұмыстары жүргізілетін болады және ол жалғасады. Бұл әдісті каталдық тұрғысынан кем түсетін әдіс деп айта алмаймыз. Керісінше. Мектеп қабырғасында жыл соңына қарай кешенді тестілеу жұмыстары ұдайы жүргізілетін болады. МҮР бағдарламасын аяқтаған соң студенттердің алдында Дипломдық Бағдарлама бойынша күрделі оқу курсынан өту қажет. Оқушылардың уақытты дұрыс та ұтымды пайдалануы аса маңызды, мысалы, өткен материалдарды қайталау, тест, емтихан тапсыру кезінде қиындықтарға кездеседі, осылардың бәрі оқып-білім алудағы сіңірген еңбектің зая кетпей, ақталғанын, лайықты қайтарымы болғанын талап етеді.

Республикамызда халықаралық стандарттар деңгейінде 20 «Назарбаев Зияткерлік мектептері» табысты жұмыс істеуде. Олардың тәжірибесі, сөзсіз, бүкіл қазақстандық білім беру жүйесіне таратылуы тиіс.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы – ғылыми, экономикалық және саяси салалардағы дарынды балаларды оқытуға арналған мемлекеттік зияткерлік мектептер желісі.

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде Қазақстанда уақыт, білім беру және тіл саясаты талаптарына «НЗМ» ДББҰ әзірлеген критериялды бағалау жүйесін енгізуді көздейтін жаңартылған білім мазмұнының үлгі сай келеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің тәжірибесі орта білімнің барлық деңгейлерінің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын әзірлеу кезінде ескерілді. Құндылықты - бағдарлық, әрекеттік, тұлғалық - бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер классикалық білім беру негіздері ретінде оқу

бағдарламаларының жаңа құрылымында көрініс тапқан оқу мақсаттары жүйесінің және білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын күшейту үшін пайдаланылды.

Қазіргі уақытта дайын білімді меңгеру және қорыту негізгі мақсат емес, ол адамның интеллектуалды дамуының көмекші құралдарының бірі болып қалды, ал қажетті ақпаратты өз бетімен табуға, проблемаларды анықтауға және оларды шешудің жолдарын табуға, алынған білімді сыни талдай алуға және оларды жаңа міндеттерді шешу үшін қолдана білуге үйрету білім мазмұнын жаңартудың нәтижесіне айналады.

Критериалды бағалау жүйесінің механизмі және құралдары

Бағалау жүйесі кері байланысты жүзеге асырудың және оқыту проблемаларын диагностикалаудың негізгі құралы болып табылады.

Білім берудің жаңа стандартын әзірлеу барысында білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесімен байланысты ғылыми және әдіснамалық проблемалардың бар екені анықталды.

Білім алушылардың жетістіктерін бағалау жүйесінің маңызды құралдарының бірі бола отырып, білім беру процесін одан әрі жетілдіру үшін бағалау жүйесі тиімді және әділетті болуы қажет.

Бағалаудың критериалды-бағытталған тәсілі негізінде білім алушылардың білім нәтижесін бақылау жүйесі мен бағалаудың сапасы бүгінгі күні өзекті болып табылады.

Критериалды бағалау жүйесі – білім алушылардың оқу жетістіктерін алдын ала белгілі критерийлерге сәйкес бағалау, білім алушылардың жеткен нақты нәтижелерін жоспарланған оқу мақсаттарына сәйкес дәрежесін орнату.

Критериалды бағалау жүйесінде білім алушының тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алушылардың жұмыстарымен емес, эталонымен (өте жақсы орындалған жұмыс үлгісімен) салыстырылады; эталон білім алушыларға алдын ала белгілі болады. Оқытып-үйреткенді ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрінісі.

Критериалды бағалау жүйесі шеңберінде бағалау 2 түрге бөлінеді: қалыптастырушы бағалау; жиынтық бағалау (бөлім, тоқсан, оқу жылының қорытындысы бойынша).

Қалыптастырушы бағалау бағалаудың әртүрлі формада (ауызша сауалнама, жазба жұмысы, тәжірибелік жұмыс, зертханалық жұмыс, жоба, тест және т. б.) жүзеге асырылады және жиынтық бағалау өткізгенге дейін мұғалім мен білім алушыға оқу процесін түзетуге, ықтимал болатын кемшіліктер мен жетіспеушіліктерді жоюға мүмкіндік береді. Тоқсан бойы жүргізіледі.

Қалыптастырушы бағалауда жұмысты ұйымдастырудың білім алушыға оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарына жету үшін көмек беруге мүмкіндік беретін жеке, жұптық және топтық формалары пайдаланылады.

Қалыптастырушы бағалау нәтижесінде мұғалім дер кезінде оқу процесін түзетеді, жиынтық бағалауды өткізгенге дейін білім алушылардың ықтимал кемшіліктер жояды.

Қалыптастырушы бағалауда білім алушылар пәндер бойынша жалпы білім беретін оқу бағдарламаларына сәйкес оқыту мақсаттарына жетеді.

Жиынтық бағалау бөлім/ортақ тақырып, тоқсан аяқталған кезде білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдыларының қалыптасуының кіріктірілген деңгейін анықтау үшін арналған.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, оқушыларға және ата-аналарға балл және баға қоя отырып, белгілі бір оқу кезеңінің соңында (тоқсан, оқу жылы) және оқу бағдарламаларының бөлімдерін/ортақ тақырыптарын игерудің соңында білім алушылардың прогрестері туралы ақпарат беру мақсатында жүргізіледі.

Бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасы мен оқу жоспарының негізінде әзірлейді. Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың спецификациясы негізінде әзірленеді. Спецификация тоқсандық жиынтық бағалаудың мазмұны мен құрылымын құрастыруға және оны барлық орта білім беру ұйымдарында өткізуге қойылатын талаптарды білдіреді. Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады: мақсаты, тоқсандық жиынтық бағалауға шолу, тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқаулар, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері, тапсырмалардың балл қою кестелері.

Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше әзірлейді немесе «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ әзірленіп, Жиынтық бағалаудың тапсырмалары бойынша әдістемелік нұсқаулықта ұсынылған тапсырмаларды пайдаланады. Мұғалім жиынтық жұмыстардың бірнеше нұсқасын пайдалана алады.

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша өткізіледі. Тыңдалым мен айтылымды бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақта жүргізіледі.

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мұғалімдер үшін әзірленген Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар бөлім/ортақ тақырып, тоқсан бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізудің тәсілдемелерін көрсетеді. Құжат мынадай ақпараттарды қамтиды:

- бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын әзірлеу бойынша ұсыныстар;
- бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың дескрипторлары мен баллдары бар тапсырмалар үлгілері;
- тапсырмаларды әзірлеу және процедураны өткізу үшін тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы;

- тапсырмалардың балл қою кестелерімен қоса тоқсандық бағалау тапсырмаларының үлгілері.

Бөлім/ортақ тақырып және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда тоқсандық және жылдық қорытынды баға қойылмайды. Бұл жағдайда білім алушы уақытша бағаланбаған болып есептеледі.

Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша бағаланбаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша беріледі.

Балдарды бағаға ауыстыру шкаласына сәйкес білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша балл түріндегі нәтижелері тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушылар мен ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық түрде ұсынылады.

1-сыныпта бірінші жартыжылдықтың оқу материалын меңгеру деңгейіне жиынтық бағалау жұмысы жүргізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3-ші, 4-тоқсандарда қойылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде 50% де 50% пайыздық қатынасында тоқсандық баға қойылады. Бұл білім алушы тоқсан үшін бағалаудың 50%-ын бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық жұмыстың нәтижесі бойынша алады, ал 50%-ын тоқсандық жиынтық жұмыстың нәтижесі бойынша алады дегенді білдіреді. Осы екі бөліктің сомасы тоқсандық қорытынды бағаны береді.

1-сыныпта жылдық баға 3-ші, 4-тоқсандардың қорытындысы бойынша бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық жұмыстың нәтижелері негізінде қойылады.

Жылдық бағаны есептеу үшін білім алушының бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалаудың және тоқсан жиынтық бағалаудың жалпы баллдары қосылады. Сонан кейін оқу жылының пайыздық арақатынасы (50%:50%) бойынша баллдардың пайыздық мазмұны анықталады. Баға электронды журналға енгізілген формула бойынша автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тоқсандық және жылдық бағалар қайта қарастырылмайды.

Білім алушыларды денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабағынан босату олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

Электрондық журналдың формасы білім алушылардың тоқсандар бойы (бөлімдер мен тоқсандар бойынша жиынтық бағалаудың баллдары) жетістіктерін енгізетін кесте түрінде берілген, сонымен қатар балдарды бағаларға ауыстыру (тек тоқсанның және оқу жылының қорытындысы бойынша) шкаласына сәйкес бағаларды автоматты түрде есептеу жүргізіледі.

Білім берудің барлық деңгейі бойынша әрбір оқу пәні үшін электрондық журналдың өз форматы әзірленген, онда әр тоқсанда өткізілетін жиынтық жұмыстардың саны көрсетілген.

2. Жиынтық бағалау рәсімі

Жиынтық бағалауды өткізудің тәртібі

Белгілі бір оқу кезеңінде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және тіркеу үшін жиынтық бағалау өткізіледі. Тіркеу процесінде оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес білім алушылардың көрсеткен білімдері мен дағдылары бойынша дәлелдерді жинақтау арқылы жүзеге асырылады. Жиынтық бағалау тоқсан бойында (тарау/ортақ тақырыптарға арналған жиынтық бағалау), тоқсан аяғында (тоқсанға арналған жиынтық бағалау) және білім беру деңгейін аяқтағаны бойынша өткізіледі

Жиынтық бағалауды өткізу мақсаты тарау/ортақ тақырыптарды аяқтаған соң білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпаратты және тоқсанға қойылған балл мен бағаларды мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға көрсетуге арналған. Жиынтық бағалау міндетті түрде барлық білім алушылардың орындауына арналған.

- Жиынтық бағалау жұмысының мазмұнына қойылатын міндетті талаптар - тарау/ортақ тақырыптарға және тоқсанға арналған тапсырмалар білім алушылардың өткен оқу бағдарламалық материалдарынан болуы қажет.

- Тарау/ортақ тақырыптарға арналған жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеуді мұғалім жүзеге асырады.

- мұғалімге жиынтық бағалау бойынша тапсырмаларды өз бетімен әзірлеу ұсынылады, алайда білім берудің барлық деңгейлері бойынша мұғалімдерге қолдану үшін тапсырмалардың үлгілері, әдістемелік материалдар ұсынылады.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары тоқсандық сипаттамалық жиынтық бағалау негізінде әзірленеді. Барлық орта білім беру ұйымдары үшін бірдей сипаттама жасалады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген [4] «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында барлық жиынтық бағалаудың тәртіптемесі жазылған (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығы).

Бағалау тәртіптемесінің барлық мүмкін болатын жағдайлары қарастырылған. Мысалы, тарау/ортақ тақырыптарға немесе тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуге арналған күні білім алушының себепті жағдаймен болмауы (ауру, жақын туыстарының қайтыс болуы, конференция, олимпиада және ғылыми жарыстарға қатысуы), онда білім алушы тоқсан бойынша жиынтық бағалауды ағымдағы тоқсанның аяғына дейін тапсыруы қажет, сонымен қатар, оған жиынтық бағалаудың қосымша тапсырмалар нұсқасын қолдануға рұқсат беріледі.

Жиынтық бағалауды тоқсан бойынша өткізу барысында ең маңызды тәртіптеме модерациясы бағалауды стандарттау болып табылады.

Модерация процесі білім алушылардың оқу нәтижесін бағалауда объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз етуі үшін қажет және бағалауды тоқсан

қорытындысы бойынша білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі немесе параллель топтағы мұғалім топтары өткізеді. Модерация тәртіптемесі баға қоюда мұғалімге қиындық келтірген білім алушылардың нәтижесін талдауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау нәтижесі бойынша балл/деңгей/баға туралы шешімді мұғалім бағалау критерііне сәйкес шығара алады. Объективті шешім шығаруда мұғалімге көмек көрсету үшін әрбір білім алушыға қатысты тарау/ортақ тақырыптардың жиынтық бағалау тапсырмаларына арналған дескрипторлар әзірленеді, тоқсандық жиынтық бағалау үшін балл қоюдың схемасы қолданылады.

Жиынтық бағалаудың нәтижесі бойынша алынған ақпарат жиынтық бағалауды және сол сияқты қалыптастырушы бағалауды жоспарлау, түзету, оқу процесіне талдау жасау үшін қолданылуы мүмкін.

Пән бойынша әдістемелік бірлестікке жаңа оқу жылына арналған кезеңдерін, әдіс-тәсілдерін, жиынтық бағалаудың барлық түрлері бойынша бақылау тапсырмаларын көрсетіп Жиынтық бағалау жоспарын құру ұсынылады. Тарау/ортақ тақырыптарға арналған жиынтық бағалау тарау немесе ортақ тақырыптардың аяқталуы бойынша немесе жоспар мен оқу бағдарламасына сәйкес өткізіледі. Аталған жиынтық бағалау нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсанға баға қояр кезде ескерілетін балл қойылады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлауда әуелі оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына шолу жасау керек, себебі бағалау олардың меңгерілуін тексереді.

Бағалаудың аталған рәсімдерін ұйымдастыру, жоспарлау кезінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста берілген тапсырмалар үлгілері бар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу:
 - жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;
 - бағалау құрылымы;
 - тапсырмалар саны;
 - тапсырмалар бойынша балдарды бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

Тапсырмалар әр түрлі болуы мүмкін: диктант, мазмұндама, эссе, тест, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде тоқсан басында білім алушылар мен олардың ата-аналарын хабардар ететін тоқсандық жиынтық бағалаудың кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп құрылады [4].

Тоқсандық жиынтық бағалау бір параллельде бірдей жағдайда өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайта орындауға (көшіруге) рұқсат етілмейді.

Тоқсандық жиынтық бағалау уақытында белгілі себептерге байланысты (ауруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада, ғылыми, спорттық жарыстарға және т.б. қатысуына байланысты) білім алушылар келмеген жағдайда оларға мектепке келген соң екі апта ішінде тапсыруға рұқсат етіледі, ол үшін жиынтық бағалаудың қосымша нұсқалары қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау материалдарын білім алушылар жұмысты орындағанға дейін қол жетпейтін орында сақтау қажет. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тапсырмаларды белгілі бір орында, белгілі қызметкерге ғана (мысалы, директордың орынбасары) мүмкіндік беріп сақтау ұсынылады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды әдетте мұғалімдер өткізетін болғандықтан, білім алушылар жиынтық бағалауды орындайтын кабинетте тек бір мұғалім ғана болады. Мүмкіндігінше кез келген бос мұғалімнің тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуді ұйымдастыруға, өткізуге мысалы, бақылаушы ретінде көмектесуі ұсынылады. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде мұғалімнің жиынтық бағалаудың өткізілуін үздіксіз қадағалауы маңызды және басқа әрекеттер жасамағаны дұрыс (мысалы, дәптер тексеру, компьютермен жұмыс жасау).

Тоқсандық жиынтық бағалау өткізілетін кабинеттерді мұғалімдер алдын ала дайындайды. Айналасы білім алушыларға таныс, күнделікті сабақ өтіп жүрген кабинеттері болуы ұсынылады. Кабинеттерді дайындау кезінде келесілерді ескеру қажет:

- білім алушылардың шуламай, жұмысты өз бетінше орындауына қолайлы болатындай етіп отырғызуды ойластыру;
- білім алушыларды басқа білім алушылардың жұмыстарын көре алмайтындай, тақта жаққа қарайтындай етіп отырғызу;
- білім алушыларда сұрақ немесе мәселе туындаған жағдайда парталардың арасы мұғалім мен бақылаушының еркін жүріп тұруына мүмкіндік беретіндей орналасуы тиіс;
- негізгі нұсқаулық пен уақыт жазылып тұратын болғандықтан тақта білім алушылардың алдында болғаны дұрыс;
- тапсырманы орындау барысында білім алушыларға көмегі тиюі мүмкін деген плакаттар, ақпараттық сипаттағы қабырға материалдарының алынып тасталуы немесе беті жабылуы тиіс.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуге дейін мұғалім білім алушылардың тапсырманы орындау барысында көмегі тиюі мүмкін тыйым салынған заттарды әкелмегеніне көз жеткізуі қажет. Білім алушылар өздерімен бірге тек тоқсандық жиынтық бағалау бойынша спецификацияда көрсетілген материалдарды, құралдарды және заттарды ғана әкелуіне болады. Тыйым салынған заттардың болу жағдайы ережені бұзушылық болып саналады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу туралы жан-жақты ақпарат тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықта берілген (1-қосымша).

Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы

Тоқсандық жиынтық бағалау жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысында берілген үлгідегі балл қою кестесіне сәйкес құрастырылады. Аталған кестеге сәйкес мұғалімдер балдарды қояды.

Мұғалім әр жауапқа қойылған балдардың, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс.

Бағалау нәтижелерін мұғалім, білім алушының оқудағы ілгерілеуін бағамдау үшін қолдануына болады. Ол үшін мұғалім нәтижелерді, кері байланысты білім алушыны оқуға ынталандыратындай түсінікті етіп, өзінің нәтижесі бойынша ойлануына мүмкіндік беру қажет.

Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді меңгергенін, қандай дағдыларды игергенін талдау үшін қолдануына болады. Сонымен бірге мұғалім үшін аталған ақпараттың келешекте қалыптастырушы бағалау кезінде оқу үдерісін жоспарлауға көмегі болуы мүмкін.

Жиынтық бағалау жұмысын дәптерге, параққа, жоба түрінде, физикалық жаттығулар және т.б. әзірлемелер түрінде орындауға болады.

Тілдік пәндер бойынша сөйлеу дағдыларын жиынтық бағалау тоқсанына екі рет өткізіледі: біріншісі бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсанға арналған жиынтық бағалау.

Сөйлеу дағдыларын жиынтық бағалауды жиынтық бағалау жоспарланған апта бойына сабақ барысында өткізуге болады.

Білім алушы себепті жағдаймен екі аптаға дейін болмаса (ауру, жақын туыстарының қайтыс болуы, конференция, олимпиада және ғылыми жарыстарға қатысуы) , онда білім алушы мектепке келген соң тарау/ортақ тақырыптарға немесе тоқсандық жиынтық бағалаудан екі аптаның ішінде тапсыруы тиіс , сонымен бірге ол жиынтық бағалаудың қосымша тапсырмалар нұсқасын қолдана алады.

Білім алушының себепті жағдаймен екі аптадан артық уақыт болмаған жағдайында (ауру, жақын туыстарының қайтыс болуы, конференция, олимпиада және ғылыми жарыстарға қатысуы), білім алушы мектеп құрған жеке график бойынша бағаланады. Сонымен бірге жиынтық бағалаудың қосымша тапсырмалар нұсқасын қолдана алады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды ұйымдастыру, жоспарлау бекітілген критериялды бағалауды өткізу тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста берілген:

- жаратылыстану-ғылыми пәндер – бөлім бойынша;
- әлеуметтік-гуманитарлық пәндер – ортақ тақырыптар бойынша;
- тілдік пәндер – сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша: тыңдалым мен айтылым, оқылым мен жазылым бойынша анықталады.

Оқу бағдарламасында көрсетілген оқу мақсаттары өтілген бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Бөлім немесе ортақ тақырыптардағы бағалауға жататын оқу мақсаттарының саны (2-кесте) пәндерге байланысты әр түрлі болуы мүмкін.

2-кесте. «Математика» пәні бойынша бөлімдер мысалы, 1-сынып

1-тоқсан-9 апта		
Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Бағдарламаның бөлімшелері	Мақсаттар саны
Сандар мен цифрлар	Натурал сандар және 0 саны. Бөлшектер	12
	Сандармен амалдарды орындау	
	Нүктелер координаттары және қозғалыс бағыты	
	Тізбектер	
	Математикалық тіл	
Геометриялық фигуралар	Жиындар және олармен орындалатын амалдар	4
	Геометриялық фигуралар	
	Геометриялық фигуралардың орналасуы	
Шамалар мен өлшемдер	Есептер және математикалық модель	4
	Шамалар және олардың өлшем бірліктері	
3 бөлім	10 бөлімше	20

Мысалы, математика бойынша 1-сыныптың ұзақ мерзімді жоспарында 1-тоқсанда 3 бөлім берілген: «Сандар мен цифрлар», «Геометриялық фигуралар», «Шама және өлшем бірліктері». Оқу мақсаттарының саны әр бөлімде әр түрлі: бірінші бөлімде – 12, екінші бөлімде – 4, үшінші бөлімде – 4. Сәйкесінше математикадан бөлім бойынша жиынтық бағалау 1-тоқсанда әр бөлімді меңгеруді аяқтаған кезде үш рет өткізіледі.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде мұғалім жиынтық бағалауға қатысты әдістемелік ұсыныста көрсетілген үлгілерді қолдануына болады. Одан басқа, мұғалімге келесі алгоритмдерге сәйкес өз бетінше бағалау құралдарын құрастыру ұсынылады (1-сурет):


1. оқу бағдарламасы, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша оқу мақсаттарын меңгеру;

2. жиынтық бағалауда тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау, ойлау дағдыларының деңгейлерімен сәйкестендіру;

3. ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес келетін тексерілетін критерийлердің, оқу мақсаттарының мазмұнын қамтитын бір немесе бірнеше тапсырмалар дайындау;

4. әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

5. білім алушыларға, олардың ата-аналарына жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну үшін бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауға рубрикалар құрастыру (бағалау критерийлерінің деңгейлерге сәйкестігін сипаттау).



1-сурет. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмаларын құрастыру алгоритмі

Осылайша мұғалім бөлім немесе ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауды жоспарлау кезінде оқу мақсаттарының негізгілерін көрсететін, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сәйкес екенін белгілейтін бағалау критерийлерін анықтайды. Мысалы, 1-сыныптағы математика бойынша «Геометриялық фигуралар» бөлімінде 4 оқу мақсаты берілген:

1. Жиындарды элементтерінің белгілері (нысандардың түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру және жіктеу;

2. Геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір-бірінен ажырату және атау;

3. Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру;

4. Жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру.

Жоғарыда аталған оқу мақсаттарының бағалау критерийлері 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. «Геометриялық фигуралар» бөліміндегі оқу мақсаттарына бағалау критерийлері бойынша мысал

Бөлім	Оқу бағдарламасы бойынша бөлімшелер	Оқу мақсаты	Бағалау критерийлері	Ойлау Дағдыларының деңгейлері
			Білім алушы:	
Геометриялық фигуралар	Жиындар және олармен орындалатын амалдар	Жиындарды элементтерінің белгілері (нысандарының түсі, пішіні, өлшемі, материалы, әрекеті) бойынша құру және жіктеу	Жиын элементтерін ортақ белгілерін анықтай отырып, біріктіреді (топтастырады)	Талдау
	Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі	Геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық, сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір-бірінен ажырату және атау	Геометриялық фигуралар: нүкте, түзу, қисық, сынық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды, кесінді, сәуле, бұрыштарды ажыратады және атайды	Білу және түсіну
		Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида, тікбұрышты параллелепипед) тану және қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру	Жазық фигураларды (үшбұрыш, дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш) және кеңістік фигураларды (куб, шар, цилиндр, конус, пирамида) таниды және атайды	Білу және түсіну
			Жазық және кеңістік фигураларды ажыратады	
			Фигураларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіреді	Қолдану
	Геометриялық фигураларды кескіндеу және салу	Жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастыру	Геометриялық фигураларды композицияның бөлігі ретінде құрастырады және атайды.	Қолдану

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау - бұл белгілі бір материалды меңгеруді аяқтаған кездегі оқу жетістігін бағалау.

Аталған бағалауды сабақ үстінде 15-20 минут уақытты алатындай мерзімде ұйымдастыру ұсынылады. Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың мысалы 4-кестеде берілген.

4-кесте. «Математика» пәнінен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың үлгісі, 1-сынып

<i>Бөлім/Тақырып:</i>	Теңдік және теңсіздік. Теңдеу
<i>Бөлімше:</i>	Теңдік және теңсіздік. Теңдеу Санды және әріпті өрнектер Есептер және математикалық модель
<i>Оқу мақсаты:</i>	Теңдік және теңсіздікті, теңдеуді, тура және тура емес теңдік пен теңсіздікті айыра білу. Әріптің берілген мәніндегі бір амалды әріпті өрнектің мәнін табу. Жақшасыз әріпті, санды өрнектерді салыстыру. Қосынды және қалдықты табуға берілген есептерді талдау және шығару, кері есеп құрастыру және шығару.
<i>Ойлау дағдыларының деңгейі:</i>	Білу және түсіну Қолдану Талдау
<i>Бағалау критерийі:</i>	Теңдік, теңсіздікті, теңдеуді ажыратады. Тура және тура емес теңдіктерді анықтайды. Берілген мәні бар әріпті өрнектің мәнін табады. Санды және әріпті өрнектерді салыстырады. Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығарады.
<i>Орындау мерзімі</i>	20 минут
<i>Тапсырма</i>	

1. Теңдеу, теңдік және теңсіздікті бағдаршамның түсіне сәйкестендіріп бояңыз.



$$90-30=60$$

$$0+17<20$$

$$X+10=60$$

2. Бос орынға теңдіктердің біреуі тура, ал екіншісі тура емес болатындай етіп тиісті санды жазыңыз.

Тура	Тура емес
$40 - \square = 20$	$20 - \square = 10$

3. $c = 4$ деп алып, өрнектердің мәнін табыңыз.

$$c - 3$$

$$c + 6$$

4. Өрнектерді салыстырыңыз.

$$4 + c \square 6 + c$$

$$10 - a \square 6 - a$$

$$10 - 6 \square 4 + 2$$

5. Есепті шығарыңыз.

Ешкінің 7 лағы бар еді. Олардың 5-уі серуендеп кетті. Үйде неше лақ қалды?



Бағалау критерийлері	Дескрипторлар	Балл
	Білім алушы	
Теңдік, теңсіздікті, теңдеуді ажыратады	теңдеулерді қызыл түспен бояйды;	1
	теңдіктерді сары түспен бояйды;	1
	теңсіздіктерді жасыл түспен бояйды;	1
Тура және тура емес теңдіктерді анықтайды	тиісті санды жазып, тура теңдік шығарады;	1
	тиісті санды жазып, тура емес теңдік шығарады;	1
Берілген мәні бар әріпті өрнектің мәнін табады	берілген мәні бар айырманың мәнін табады;	1
	берілген мәні бар қосындының мәнін табады;	1
Санды және әріпті өрнектерді салыстырады	қосындыға берілген әріпті өрнектерді салыстырады;	1
	айырмаға берілген әріпті өрнектерді салыстырады;	1
	бір амалмен берілген санды өрнектерді салыстырады;	1
Санды және әріпті өрнектерді салыстырады	есептің қысқаша шартын жазады немесе сызбасын сызады;	1
	есептің сұрағын жазады;	1
	есептің шешуін жазады (амал таңбасын таңдайды);	1
	өрнектің мәнін табады–есептің шешуі;	1
	есептің жауабын жазады.	1
Барлық балл		15

Бағалауды стандарттау мақсатында мұғалімдер білім алушылардың тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстарының нәтижелерін талқылауы үшін модерация белгіленген. Модерацияны өткізу үшін параллель сыныпта сабақ беретін мұғалімдердің ішінен комиссия құрылады. Олар белгілі бір пән бойынша балл қою кестесіне қатысты бірыңғай түсінікті қамтамасыз ету үшін алдын ала бағаланған жұмыстарды талқылайды. Модерация төрағасы әдістемелік бірлестіктің жетекшісі, одан басқа кез келген пән мұғалімі бола алады.

Мұғалім мұнда тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің модерация қорытындысы бойынша жоғары сондай-ақ, төмен деңгейге қарай өзгеруі мүмкін екенін ескеруі қажет.

Мұғалімдердің модерация кезіндегі әрекеті

Тоқсандық жиынтық бағалауды модерациялау үдерісі белгілі бір тәртіппен жүргізіледі.

Мұғалім модерацияға дейін:

- білім алушылардың жиынтық бағалау жұмыстарын балл қою кестесіне сәйкес бағалайды. Балдар қарындашпен қойылады;
- жиынтық бағалау жұмысы үлгілерін (максималды, минималды балдармен; бағалауда қиындық тудыратын жұмыстарды) іріктеп алады;
- жеке мәліметтерді шифрлейді, білім алушылардың жұмыстарының көшірмелерін дайындайды.

Модерация кезінде:

- жұмыс қорытындысын ұжымда талқылайды, барлық балдардың балл қою кестесіне сәйкес қойылғанына көз жеткізеді;
- қажет болған жағдайда нәтижелерге немесе балл қою кестесіне өзгерістер енгізеді;
- отырыс хаттамасына қол қояды.

Модерациядан кейін:

- модерацияны ескере отырып, білім алушылардың жұмыстарын қайта қарайды, жоғарылату немесе төмендету жағына қарай балдарды өзгертуі де мүмкін;
- соңғы нақты балдар қаламмен қойылады;
- соңғы нақты балдарды электрондық журналға қояды.

Модерацияны ойдағыдай жүргізу үшін қажетті жағдайлар: ынтымақтастық мәдениеті, ашық және анық коммуникация, сындарлы (конструктивті) кері байланыс және ұжымдағы кәсіби қолдау болып табылады.

3. Бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша қорытынды жиынтық жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар

Білім алушыларды бағалау жүйесі, тек білім алушылардың жетістігін өлшеудің тиімді құралы ғана емес, сонымен қатар, білім беру сапасын арттырудың да тиімді құралы болып табылады. Бағалау – бұл сонымен қатар, мемлекет пен мектеп, мұғалім мен білім алушы, мектеп пен ата-ана арасындағы өзара әрекеттестік үрдісін көрсетеді. Бағалау жүйесі білім беру үрдісінің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келген жағдайда ғана, оның сапасын арттырудың тиімді механизмі болып табылады. Бағалау – әрі қарайғы білім алу бойынша шешім қабылдау мақсатында, білім беру нәтижесін жүйелі қосуға бағытталған қызметті білдіретін ұғым.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы

Мұғалімге бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелеріне талдау жүргізу ұсынылады. Аталған талдау білім алушыларға кері байланыс беруге, сыныптың оқу жетістігі деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа мұғалім қажет болған жағдайда қалыптастырушы, жиынтық бағалау рәсімдерінің алдағы уақыттағы әдістерін, тапсырмаларды, сабақ жоспарларын қайта қарауына болады.

Білім алушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің жалпы сипаты 5-кестеде көрсетілген.

5-кесте. Білім алушылардың оқу деңгейлерінің сипаты

Деңгейлер	Сипаты
Төмен деңгей	• пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша қарапайым білімін және түсінігін көрсетеді; • жай тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқаулықтарға сай орындау рәсімдеріне ілеседі; • ақпаратты ұсынудың әр түрлі формаларының (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде жай қорытынды қалыптастырады; • жай тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады.
Орта деңгей	• пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша жеткілікті білімін және түсінігін көрсетеді; • әдеттегі тапсырмаларды орындайды, таныс және кейбір таныс емес жағдайларда білімін сәтті түрде қолданады; • ақпаратты жалпылайды және ішінара негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты аргументтерді келтіре алады; • әдеттегі тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің стандартты жолдарын ұсынады және қолданады; • тапсырмалардың бекітілген жиынын шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді.
Жоғары деңгей	• пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімін және түсінігін көрсетеді; • қиын тапсырмаларды орындайды және кең өрістегі жағдайларда білімін

	сәтті түрде қолданады; • әр түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты жалпылайды және толық негіздей отырып қорытынды жасайды, алынған нәтижелерге қатысты логикалық бірізді аргументтерді келтіре алады; • қиын тапсырмалардағы үлгілерді ажыратады, шешудің баламалы және стандартты емес жолдарын ұсынады және қолданады; • тапсырмалардың кең өрісін шешу үшін оқу бағдарламасының басқа өрістерінен білімін, дағдыларын кіріктіреді, әр түрлі стратегияларды қолданады, алынған нәтижелердің маңыздылығын және негізділігін бағалайды.
--	---

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалауда орындалған жұмыстардың нәтижелері білім алушыларға түсінікті болып, одан әрі оқуға ынталандыруы қажет. Кері байланыс білім алушылардың оқу жетістігінің жеткен деңгейі туралы ақпараттардан тұруы керек.

Аталған ақпарат рубрика түрінде беріледі (2-қосымша).

Рубрика бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімі үшін құрастырылады, ол әр критерий аясындағы оқу жетістігі деңгейін көрсетеді. Жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысының бөлім/ ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілерінде құрастырылған рубрикалар көрсетілген.

Білім алушыларды бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерімен таныстыру кезінде білім алушылардың жұмыстары, олардың рубрикада белгіленген оқу жетістігі деңгейлерін қоса ұсыну қажет. Рубрикалар үлгілері 2-суретте берілген.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрикалар)

Білім алушының аты-жөні	Асқар ТМ		Пән Сынып	Математика 1	
Тоқсан 3	«Теңдік және теңсіздік. Теңдеу» бөлімі бойынша жиынтық бағалау				
Бағалау критерийлері	Оқу жетістігінің деңгейі				
	Төмен		Орта		Жоғары
Теңдік, теңсіздік, теңдеуді ажыратады	Теңдік, теңсіздік, теңдеулердің айырмашылықтарын ажыратуда қиналады	Теңдік, теңсіздік, теңдеулердің айырмашылықтарын ажыратуда қателеседі	✓	Теңдік, теңсіздік, теңдеулерді дұрыс ажыратады	
Тура және тура емес теңдіктерді анықтайды	Тура және тура емес теңдіктерді анықтауда қиналады.	Тура теңдіктерді / тура емес теңдіктерді анықтауда қателеседі	✓	Тура және тура емес теңдікті дұрыс анықтайды.	
Берілген мәні бар өріпті өрнектің мәнін табады	Өріпті өрнектердің мәнін шығаруда қиналады	Өріпті өрнектердің мәнін мәнін шығаруда қателеседі		Өріпті өрнектердің мәнін дұрыс шығарады	✓
Санды және өріпті өрнектерді салыстырады	Санды және өріпті өрнектерді салыстыруда қиналады	Санды/ өріпті өрнектерді салыстыруда қателеседі		Санды және өріпті өрнектерді дұрыс салыстырады	✓
Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығарады	Қосындыны және қалдықты табуға берілген есептерді шығаруда қиналады	Есептің қысқаша шартын жазуда/ есептің сұрағын анықтауда/ есептің шешуін жазуда/ жауабын жазуда қателеседі		Есептің шартын толық жазады және шешуін дұрыс шығарады	
Мұғалімнің қосымша пікірлері:	Деңгейі-орта (15-тен 11 балл, 73% сәйкес) Жарайсың, өріпті өрнектермен берілген тапсырманы жазады, өрнек дұрыс шығарып, дұрыс есептегенсің. Асқардың: - теңсіздіктің не екенін; - тура емес теңдіктерді білмей анықтауға болатынын; - есептің шартын анықтауды (қысқаша шартын жазу, есептің сұрағын жазу) білмейтіндігін білген.				

Мұғалімнің аты-жөні: Оспанова Г.Г.

2-сурет. Математикадан бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижесінің рубрикалар үлгісі

Рубрика әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау рәсімдеріне құрастырылады, әр критерий аясындағы оқу жетістігінің деңгейлерін көрсетеді. 2-суретте көрсетілгендей, мұғалім рубрикада орташа деңгейді сипаттап жазу кезінде тапсырмадағы білім алушы қателік жіберген нақты сол элементті атап көрсетуі қажет.

Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсыныста бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалар үлгілеріне рубрикалар құрастырылып, ұсынылған.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың үдерісі

Тоқсандық жиынтық бағалау оқу бағдарламасы мазмұнындағы білім, дағды және түсінуге қатысты дәлелдеулерді ұсынады, тоқсандағы оқу барысының ілгерілеуін өлшейді. Тоқсандық жиынтық бағалау тоқсан соңында өткізіледі, онда тоқсандық баға қою кезінде есепке алынатын балдар қойылады.

Тоқсандық жиынтық бағалауда бақылау-тексеру жұмыстарын әр түрлі өткізу қарастырылады. Жиынтық бағалау жұмыстарын құрастыру кезінде ойлау дағдыларының деңгейлерін, жетістігін көрсетуін, ойлау деңгейлерінің талдау, синтез және бағалау сияқты жоғарғы сатыларымен қоса әр түрлі тапсырмалардан тұруын есепке алу қажет.

Оқу жылында әдістемелік бірлестіктер құрастырған жиынтық бағалаудың жоспарында тоқсандық жиынтық бағалаудың рәсімдері көрсетілуі керек (Жиынтық бағалау үдерісі бөлімін қараңыз).

Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлау және ұйымдастыру.

Тоқсандық жиынтық бағалауды жоспарлауда әуелі оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарына шолу жасау керек, себебі бағалау олардың меңгерілуін тексереді.

Бағалаудың аталған рәсімдерін ұйымдастыру, жоспарлау кезінде жиынтық бағалауға арналған әдістемелік ұсыныста берілген тапсырмалар үлгілері бар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы мазмұнын, құрылымын анықтайтын келесі ақпараттардан тұрады:

- тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты;
- тоқсандық жиынтық бағалауға шолу;
- жиынтық жұмыстардың ұзақтығы;
- бағалау құрылымы;
- тапсырмалар саны;
- тапсырмалар бойынша балдарды бөлу;
- тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша нұсқау;
- тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері;
- тапсырмалардың балл қою кестелері.

Әр мектептің ұсынылған үлгілерді қолдануына немесе өз бетінше тапсырмалар құрастыруына мүмкіндігі бар. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру спецификацияға сәйкес бір параллельдегі барлық сыныптарда бірыңғай талаптар негізінде жүзеге асырылады.

Тапсырмалар әр түрлі болуы мүмкін: диктант, мазмұндама, эссе, тест, зертханалық жұмыстар, бақылау жұмыстары, жобалар және т.б.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде тоқсан басында білім алушылар мен олардың ата-аналарын хабардар ететін тоқсандық жиынтық бағалаудың кестесі мектеп директорының бұйрығымен бекітіліп құрылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау бір параллельде бірдей жағдайда өткізіледі. Тоқсандық жиынтық бағалауды қайта орындауға (көшіруге) рұқсат етілмейді.

Тоқсандық жиынтық бағалау уақытында белгілі себептерге байланысты (ауруына, жақын туыстарының қазасына, конференция, олимпиада, ғылыми, спорттық жарыстарға және т.б. қатысуына байланысты) білім алушылар келмеген жағдайда оларға мектепке келген соң екі апта ішінде тапсыруға рұқсат етіледі, ол үшін жиынтық бағалаудың қосымша нұсқалары қолданылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау материалдарын білім алушылар жұмысты орындағанға дейін қол жетпейтін орында сақтау қажет. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тапсырмаларды белгілі бір орында, белгілі қызметкерге ғана (мысалы, директордың орынбасары) мүмкіндік беріп сақтау ұсынылады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды әдетте мұғалімдер өткізетін болғандықтан, білім алушылар жиынтық бағалауды орындайтын кабинетте тек бір мұғалім ғана болады. Мүмкіндігінше кез келген бос мұғалімнің тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуді ұйымдастыруға, өткізуге мысалы, бақылаушы ретінде көмектесуі ұсынылады. Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу кезінде мұғалімнің жиынтық бағалаудың өткізілуін үздіксіз қадағалауы маңызды және басқа әрекеттер жасамағаны дұрыс (мысалы, дәптер тексеру, компьютермен жұмыс жасау).

Тоқсандық жиынтық бағалау өткізілетін кабинеттерді мұғалімдер алдын ала дайындайды. Айналасы білім алушыларға таныс, күнделікті сабақ өтіп жүрген кабинеттері болуы ұсынылады. Кабинеттерді дайындау кезінде келесілерді ескеру қажет:

- білім алушылардың шуламай, жұмысты өз бетінше орындауына қолайлы болатындай етіп отырғызуды ойластыру;
- білім алушыларды басқа білім алушылардың жұмыстарын көре алмайтындай, тақта жаққа қарайтындай етіп отырғызу;
- білім алушыларда сұрақ немесе мәселе туындаған жағдайда парталардың арасы мұғалім мен бақылаушының еркін жүріп тұруына мүмкіндік беретіндей орналасуы тиіс;
- негізгі нұсқаулық пен уақыт жазылып тұратын болғандықтан тақта білім алушылардың алдында болғаны дұрыс;
- тапсырманы орындау барысында білім алушыларға көмегі тиюі мүмкін деген плакаттар, ақпараттық сипаттағы қабырға материалдарының алынып тасталуы немесе беті жабылуы тиіс.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізуге дейін мұғалім білім алушылардың тапсырманы орындау барысында көмегі тиюі мүмкін тыйым салынған заттарды әкелмегеніне көз жеткізуі қажет. Білім алушылар өздерімен бірге тек тоқсандық жиынтық бағалау бойынша спецификацияда көрсетілген материалдарды, құралдарды және заттарды ғана әкелуіне болады. Тыйым салынған заттардың болу жағдайы ережені бұзушылық болып саналады.

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу туралы жан-жақты ақпарат тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулықта берілген (1-қосымша).

Тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің талдауы

Тоқсандық жиынтық бағалау жиынтық бағалаудың әдістемелік ұсынысында берілген үлгідегі балл қою кестесіне сәйкес құрастырылады. Аталған кестеге сәйкес мұғалімдер балдарды қояды.

Мұғалім әр жауапқа қойылған балдардың, нәтижелердің дұрыс жазылғанына көз жеткізуі тиіс.

Бағалау нәтижелерін мұғалім, білім алушының оқудағы ілгерілеуін бағамдау үшін қолдануына болады. Ол үшін мұғалім нәтижелерді, кері байланысты білім алушыны оқуға ынталандыратындай түсінікті етіп, өзінің нәтижесі бойынша ойлануына мүмкіндік беру қажет.

Мұғалім тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын қаншалықты тиімді меңгергенін, қандай дағдыларды игергенін талдау үшін қолдануына болады. Сонымен бірге мұғалім үшін аталған ақпараттың келешекте қалыптастырушы бағалау кезінде оқу үдерісін жоспарлауға көмегі болуы мүмкін.

Білім алушы портфолиосы

Білім алушылардың ілгерілеуін қадағалау мақсатында мұғалімдер оқытудың белгілі бір кезеңінде орындалған жұмыстарды сақтауы қажет. Білім алушылардың портфолиосы бағалау нәтижелерінің анықтығы мен дәлдігін арттыруға бағытталған. Портфолио – білім алушылардың мақсатты түрде жинақтаған, олардың оқудағы нәтижесін, ілгерілеуін, белгілі бір оқу жылындағы бір немесе бірнеше пәндер бойынша жетістіктерін көрсететін жұмыстары. Портфолио бір оқу жылына арнап құрылады. Оқу жылы аяқталған соң, оны білім алушыларға, ата-аналарға беру керек.

Портфолиода білім алушылардың бағалау критерийлері бар бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кезінде орындаған жұмыстары, балл қою кестелері, білім алушылардың рефлексиялары, мұғалімнің ұсыныстары көрсетілген кері байланыстары болуы қажет.

Оның ішінде білім алушылардың жұмыс дәптерлері, салған суреттері, тәжірибелік тапсырмаларды орындау кезіндегі фотолары, зерттеу жұмыстарының

қорытындылары, мұғалімнің жұмыстарға берген пікірлері болуы да мүмкін. Білім алушылардың кейбір жұмыстарын электрондық нұсқада сақтауға да болады.

Білім алушы портфолиосына ұсынылған құрылым:

- Титул беті;
- Пән бойынша бөлгіштер;
- Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша, тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары, мысалы: бағалау критерийлері, балл қою кестесімен жазба жұмыстары, таныстырылымдар, бақылау жұмыстары, эссе, т.б.;
- Білім алушылардың оқу жетістігі деңгейін көрсететін күнделікті сабақ үдерісінде орындаған жұмыстары;
- Мұғалімнің кері байланысы, пікірлері, ұсыныстары;
- Білім алушының рефлексиясы.

Портфолионың формасы білім алушылардың жас ерекшелігіне, пәнге байланысты. Мысалы, АКТ, информатика бойынша портфолио электрондық үлгіде болуы мүмкін (электрондық портфолио), ол электрондық тасымалдаушы құралда сақталады (дискіде).

Баға қою механизмі

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері *электрондық нәтижелерді тіркеу журналында* тіркеледі. Барлық балдар, бағалардың есебі электрондық журналда автоматты түрде жүзеге асырылады.

Білім алушылардың бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерін қою электрондық журналда оқыту тәжірибесін жетілдіру, талдау үшін қолданылатын балдар, бағалар туралы ақпараттарды көрсетеді.

Жиынтық бағалаудың нәтижелері білім алушыларға, ата-аналарға тоқсан барысында, тоқсанның соңында беріледі (6-кесте).

6-кесте. Нәтижелерді тіркеу

<i>Білім алушыларға қойылады:</i>	<i>Сипаты</i>
Әр бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың балы	Жинақталған балдар саны мен оқу жетістігі деңгейлері (жоғары, орта, төмен)
Тоқсандық жиынтық бағалаудың балы	Тоқсандық жиынтық бағалау спецификациясына сәйкес жинақталған балдар саны
Тоқсандық баға	Балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес белгілі пайыздық арақатынастағы барлық тоқсандық жиынтық бағалаулардың балл саны. Білім алушылар тоқсандық бағаны 50% бөлім/ортақ тақырыптардың қорытындысы бойынша, 50% тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы бойынша жинайды

Жылдық баға	Барлық тоқсандардағы максималды мүмкін балдарға қатысты жинақталған балдар санының пайыздық арақатынасы балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес
-------------	---

Тоқсан соңында бағалаудың барлық нәтижелері 1-ден 5-ке дейінгі бірыңғай балды бағаға ауыстыру шәкілі негізінде есептеледі, бұл бағалаудың ашықтығын, салыстырымдылығын, білім беру үдерісіне қатысушылардың бірдей түсінігін қамтамасыз етеді (7-кесте).

7-кесте. Балды бағаға ауыстыру шәкілі

<i>Балдың пайыздық мазмұны</i>	<i>Баға көрсеткіші</i>	<i>Баға</i>
0	Бағаланбады	«1»
1%-20%	Қанағаттанғысыз	«2»
21%-50%	Қанағаттанарлық	«3»
51%-80%	Жақсы	«4»
81%-100%	Өте жақсы	«5»

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл қою

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың әр рәсімінің қорытындысы негізінде білім алушылар оқу жетістігі деңгейіне сәйкес максималды жинақталған балл саны түріндегі қорытынды нәтижеге қол жеткізеді. Өз кезегінде оқу жетістігінің деңгейі болашақ тоқсандық бағаны болжаудың көрсеткіші қызметін атқаруы да мүмкін (8-кесте).

8-кесте. Оқу жетістігі деңгейлеріне сәйкес балдың пайыздық мазмұны

<i>Оқу жетістігі деңгейлері</i>	<i>Балдың пайыздық мазмұны</i>	<i>Болжам баға</i>
Жоғары	81%-100%	«5» деген бағаға сәйкес
Орта	21%-80%	«3 – 4» деген бағаларға сәйкес
Төмен	0-20%	«1 – 2» деген бағаларға сәйкес

Төменде «Математика» пәні бойынша 1-сынып білім алушыларының 3-тоқсандағы бөлім бойынша жиынтық бағалау нәтижелері мысал түрінде берілген.

9-кесте. Білім алушыны жиынтық бағалаудың қорытындысы

<i>№</i>	<i>Бөлім бойынша жиынтық бағалау (ЖБ)</i>	<i>Білім алушылардың балы</i>	<i>Максималды балл</i>	<i>Оқу жетістігі деңгейі</i>	<i>Болжам баға</i>
1	1-бөлім бойынша ЖБ	8	12	Орта (66%)	3-4

2	2-бөлім бойынша ЖБ	5	10	Орта (50%)	3-4
3	3-бөлім бойынша ЖБ	10	12	Жоғары (83%)	5

Тоқсандық баға қою

1-сыныпта 1-жартыжылдықта жиынтық бағалау өткізілмейді. Тоқсандық бағалар тек 3 және 4-тоқсандарда қойылады.

Тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы есебінен жинақталады.

2-4-сыныптарда тоқсандық бағалар бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысы арқылы жинақталады.

Тоқсандық бағаны қою үшін бөлім/ортақ тақырыптар, тоқсандық жиынтық бағалау қорытындысының белгілі пайыздық арақатынасы пайдаланылады:

– тоқсандық бағаның 50% бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау қорытындысы арқылы қалыптасады;

– тоқсандық бағаның 50% тоқсандық жиынтық бағалаудың қорытындысы бойынша қалыптасады (10-кесте).

10-кесте Жиынтық бағалаудың пайыздық үлес салмағы

<i>Жиынтық бағалау (ЖБ)</i>	<i>Үлес салмағы</i>
Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша ЖБ	50%
Тоқсандық ЖБ	50%
<i>Тоқсандық баға</i>	<i>100%</i>

Төменде «Математика» пәні бойынша 1-сынып білім алушыларының 3-тоқсан бағаларының есебі мысал түрінде берілген.

«Математика» пәні бойынша 1-сынып білім алушыларының 3-тоқсанның, бөлімнің жиынтық бағалауы бойынша нәтижелері 11-кестеде көрсетілген.

11-кесте. Білім алушылардың жиынтық бағалауларын қою

<i>№</i>	<i>Жиынтық бағалау (ЖБ)</i>	<i>Білім алушылар балы</i>	<i>Максимал-ды балл</i>	<i>Оқу жетісті -гі деңгейі</i>	<i>Бол-жам баға</i>	<i>Арақатына-сы, %</i>	<i>Балдың пайыз-дық маз-мұны</i>
1	1-бөлім бойынша ЖБ	8	12		3-4	50%	33,8%
2	2-бөлім бойынша ЖБ	5	10		3-4		
3	3-бөлім бойынша	10	12		5		

	ЖБ						
4	Тоқсандық ЖБ	15	20		-	50%	37,5%
<i>Барлығы:</i>							71,3

Тоқсандық баға есебі келесі формулада жүргізіледі:

$$\text{Тоқсандық баға} = \left(\frac{\text{Бөлім бойынша ЖБ нақты балл жиынтығы}}{\text{Бөлім бойынша ЖБ максималды балл жиынтығы}} * 50\% \right) + \left(\frac{\text{Тоқсандық ЖБ нақты балы}}{\text{Тоқсандық ЖБ макс. балы}} * 50\% \right)$$

Тоқсандық бағаны есептеу үшін бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаудағы балдың пайыздық мазмұны жинақталады.

$$33,8\% + 37,5\% = 71,3\%$$

Балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша баға білім алушының тоқсандық бағасымен анықталады.

<i>Баға</i>	<i>Балдардың пайыздық мазмұны</i>
«1»	0
«2»	1%-20%
«3»	21%-50%
«4»	51%-80%
«5»	81%-100%

Аталған шәкілге сәйкес **71,3 %**, **баға «4-ке»** сәйкес.

«Математика» пәні бойынша білім алушының 3-тоқсандағы бағасы – «4».

Жылдық баға қою

Білім алушының пән бойынша жылдық бағасы барлық төрт тоқсанның нәтижелерінен құралады (1-сыныптағы 3,4-тоқсандар).

Төменде 2-сыныптың «Математика» пәні бойынша білім алушының жылдық бағасын есептеу бойынша мысал келтірілген (13-кесте).

13-кесте. 2-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім алушылардың 1-4-тоқсандардағы нәтижесі

<i>Жиынтық бағалау (ЖБ)</i>	<i>1-тоқсан</i>	<i>2-тоқсан</i>	<i>3-тоқсан</i>	<i>4-тоқсан</i>	<i>Балдың жалпы саны</i>	<i>Арақатынасы, %</i>	<i>Оқу жылы бойынша балдардың пайыздық мазмұны</i>
Бөлім бойынша ЖБ	34-тен 23	30-дан 20	25-тен 21	20-дан 18	109-дан 82	50%	37,6%
Тоқсандық	34-тен	20-дан	20-дан	20-дан	80-нен 68	50%	42,5%

ЖБ	23	15	19	16			
Барлығы:							80,1 %

Жылдық баға есебі келесі формулада жүргізіледі:

$$\text{Жылдық баға} = \left(\frac{\text{Бөлім бойынша ЖБ нақты балл жиынтығы (1 - 4 т.)}}{\text{Бөлім бойынша ЖБ максималды балл жиынтығы (1 - 4 т.)}} * 50\% \right) + \left(\frac{1 - 4 \text{ тоқсанның ЖБ нақты балы}}{1 - 4 \text{ тоқсанның ЖБ макс балы}} * 50\% \right)$$

Жылдық баға есебі үшін білім алушының бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық жиынтық бағалаудағы жалпы саны есептеледі. Бұдан соң оқу жылындағы балдың пайыздық мазмұны (50%:50%) пайыздық арақатынаспен анықталады.

Оқу жылындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша және тоқсандық балдың пайыздық мазмұны жинақталады, балды бағаға ауыстыру шәкілі арқылы ауыстырылады.

$$37,6\% + 42,5\% = 80,1\% \text{ (14-кесте)}$$

14-кесте Балды бағаға ауыстыру шәкілі

Баға	Балдардың пайыздық мазмұны
«1»	0
«2»	1%-20%
«3»	21%-50%
«4»	51%-80%
«5»	81%-100%

80,1 % балды бағаға ауыстыру шәкіліне сәйкес – бұл **баға «4»**.

2-сыныптағы «Математика» пәні бойынша білім алушының жылдық бағасы – «4».

Қазақстан Республикасының «2007 жылғы 27 шілдедегі Білім беру туралы заңының» № 319-III 3-бабының, 3-тармағында «Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары инклюзивті білім беруді есепке ала отырып жасалынатындығ жазылған» (№ 398-V13.11.2015 жылғы ҚР Заңының енгізген, 56-баптағы өзгертулерімен) (оның бірінші ресми жарияланғаннан кейінгі он күнтізбелік күнінің аяқталу).

Мамандар инклюзивті білім беруді мемлекеттің жалпы инклюзивті саясатының компоненті ретінде ғана қарастырады. Инклюзивті білім берудің негізгі міндеті қоғамда дұрыс тұлғааралық қарым-қатынасты қалыптастыру болып табылады.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, коррекционды педагогиканың Ұлттық ғылыми-тәжірибелік орталығының арнайы мектепте білім беру зертханасының меңгерушісі Ирина Елисеева: «Адамдар, адами мәдениеттің, адами көріністердің және оның ішінде адам денсаулығының әртүрлілігіне қалыпты қарауды үйренуі қажет» - деп, айтады.

Инклюзивті білім беру, өзі арналып жұмыс жасауы қажетті ауқымды адамдар тобын қамтиды: бұл, жалпы білім беруге қосылуда түрлі себептерге байланысты проблемалары (мәселелері) бар адамдар. Білім беру процесінің толыққанды қатысушысы болып табылмайтын немесе одан шығарылған, мектепке барғанда білімдерді меңгермейтіндерді. Басқаша айтқанда, бұл дамуында шектеулі мүмкіндіктері бар балалар, оның ішінде мүгедек балалар жатқызылатын қоғамның неғұрлым осал бөліктері.

Инклюзивті білім беруге қатысты негізгі құндылықтар мен сенімдер:

- әркім білім алуға құқылы;
- білім алу өмірге келген сәттен басталады. Ерте балалық шақта білім алу өте маңызды, бірақ, ол есейген шақта тоқталып қалмайды. Бұл процесс (үрдіс) өмір бойы жүреді;
- барлық балалар білім ала алады;
- белгілі бір уақытта немесе белгілі бір салада, әркім білім алуға қиындықтарға тап болуы мүмкін
- білім алу процесінде (үрдісінде) әркім көмекті қажетсінеді;
- мектеп, оқытушы, отбасы және қоғам білім алуға ықпал жасауға жауапты және тек балалардың ғана емес;
- айырмашылық шынайы, құнды және қоғамды байытуда;
- дискриминациялық қарым-қатынас және мінез-құлық сынға алынуы қажет. Балаларды, алуан түрлілікті қабылдайтын және төзімділік қасиеті тән инклюзивті қоғамда өмір сүруге дайындау керек;
- оқытушылар өз беттерімен өмір сүрмеулері қажет, олар тұрақты қолдауды қажет етеді.

Мүгедек балалар мен даму мүмкіндіктері шектеулі (ДМШ) балаларда білім алу қажеттіліктері ерекше, инклюзивті білім беру туралы сөз қозғалғанда, нақты олар басты фокустық топ болып табылады. Олардың айрықша білім алу қажеттіліктері, даму жетіспеушіліктерін толыққанды еңсеру және балаларға академиялық білімдерді меңгеру процесін жеңілдету мен әлеуметтік дағдыларды есепке ала отырып, білім беру мен тәрбиелеуді қажет ететін психологиялық-физикалық дамудың бұзылыстары түрінде беріледі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, мобильділік, эмоционалды сала бұзылысы). Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға тән, өз сипатымен ерекше қажеттіліктерді бөліп көрсетуге болады. Солардың кейбіреулері:

- қалыпты дамушы қатарластарының білім беру бағдарламаларында орын алмаған, арнайы бөлімдерді балаға білім беру мазмұнына кіргізу;
- білім берудің «айналма жолын» жүзеге асыруды қамтамасыз ететін, білім беру құралдары мен тәсілдерін, арнайы әдістерін (оның ішінде, арнайы компьютерлік технологияларды) пайдалану;
- қалыпты дамушы балаға талап етілетіннен көп деңгейде білім беруді дараландыру;
- білім беру ортасын ерекше кеңістіктік және уақыттық ұйымдастырумен қамтамасыз ету;
- арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушыларды әдеттегі мектепке анықтау (тағайындау), мектепте аталған ерекше білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін бірқатар арнайы жағдайлардың жасалуын меңзейді. Осы жағдайлар, ғылыми-кеңесші Дэвид Митчеллдің кітабында жан-жақты баяндалған, инклюзивті білім беру туралы айтқанда, барлығының орындалуы міндетті болып табылатын жағдайлар кешенінің бар болуын маңызды деп есептейді. Олай болмаған жағдайда, инклюзивті білім беру идеясы кемсітіледі. Бұл жағдайларды ол келесі формулалар түрінде жеткізген:

$I.B.B. = V + O + 5K + П + P_c + P_k.$

Мағынасын түсіндіріп және оның әрбір белгісіне анықтама береміз.

V - көру. Бұл инклюзивті білім берудің негізгі принциптеріне (қағидаларына) ұстамдылық және оны енгізуге дайындық. Инклюзивті мектепте барлықтарын қабылдайды және ұжымның маңызды мүшесі деп санайды. Арнайы қажеттіліктері бар білім алушының арнайы білім алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін қатарластары мен өзге де мектеп ұжымының мүшелері қолдайды.

А-мектепке анықтау. Қабілеттіліктері бойынша бөлмей, балаларды жалпы оқу процесіне қосу (арнайы мектептерге, арнайы сыныптарға).

5K-бұл 5 компонент: бейімделген оқу жоспары, бейімделген баға, бейімделген оқыту, бейімделген қолжетімді орта, инклюзивті білім беруге құқығын тану.

Бейімделген оқу жоспары: тек қана оқу жоспарының бейімделуін ғана емес, білім беру мазмұнын бейімдеу және оны білім алушыларға жеткізу. Митчелл, мұны педагогтар кездестіретін ең қиын міндет деп санайды.

Бейімделген баға: баға, білім алушыларды «сұрыптау» құралы болмауы керек. Инклюзивті мектепте баға келесідей критерийлерге сәйкес болуы керек: объективтілік, ақпараттылық, кері байланысты қамтамасыз ету. Бағалау әдістері мүгедектік пен проблемалы білім алушының нақты түрін есепке алуы керек.

Бейімделген оқыту: Инклюзивті білім беру педагогтан оқытудың жоспарларының (стратегияларының) ауқымды жиынтығын және әдістерін білуді талап етеді. Көпшілік мектептерге арналып жасалынған әдістердің көптүрлілігі ғана емес, сонымен қатар, дамудағы мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы білім беру әдістері де ескеріледі.

П (К)-Қолдау: Инклюзивті білім беру кәсібилер командасы тарапынан қолдауды талап етеді (психологтар, логопедтар, арнайы педагогтар, ЛФК нұсқаушылары, әлеуметтік жұмыскерлер, дәрігерлер, қарапайым мектеп педагогтарына және оқытушы көмекшілеріне кеңес беретін арнайы білім беру үйлестірушілері. Соңғылары барлық елдерде жоқ). Ата-аналар тарапынан көмек және қолдау көрсету маңызды.

Инклюзивті білім беру жағдайында оқытушының позициясы өзгереді. Ол өзінің дербестігін жоғалтып, арнайы педагогпен, психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен тығыз серіктестік шеңберінде жұмыс жасайды. Өз қызметінде ол ашық, ұзақ уақыт аралығында аталған педагог санаттарына өз тәжірибесін көрсетуге мәжбүр. Барлық педагогтар мұндай жағдайларда жұмыс істей алмайды. Көбісі басқа педагогтың үнемі қатынасуынан шаршаңқылықты

(шиеленісті) сезінеді. Осыдан жұмыс сапасы мен жұмысқа қабілеттілігі төмендейді. Инклюзивті мектеп оқытушысы табысты болуы мүмкін, егер:

- ол айтарлықтай икемді;
- оған қиыншылықтар қызықты және ол әртүрлі әдістерді сынап көруге дайын болса;
- ол жеке айырмашылықтарды (ерекшеліктерді) құрметтесе;
- команданың басқа да мүшелерінің ұсыныстарын тындай және қолдана білсе;
- сыныпта басқа ересек адам болған кезде, өзін сенімді сезінсе;
- ол басқа да мамандармен бір команда да жұмыс істеуге келіссе.

Рс-Ресурстар: айрықша (ерекше) білім алу қажеттіліктері бар білім алушылар қажетсінетін, барлық ресурстар, әдетте, арнайы білім беру жүйесіне шоғырланған (әсіресе, егер ол айтарлықтай дамыған болса). Бұл материалдық құралдар, даярланған мамандар, материалдық-техникалық қамтамасыз етілу. Бұл ресурстарды көптеген елдерде «ресурстар білім алушыл артынан жүреді» принципі негізінде істелініп жатқандай қайта бөлу қажет.

Рк-басшылық: инклюзивті білім берудің барлық аталған компоненттері жұмыс істеуі үшін барлық деңгейде басшылық қажет: үкіметтік, аймақтық, жергілікті, сондай-ақ, мектеп директорлары мен оқытушылары деңгейінде де. Процестің барлық қатысушылары инклюзивті білім берудің идеологиялық негізін түсінуі және түсіндіре алуы, сонымен қатар, өз іс-әрекеттерімен инклюзивті білім берудің сәтті жүзеге асырылуының жақтаушылары екендерін көрсетулері керек. Мектеп басшылары, оқытушылармен бірге өз мектептеріндегі инклюзивті мәдениеттің дамуына жауап береді.

Инклюзивті білім беру тиісті негізде жүзеге асырылса, ерекше білім алу қажеттіліктері бар білім алушыларды білімді меңгерумен, әлеуметтік дамумен және өзіндік бағалауды көтерумен қамтамасыз етеді. Қалған білім алушыларда білімдерді сәтті меңгереді, сондай-ақ, қоғамның көптүрлілігін, әлеуметтік әділеттілікті, теңдік пен бір-біріне жақсы қарым-қатынас жасауды түсінуге және бағалауға үйренеді.

Оқырмандардың назарын инклюзия жайлы қате ойларға аударғым келеді:

- мектепте жүрудің өзінде жеткілікті деп, ойлау;
- жүзу білмейтінді суға тастау қалыпты деп, ойлау;
- мақсатқа емес, іс-әрекетке ден қою;
- қызметтің негізгі бағыты баланың жеке білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру емес, бағдарлама бойынша білім беру болып табылады;
- үндемей отыру, бұл қатысудың баламасы деп, ойлау.

Сыныптағы психологиялық ауа-райы (климат) білім алушылардың үлгерімін алдын ала анықтайды. Егер, олар өздерін ынталандыратын және дұрыс мақсат қоюға көмек жасайтын, эмоционалды-қауіпсіз және болжаулы ортада жүрсе, олар жақсы оқиды.

«Дыбыс» кохлеарлы имплантат және естудің бұзылыстары бар балаларды қолдау Қоғамының басшысы Динара Ешпанова, инклюзия мүмкіндігі шектеулі балаларға қоғамға барынша интеграциялану мүмкіндігін береді деп санайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалар негізінен отбасында, қарым-қатынас жасау арқылы, ересек өмірге дайын болмайды. Жалпы білім беру ұйымы-бұл балаларға инклюзия режимінде білім алудың, басқа балалармен сөйлесудің және әлемді танудың жалғыз мүмкіндігі-деп, түсіндіреді ол. Инклюзияның мәні, мүмкіндігі шектеулі балалардың басқа да балалармен мемлекеттік бағдарлама бойынша бірге оқуы, бірдей білімдерді алуы болып табылады. Мектептерде осы балалардың денсаулық жағдайын ескеретін, қосымша жағдайлар жасалынуы қажет.

Арнайы білім беру жүйесін ешқандай жағдайда инклюзивті білім берумен алмастыруға болмайды. Бұл екі жүйе бір-бірімен өзара әрекеттестікте дамуы қажет.

Барлық арнайы мектептерді бірден жауып тастау мәселесі тұрған жоқ. Біз, маңызды психологиялы-педагогикалық-дефектологиялық қолдауды қажет ететін, әдеттегі мектептерде өздерін жайсыз сезінетін балалар тобының бар екенін түсінуіміз керек. Мұндай адами және технологиялық қолдау, тек арнайы білім беру ұйымдарында ғана жасалынған. Әдеттегі мектепте бір бала үшін мұндай жағдайлар жасау, мүмкін емес болып табылады.

Инклюзивті саясат-бұл ата-аналар мектепті таңдауға құқылы болатын құқықтық саясат. Орталықпен жүргізіліп жатқан зерттеулер, қажетті жағдайлар тек арнайы білім беру жүйесінде ғана жасалынғандықтан, барлық ата-аналардың өз балаларын жалпы білім беру жүйесіне бергісі келмейтіндігін көрсетуде.

Инклюзивті саясатты дамытуда, әдеттегі мектепте кездесетін кедергілерді біртіндеп жою керек.

Бұл балалар туралы бізде қалыптасқан көзқарас жоқ. Біз, жай ғана білмейтінімізден қорқамыз.

Әзірге, жалпы мектеп оқытушылары, дамуында ауытқушылықтары бар балаларды оқытуға дайын емес. Мемлекетке, тиісті бейіндегі мамандарды даярлауға ерекше көңіл бөлу арқылы, жоғары педагогикалық білім беру стандартын ауыстыру қажет.

Балаларға арналған арнайы құралдар мен оқыту материалдары, сондай-ақ, оқытушыларға арналған әдістемелік құралдар жоқ.

Өз интеллектісінің (ақыл-ойының) даму деңгейі бойынша жалпы білім беретін мектепте білімі алып, табысты бола алатын, шектеулі мобильділігі бар балалардың үлкен категориясы (санаты) бар. Бірақ, мектептерде мұндай балаларға жағдай жасалынбаған.

Балалардың жетістіктерін бағалаудың жалпы бөліктенген жүйесін еңгізу, ақыл-ойдың(дағы) даму нормаларынан түрлі артта қалушылықтары бар балаларды жалпы топтарға қосуға мүмкіндік береді.

Мамандар инклюзивті білім беру жүйесінің жоспарлы дамуын қолдайды. Бұл ретте, олар арнайы мектептердің толық жабылуының және қабілеттіліктері шектеулі барлық балалардың жалпы білім беру мектептеріне көшірулерінің мүмкін еместігін айтуда.

Инклюзивті білім беру шегінің болу керектігін түсіну қажет. Бұл, түрлі проблемасы (мәселесі) бар баланы шексіз және ретсіз жалпы сыныптарға ауыстыру (отырғызу) емес.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды жаппай қабылдау мүмкін емес. Барлық балалардың жалпы білім беру мектептерінде білім ала алмайтындығын ата-аналарға түсіндіру қиын болып табылады. Ата-аналар өз балаларын болашақта қоғамда көру үшін мектепке дейінгі және мектепте білім беру барысында көп күш-жігерін жұмсаулары қажет.

Кейбір адамдарда инклюзивті білім беру жүйесі, қалыпты балалардың білім алу сапасының төмендеуіне әкеліп соқтырады деген қауіптері бар. Бірақ, мамандар инклюзияның білім беру процесінің барлық қатысушыларын қанағаттандыру арқылы, сапалы білім беруге арналғандығын айтып, тыныштандыруда.

Ирина Елисеева: «Біз барлық балалардың сапалы білім алуға құқығы бар екендігін түсінуіміз қажет. Егер, маңызды проблемалары бар бала, білім беру процесі барысында дені сау баланың білім алу құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік бермесе, оның аталған жерде оқуы жайында, оған және өзгелерге мұндай қосылудың қаншалықты пайдалы екендігі жөнінде ойланған жөн. Балалардың белгілі бір бөлігіне жалпы білім беру ортасы шамадан тыс болуы мүмкін. Ауытқушылығы бар бала, ерекше жағдай жасалған жерде өзін жайлы сезінеді.»-деп, түсіндіреді.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беру формасы бар балабақшаларды ашу мәселелері тұр. Нақты балабақшалар балаларға қатарластарының ортасында әлеуметтенуге және бейімделуге көмектесуге бағытталған.

Ирина Елисеева: «Американдықтар, ерте коррекцияға жұмсалған бір доллар, мектеп жасында сегіз доллар болып қайтатындығын есептегендігін» жөнінде айтады.

2011 жылы «Дыбыс» Қоғамының жетекшілігімен Алматыда екі жалпы білім беру мектептерінде инклюзивті білім беру жүйесі енгізілген болатын.

Қазіргі таңда, №116 мектепте бірінші сыныптарда кохлеарлы имплантатпен есту бұзылыстары бар үш бала білім алуда.

Оқу жылы басталар алдында мектеп әкімшілігі білім алушылардың ата-аналарымен, жаңа білім алушыларға қарым-қатынас пен мінез-құлық ережелері туралы түсіндіру жиналысын өткізілген болатын. Жекелей алғанда ата-аналарға балалардағы қымбат кохлеарлы аппараттар және оларға ұқыпты қарау керектігі туралы айтылды.

«Мен біздің балаларымызбен бірге білім алатын балалардың ата-аналарына өте қатты ризамын. Ата-аналар үлкен түсіністікпен қарады. Ешқандай бала біздің балаларымызды кекетпейді (келемеждемейді). Себебі, балалар-бұл қоғам мен ата-аналардың жалпы айнасы»-дейді, Жансая Махатаеваның анасы Динара Ешпанова.

Мектеп директорының айтуынша, инклюзивті білім беруге қосылған, балаларға арнайы бағдарлама жоқ. Балалар барлық сабақтарға қатысып, мемлекеттік стандартты толығымен орындайды. Қоңырауда олар ойнап, асханаға

барып, сонымен қатар, дене шынықтыруға қатысып және сабақта өздерінің сыныптастарына көмектесуге тырысады. Балалар, түрлі конкурстар мен іс-шараларға белсенді ат салысу арқылы ұжымның бір мүшесіне айналады.

«Олар өздерін мектепте, өз қалаған жерлерінде жүргендей сезінеді. Оларда ешқандай мәселелер жоқ, бұл оларға көп көмегін тигізеді. Олар ашық, көмек сұраудан қысылмайды», - дейді бастауыш мектеп кафедрасының жетекшісі Алия Малаева.

Өкінішке орай, қазіргі уақытта мектепте жалпы білім беруге қосылған балаларға білімдерді түзетіп беруге көмек беретін тьюторлар жоқ. Логопедиялық кабинеттердің ашылуы мектепке көп көмек болды. Мамандар, мұғалімдерге аталған балалармен дұрыс қарым-қатынас орнатуға көмек жасайды.

Инклюзивті білім беру енгізілген төменгі сынып оқытушылары қазіргі таңда балалардың мемлекеттік бағдарламаны игеріп жатқандығын атап өтуде.

«Жалпы, балалар білім берудің аталған кезеңін қалыпты меңгеруде. Негізгі қиындықтарды жеткіліксіз сөздік қор тудыруда. Себебі, балалар отаға дейін бірнеше жыл естімегендіктен, олар кейбір заттарды түсінбейді. Оларға сурет арқылы түсіндіруге тура келеді», - деп, бастауыш сынып оқытушысы Наталья Шубина бөліседі.

Жеткіліксіз сөздік қорға байланысты, балаларда әңгіме құрастыру және мазмұндау барысында қиындықтар туындайды. Сонымен қатар, балаларға жуан және жіңішке дауыссыздарды ажырату қиынға соғады. Бірақ, олар жақсы оқиды, айтылғанды өздігінен жаза және математика бойынша есептер шығара алады.

Наталья Шубина: «Біз балаларға көп жеңілдіктер жасамаймыз. Жалпы, біз оларды еш жерден бөлектемейміз. Біздің міндетіміз олардың бізбен бір деңгейде жүруі, біздің балаларымыз оларға өте қатты назар аудармауы, бұл балалардың өздерін өзгелермен тең ұстап, кемсітілмейтіндіктерін сезінуін қамтамасыз ету» - деп, атап өтуде.

Мектеп директоры Екатерина Анисимова, есту бұзылыстары бар балалар білім алатын сынып оқытушылары үнемі өздерін сабырлы ұстай білу қажет екендіктерін айтады. «Оқытушы сөйлеу барысында ешқандай салғырттық жібермеуі керек. Бұл балалармен көзбе-көз жұмыс істеу қажет. Оқытушыға өзін ұдайы бақылауда ұстауға тура келеді. Сондай-ақ, балалар ауыз қозғалысына назар аударады» - деп, түсіндіреді.

Мектеп басшысы ата-аналарға көп үміт артып отыр. Екатерина Анисимова: «Ата-аналар өз балаларын соңына дейін жеткізеді ме? Себебі, бұл балалар өзіне көп көңіл бөлуді талап етеді»-деп, ойлайды.

Сурдопедагог-логопед Гүлбахрам Яхьярованың айтуынша, есту бұзылысы бар бала, есту қабілеті жақсы балалар орналасқан жалпы білім беретін мектепке келгенде, бірінші кезекте үлкен психологиялық күйзеліске душар болады.

«Негізгі қиындық – бұл қарым-қатынастағы қиындық. Себебі, еститін балалар ортасындағы қарым-қатынас іс-әрекеті, жағдайға байланысты, диалог жүргізу, тіпті сәлемдесу, қоштасу, кешірім сұрау, өтініш және т.б. қарапайым жағдайларда ауызекі сөйлеуді белсенді білуді меңзейді. Балалар өздері не

айтқысы келетіндіктерін біледі, бірақ олар мұны еститін балаларға түсінікті қылып, ауызша формада жеткізе алмайды.»-деп, түсіндіреді ол.

Кез келген сырттағы шу, дәліздегі дыбыстар немесе құстардың дауысы, материалды қабылдауда қосымша кедергілер жасайды. Бірақ, бұл мәселені кабинеттерде бөтен дыбыстарды азайтатын FM жүйелерін орнату арқылы шешуге болады.

Ата-аналардың айтуынша, балалардың кездестіретін қиындықтарына қарамастан, мектепте инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар, оқуға қуанышпен, оларға мұның әдеттегі балалармен қарым-қатынас жасаудың жақсы мүмкіндігі екенін түсіну арқылы барады.

Жансая Махатаеваның анасы: «Біздің баламыздың мектепті медальмен бітіріп, мақтау қағазын алатынына үміттенеміз, шындығын айтқанда, біздің баламыздың қалыпты болғанын қалаймыз»-дейді.

Инклюзивті білім беру Қазақстанда енді дамып келе жатыр. Әзірге мектеп ауқымды реформаларға дайын емес, бірақ, шағын қадамдар жасай алады және жасауы қажет.

Бастапқы кезеңде мемлекеттің басты міндеті ғылыми-педагогикалық бірлестік және жалпы қоғам арасында ақпараттық-танымдық жұмыс жүргізу болып табылады. Оқу материалдарының нормативтік-құқықтық базасын құру, оқытушылық құрамды даярлау, инклюзивті білім беруді енгізудің отандық және шетелдік тәжірибесін зерттеу, Қазақстанға білім берудің сапалы жүйесін құруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, қазақ тілді мектептерде инклюзивті білім беру мәселесі ашық қалып отыр. Әзірге бұл жүзеге асырылған жоқ.

Инклюзивті білім беруден өткен дені сау балаларда түсіне білу, қолдау көрсету (психологияда мұны эмпатия деп атайды) сезімдері арта түсіп, төзімділік деңгейі төмен ортаға қажетті, төзімділік және ашықтық қасиеттері ұштайды. Инклюзивті білім беру оқу ұжымындағы иерархиялық өзін көрсетушіліктерін бірден азайтады.

Инклюзивті білім беруді дамытудың маңызды міндеттерінің бірі, инклюзивті білім беру тәжірибесін жүзеге асырушы, инклюзивті білім беру ұйымдарының жетекшілерін, педагогтарын, мамандарын даярлау болып табылады.

Инклюзивті мектеп жағдайында тиімді, икемді, балаға бағытталған қолдау жүйесін жасаудың маңызды ресурсы болып тьюторлық табылады. Инклюзивті білім беруде тьютор ретінде қолдаушы көмекшесі (физикалық қолдау көрсетушіні), қолдау педагогы, қосымша сабақ жүргізетін маманда саналады. Қолдаушының басты міндеті қатарластарының арасында әлеуметтенуге және өмір сүре алуы үшін, баланың өзіндік іс-әрекеттеріне қолдау көрсету болып табылады.

Қазақстанда инклюзивті білім беруді енгізу бірқатар қиындықтарға тап болуда. Сау және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға қолжетімді білім көлемі мен оқыту қарқынын ұштастыру мәселесі де бар. Даму ерекшелігі бар бала, қазіргі таңда оның білім алу мүмкіндіктеріне сай келетін ортаға орналасуы

қажет. Сонымен қатар, қажет болған жағдайда оған тьютор бекітіледі. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі және сау балалар арасында байланыс орнату қиын әрі баяу болып табылады. Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды үйге және мектепке дейін жеткізуге мүмкіндік беретін автокөлік және білім беру мекемесінде арнайы медициналық қолдау жоқ. Мүгедек балалардың құқығын белгілейтін заңнама жеткілікті деңгейде жұмыс істемейді және мүмкіндігі шектеулі түлектерді жұмысқа орналастыру бойынша бағдарлама тиімді емес.

Елімізде инклюзивті білім беруді енгізу жолында бірқатар шешілмеген мәселелер мен кедергілер бар:

- мүмкіндігі шектеулі балаларға дұрыс қарым-қатынас жасамау;
- арнайы даярланған педагогикалық құрамның болмауы;
- білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз етілуінің өте төменгі деңгейі;
- физикалық қолжетімділік кедергісі;
- мемлекеттік стандарттың қатал талаптары.

Айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларға білім берудегі инклюзивті тәсілді, интеграцияланған және коррекциондық әдістермен байланыстыруға болады. Білім берудегі инклюзивті тәсілдеменің қалыптасуындағы маңызды кезең болып, білім алушылардың ерекше оқу қажеттіліктерімен әлеуметтік интеграциялануы табылады. Мағынасы, білім алушылардың ерекше оқу қажеттіліктеріне бейімделу мүмкіндігіне ие болу және түрлену кезеңін өту арқылы мектеп жүйесінің интеграция (бірігу) тұжырымдамасынан, инклюзивті қайта құрылымдау тұжырымдамасына бірте-бірте өтуі болып табылады. Инклюзивті тәжірибедегі коррекциондық тәсілдеме білім алудың вариативтік үлгісін қарастырады. Коррекциондық жұмыстың әр бағыты барлық білім алушыларға қолайлы психологиялық қауіпсіз орта жасауға бағытталуы қажет.

Инклюзивті білім беру айрықша оқу қажеттіліктері бар балаларға арналған (мүгедек балаларға, денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға, дамуы ерекше балаларға). Оған дәлел-инклюзивті білім беру туралы түсінік. Инклюзивті білім беру – бұл барлық білім алушылар, олардың физикалық, психикалық, интеллектуалдық, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, жалпылама білім беру жүйесіне енгізілген және тұрғылықты орыны бойынша өздерінің мүмкіндігі шектеулі емес қатарластарымен, өздерінің білім алушыларына қажетті арнайы қолдау көрсететін және айрықша оқу қажеттілігін ескеретін жалпы түрдегі мектептерде білім алатын, оқу үрдісін ұйымдастыру.

Жалпы білім беретін орта мектепте мүгедек балаларда білім алады. Инклюзивті білім беру туралы игерілген білімдерге сүйене отырып, оларды оқыту үрдісіне қосу үшін ықпал жасау қажет: нормативті-құқықтық базаның қалыптасқандығы, инклюзивті оқытудың бағдарламалық-әдістемелік қамтамасыз етілуі, әкімшілік және оқытушылық қызметкерлердің қайта даярлануы, мектепті дефектолог, психолог, логопед оқытушылармен, тьюторлармен қамтамасыз ету, психологиялық-медициналық-оқытушылық кеңес берумен, емдік-профилактикалық денсаулық сақтау ұйымдарымен байланыс, мектеп кабинеттері мен ғимаратының қолжетімділігі, тиісті құрал-жабдықтар, жеке оқыту бағдарламасы, денсаулық

мүмкіндіктері шектеулі балаларға білім беруге арналған оқыту-тақырыптық жоспарлар, оқу бағдарламасының өтуін, білім алушының оқу динамикасын және түзету жұмыстарын жүргізуді қадағалауға мүмкіндік беретін құжаттарды жүргізу негізінде.

Білім беру жүйесіндегі инклюзивтік процесстің сапасын бағалау үшін мониторингтік зерттеулер бағдарламаларының кешені қажет. Оқытудағы мониторинг – бұл кез келген жағдайда нысанның жағдайын талдаумен және оның дамуының болжамымен қамтамасыз ете алатын, басқаруды ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған, білім беру жүйесі немесе оның жекелей элементтері туралы ақпаратты сақтау және тарату, қайта өңдеу, жинау жүйесі.

Кәсіби қызметте инклюзивті процесске қосылған, балалардың санаттары туралы, олардың сараптамасы, инклюзия формасы; денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтік және оқу қажеттіліктері, әдістемелік қамтамасыз етілуі, инклюзивті әдісті жүзеге асыруға өз дайындығының деңгейі, бала мен ұстаз және ұстазбен ата-ана арасындағы қарым-қатынас туралы ақпарат алуға көмектесе алатын мониторинг элементтерін қолдану. Мониторинг жүргізу алдында дайындық жұмыстарын қарастыру керек: жоспар жасау, мәселелер, мақсаттар, міндеттер, әдістерді іріктеу, мерзімді орнату, мониторинг графигі. Мониторинг жүргізгеннен кейін ақпаратты өңдеу, есеп түрінде талдау жасау, ұсыныстарды даярлау қажет.

Мысалы, орыс тілін оқу барысында баланың сөйлеу қабілетінің дамуын, қаншалықты түсінікті сөйлейтінін, сөйлесу кезінде сөзді қалай қолданатынын, жүйелі пікірді қалай құрастыратынын, сөздік қорын, сауаттылығын, өз қызметінде сөзді қалай қолданатынын, ой-өрісін, оқу, хат жазу, тапсырманы орындау қарқынын, орфограмманы, ережелерді есінде сақтауын, жаттығуды орындау барысында өз білімдерін қолдануын, өзіндік немесе бақылау жұмыстарын, шығармашылық жұмыстарды, сабақ барысында өзін-өзі ұстау ерекшеліктерін, дербестік дәрежесін, гигиеналық дағдыларды игеруін, басқа балалармен және ересектермен өзара әрекеттестік ерекшеліктерін, адекваттығын (қалыптылығын), сабаққа деген қызығушылығын, белсенділігін анықтау керек.

Инклюзивті оқыту аясындағы сабақты жоспарлау және ұйымдастыру барысында: жалпы білім беру міндеттерімен қоса түзету-дамытушы міндеттерді, балаға қандай әрекеттер рахаттану сезімін беретінін анықтау (оқу, хат, сурет салу және т.б.), оның нәтижелері қандай, баланың мүмкіндіктері мен қабілеттіліктері қандай, оның күшті жақтарын анықтау, танымдық іс-әрекеттерден күтілетін нәтижелердің сипаты, қандай кедергілер туындауы мүмкін, оларды қалай жоюға болады, сабаққа қызығушылық мотивтерін, әдістерін, формаларын, білім беру мазмұнын, тапсырмалардың күрделілік деңгейін тандау, коррекционды-дамытушылық (түзету) жұмыстарының міндеттерін, психологиялық ерекшеліктерін, бағдарлама мазмұнын, білім алушының дайындық деңгейін, денсаулық жағдайын, психологиялық-педагогикалық қолдау туралы мәліметтерді, сабақтың ұзақтығы мен режимін (тәртібін) ескеру, тактильді, көрермендік қолдауларды пайдалану, оқытушы қызметінің әдіс-тәсілдерін, айласын дұрыс іріктеп алу. Жоспарлау баланың дамуына бағытталуы тиіс.

Сабақ барысына білімді бақылау, біліктер, жаңа материалды жеткізу, өткенді қайталау енгізіледі. Білім берудің фронтальді (жаппай) формасында білім деңгейі есепке алынады. Қайталау немесе бекіту түрлі, жеке іріктелген дидактикалық материалдар (карточкалар, мәтіндер, жаттығулар) негізінде жүзеге асады. Егер, ортақ жұмыс мүмкін болмаса, бірінші болып жаңа тақырып (материал, ақпарат) денсаулық мүмкіндігі шектеулі емес балаларға түсіндіріледі, ал денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға өткен тақырыптарды бекіту бойынша өзіндік жұмыстарды беруге болады. Осыдан кейін, денсаулық мүмкіндігі шектеулі емес балалар жаңа материалды бекіту бойынша өзіндік жұмыстарды орындайды, ал денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың өзіндік жұмыстарының орындалуын тексеру, қателерін түсіндіру, олардың алдын алу бойынша көмек жасау жүргізіледі және көрнекіліктерді қолдану, біріншісінен екіншісіне өту, тапсырмаларды реттілікпен орындауды пайдалана отырып, жаңа материал әрі қарай түсіндіріледі.

4.ПМПк

ПМПк мақсаты білім алушыларды, дамуында ауытқушылығы бар тәрбиеленушілерді білім беру мекемесінің нақты мүмкіндіктеріне және арнайы білім беру қажеттіліктеріне, жас және жеке ерекшеліктеріне, тәрбиеленушілер мен білім алушылардың денсаулық жағдайына сәйкес диагностикалық-түзетушілік, психологиялық-медициналық-педагогикалық қолдау болып табылады.

Ұйымның (мекеменің) ПМПк мамандарының құрамына инклюзия бойынша оқу-ісінің меңгерушісі немесе аға тәрбиеші, білім беру ұйымының (мекемесінің) жетекшісі, психолог, логопед, дефектолог, баламен тікелей жұмыс жасайтын оқытушылар немесе тәрбиешілер, тьютор, әлеуметтік педагог, қосымша білім беретін педагогтар, ұзартылған күн педагогі, медициналық қызметкерлер енгізілуі қажет.

Мектепте психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум құру, инклюзивті тәжірибені жүзеге асырудың және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларды қабылдаудың қажетті шарты болып табылады. Консилиум денсаулық мүмкіндіктері шектеулі баланы оқу процесіне қосу бойынша жалпы кешенді міндеттер қояды. Консилиум баланы және оның отбасын, баланың даму динамикасы және қозғалысы туралы анық ақпараттандыруға, түрлі жағдайларда іс-әрекетті нақты ұйымдастыруға, қосымша әдістемелік, материалдық және басқа да ресурстарды тартуға қажет. Консилиум консультативтік, диагностикалық-аналитикалық, дамытушылық, түзетушілік, оқытушылық-тәрбиелік, профилактикалық (алдын алу), ағартушылық жұмыстарды жүзеге асырады, жалпы білім беретін мектептерде денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балалардың әлеуметтенуіне, білім алуына, бейімделуіне жағдай жасайды. Консилиум бастауыш жалпы білім беру бағдарламасының бір бөлігі ретіндегі түзету жұмысының бағдарламасын жасауға және қабылдауға (МЕМ ББ талаптарына сәйкес), денсаулық мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларына қажет.

Консилиум психикалық дамуында уақытша іркілістер бар балаларға, оқуға бейімделу кезінде қиыншылық сезінген, жүйке-психикалық және дамуында ауытқушылығы бар балаларға, сөйлеу қабілетінде кемшіліктері бар, «қауіп-қатер тобындағы» отбасылардан шыққан балаларға, эмоциялық-еріктік сапасының бұзылуы бар, мінез-құлық ауытқушылығы бар балаларға қажетті.

Кәсіби қызметте педагогикалық әдісті таңдау барысында М.А.Данилов, Б.П.Есиков классификацияларын ұстанған жөн. Жаңа білімдерді игеру, білік және дағдыларды қалыптастыру, біліктерді тәжірибеде қолдану, білім, білік, дағдыларды тексеру және бағалау сынды әдістерді қолданған жөн. Сонымен қатар, ауызша, көрнекілік, тәжірибелік әдістерде бар. Білім алушылардың барлығының мүмкіндіктерін ескеру, жеңілдікті жүктеме режимін құру, оқушының іс-әрекет нәтижесін бағалау керек.

Педагогикалық технологияларды таңдау барысында, бұл жүйенің ғылыми негізде құрылған, кеңістік пен уақытта бағдарламаланған, белгіленген нәтижеге әкелетін педагогикалық процестің барлық компоненттерінің қызмет етуі екенін естен шығармаған жөн. Бұл метатехнологиялар, макротехнологиялар, мезотехнологиялар, микротехнологиялар (оқытуды дамыту технологиясы, пәнді оқыту технологиясы, тақырыпты оқу технологиясы, қайталау, меңгеру, хат дағдысын құрастыру техникасы, жекелей қасиеттерді түзету бойынша тренингтер), ғылыми технологиялар, формальді сипаттама, процессуалдық-әрекет (іс-жүргізу әрекеті), (мақсатты сипаттау, айқын мәселелерді шешу, нәтижелерді талдау). Жүйелілік, құрылымдылық, жаңғыртылу, тиімділік, басқарушылық критерийлерін, концептуалдық, технологиялық, инструменталдық (құрал-саймандық), процедуралық деңгейлерін есепке алған жөн.

Инклюзивті білім берудегі едәуір сәйкес келетін «портфолио» технологиясы болып табылады. Ол білім алушылардың физикалық, ақыл-ойы туралы мәліметтерін есепке алу және олардың «шектеулі мүмкіншіліктерін» бөліп көрсетпей, оқыту процесін жекешелендіруді, дифференциалды әдісті сапалы және ретті жүзеге асырады.

Аталған әдістерді және технологияларды қолдану әр білім алушының қабілеттерінің барынша дамуына, танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруына, білім мазмұнын меңгеру процесі барысында жеке құзыреттіліктерінің дамуына жағдай жасайды деп санаймын.

Аутизмге шалдыққан балаларды мектепке дейінгі және мектеп жасындағы жаппай білім беру жүйесіне қосу, олардың сөйлеу және коммуникативтік дағдыларының, әлеуметтену мен интеллектуалдық дағдылары деңгейінің жоғарылауымен қоса, дамуына зор үлес қосуы мүмкін. Көптеген сарапшылар (Karagiannis, Stainback & Stainback, 1996) инклюзияны тиісті әлеуметтік дамудың қалыптасуына жауапты азаматтық құқық деп санайды. Бірақ, дамуы қалыпты қатарластарының ортасында инклюзия мен білім беру (оқыту) сәтті болуы үшін, аутизмге шалдыққан балаларға арнайы көмек қажет (Harrower & Dunlap, 2001).

Көрсетілетін көмек пен қолдау деңгейі, аутизмге шалдыққан баланың дамуындағы ауытқушылықтар мен диагностикалық белгілер ауырлығы негізінде өзгеруі мүмкін, сонымен қатар, баланы (білім алушыны) дамыту және табиғи

ортада білім беруге (оқытуға) қажетті дағдыларды игеру қызметі ретіндегі уақыт ағыныменде өзгеруі мүмкін. Аутизмге шалдыққан балалар сенсорлық қабылдауларымен, ынтымақтастыққа ынталануы және қабілеттілігімен, коммуникация мен сөйлеу бұзылыстарының ерекше түрімен сипатталады, сонымен қатар, аталған балаларды табысты инклюзиялаудағы басты факторлардың бірі, айтылған бұзылыстардың (ауытқушылықтардың) мағынасын түсіну және оларды оқыту үшін педагогикалық әдістерді таңдау болып табылады.

Аутизмі бар балаларға тән ерекшеліктер

Басқа да ауытқушылықтары бар балаларға қарағанда (мысалы, ақыл-есі кем), аутизмі бар балалардың басым бөлігі жалпы мектеп бағдарламасымен білім ала алады. Сақталған интеллект, жақсы ес, жақсы визуалды қабылдау балаға академиялық материалдарды табысты меңгеруге мүмкіндік береді (Joseph, Tager Flusberg & Lord, 2002). Аутизмі бар балалар математикадан жақсы үлгерім көрсетуі мүмкін, кейде бұл салада өз қатарластарынан озық шығуыда мүмкін. Кейбір балалар сурет салуда өте озық келеді (шағын моторикамен мәселелері жоқтар). Сонымен қатар, көптеген балалар оқу дағдысын тез меңгеріп, шапшаң оқуға үйренеді, бірақ, көп жағдайда оқығанды түсінумен байланыс болмайды. Кейбір балалар мектеп бағдарламасының аясына жақсы келетін арнайы қызығушылық салаларына ие: Бала Ежелгі Рим тарихынан немесе астрономиядан сарапшы болуы мүмкін.

Басқа жағынан, аутизм белгілері және қабылдаудағы мәселелер мектепте білім алу барысында елеулі кедергілер жасауы мүмкін. Қатарластарымен қарым-қатынас орнатудағы қиындықтар, үстіртін және айрықша тұлғааралық қарым-қатынастар, сыныптастары мен оқытушылар тарапынан әлеуметтік алшақтаудың себебі болуы мүмкін. Қатарластарының қызығушылықтарын елемейтін және тым жалықтыратын мінез-құлық танытумен сипатталатын бала, сыныпта алшақтатылуы мүмкін. Проблемалық (ауыр) мінез-құлық(қа ие) тән және оқытушыға «жағымсыз ынта» болған бала, «оқытылмайтын», «қолайсыз», «қалыптан тыс» болып табылады. Агрессия немесе аутоагрессия сынды проблемалық мінез-құлық формалары туралы айтпағанда, сыныпта айқайлау немесе үстелді қозғалту сынды жеңіл формадағы ақылға қонымсыз мінез таныту, сабақты жүргізуге кедергі жасап, оқытушының ашуын келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар, аутизмі бар балаларға көптеген сөйлеудегі бұзылыстар тән. Балада прагматикамен (сөзді дұрыс қолдану), семантикамен (шектеулі сөздік қор) және грамматикамен (синтаксис, морфология) бірталай мәселелер болуы мүмкін. Сондай-ақ, просодиясы мен интонациясында бұзылыстар байқалады. Бала сөйлесу процесі барысында бірсарынды сөйлесуі, жайсыз қол қолғалыстарын қолдануы немесе сұрақ интонациясын пайдалана алмауы мүмкін(Доленко, 2010).

Аутизмі бар балаларда коммуникативтік және сөйлеу бұзылыстарынан бөлек, сенсорлы қабылдау және сенсорлы ынталануды өңдеу бұзылыстарыда бар (Aune, Burt & Gennaro, 2010). Аталған бұзылыстар үрейдің себепшісі болып, агрессияға немесе айқайға алып келуі мүмкін.

Инклюзивті оқыту ортасы – бұл аутизмі бар балалардың сенсорлық ерекшеліктері қолдау таба алмауы мүмкін орта болып табылады. Сыныптағы балалар санының көп болуы және кеңістіктің шағындығы, аутизмі бар балалардың жанасудан аулақ болу ниетін арттыра түседі, сондай-ақ, сыныптасының кездейсоқ жанасуы шабуыл ретінде қабылданып, агрессивті реакция туғызуы мүмкін.

Аутизмі бар көптеген балалар қатты дыбыстар мен шуларға өте сезімтал келеді. Қоңырау барысындағы басқа балалардың айқайы немесе сыныптағы шу, оның көңілінің бөлінуіне және тынышталуына көмектесетін қарсы айқайдың немесе өзін-өзі ынталандыратын мінез-құлықтың себебшісі болуы мүмкін. Мұғалімнің қатты дауысы немесе басқа оқушының жылауы, қарсы эмоционалдық реакцияны туғызып, аутизмі бар бала жылауды немесе айқайлауды, қиын жағдайда, пәндерді лақтыруды немесе итермелеуді бастауы мүмкін.

Сонымен қатар, желімді, бояуды жақтырмауына байланысты көркемдік тапсырмаларды орындаудан бас тартатын балаларды да кездестіруге болады. Бала сабақтан қашудан бастап, мақсатты агрессияны қоса алғанда, барлық ерік-жігерімен аталған тапсырмаларды орындаудан бас тартады (Aune, Burt & Gennaro, 2010).

Сенсорлық проблемалар (қиындықтар, мәселелер) моториканың және қозғалыс координациясындағы қиындықтармен қосарланады. Балалар кеңістіктегі өз орналасқан жерін және өз денесінің шекарасын сезінуге, кеңістікте ұйымдасуға қиналады, дене бітімін дұрыс ұстамау және жылдам қозғалыстарды қиындықпен орындайды (мысалы, дене шынықтыру сабағында аутизмі бар бала ауыр және баяу жүгіреді, процесс барысында қолын бұлғайды). Бала, өзінің әлеуметтік алшақтауынан емес, нашар моторикасының себебінен, сыныптастарымен доп және басқа да қозғалыстағы ойындарды ойнауға қиналуы мүмкін.

Сондай-ақ, ойлау икемділігінің болмауы аутистік спектрдағы балаларға тән ерекшелік болып табылады. Ойлау ригидтігі (өзгерістерге дайын болмау) салдарынан оқушылар өзгерістерге бейімделуге, қателерін түзетуге қиналады, оларға аздаған жетістіктер немесе сәтсіздіктермен күресу қиынға түседі. Абстрактілі ойлаудағы және жасырын, абстрактілі алғышарттарды түсінудегі қиындықтар, ұйымдаспағандық, оқығанды түсінудегі қиындықтар, мәселені шешу жолдарын іздеудегі, шешім шығару және маңызды ой айтудағы қиындықтар, нашар үлгерім, жабырқау мен депрессияның себепкері болуы мүмкін. Осы себепті инклюзивті бағдарламамен білім алатын аутист балаға, мектеп көлемінде және мектептен тыс шеңберде, жиі қосымша психологиялық немесе эмоционалды көмек қажет болады (Aune, Burt & Gennaro, 2010).

Инклюзивті ортадағы бастапқы дағдыларды бағалауды қалыптастыру

Аутистік спектрі бұзылған балаларды сипаттайтын арнайы ерекшеліктерді түсіну, оларды қалыпты дамып келе жатқан қатарластарының ортасына қосу процесінің алғашқы және маңызды кезеңі болып табылады. Бірақ, аталған

аутизмге тән ерекшеліктердің болу мүмкіндігі, аутизмі бар балалардың барлығында осы проблемалардың кешені бар дегенді білдірмейді. Оқытуға мақсат пен стратегияны таңдау, жеке әдісті және бастапқы дағды деңгейімен қоса, дамудағы жетіспеушіліктерді де бағалауды талап етеді. Аутизмі және өзге де бұзылыстары бар балаларға арналған сөйлеу және әлеуметтік дағдыларды бағалау хаттамасы VBMAP (Sundberg, 2008), тек қана қызметтік дағдылар деңгейін анықтап қана қоймай, сонымен қатар, бала дамуын (прогресін) бағалау және мониторинг жасау құралы болып табылады.

Дағдыларды бағалау бірнеше салада жүргізіледі.

Қарым-қатынас және сөйлесу дағдысы. Бала айналасындағыларға өтінішімен жүгіне алады ма? Ол өтінішімен балаларға жүгіне алады ма немесе үлкендерге ғана ма? Бала өз өтінішін қалай жеткізеді – сөзбен, сөйлеммен, қимылымен, PECS карточкаларымен? Бала тек нақты және жекелей стимулдарға көңіл бөледі ме әлде оны әлеуметтік маңызды стимулдар ғана қызықтырады ма – қатарластарының көңілі, әлеуметтік мақұлдау, ақпарат т.б.?

Сөзді түсіну дағдысы. Бала оған айтылған сөзді қаншалықты түсінеді? Ол нұсқаулықтарды тек қана жалпы жағдайда ғана түсінеді ме әлде жалпы жағдайдан тыс ауызекі стимулдарға сүйену арқылы ма? Бала тек қатарластарының өтінішіне ғана жауап қайтарады ма әлде үлкендердің өтінішіне ғана ма? Нұсқаулықтар тікелей оған жолдануы қажет пе әлде ол топқа жолданған нұсқаулықты түсініп, орындай алады ма?

Диалогтық сөз дағдысы. Бала сұраққа жауап бере алады ма әлде басқа адам айтқан сөйлемді қайталайды ма? Бала түрлі оқиғаларға аяқ астынан (кенеттен) пікір білдіре алады ма? Ол белгілі бір тақырыптағы әңгімеге қосыла алады ма? Тақырыптағы әңгімені қолдай алады ма әлде әңгімені әрқашан өзін қызықтыратын тақырыпқа бұрып жібереді ме?

Ойнау дағдылары. Бала қандай ойындарды ойнай алады – үстел, қозғалыстағы, сюжеттік? Ол қатарластарымен бірге ойнай алады ма әлде өзара іс-қимыл жасамай, қатарлас ойнайды ма? Ол бос уақытында өзі ойнаумен немесе өзін-өзі ынталандырумен айналыса алады ма?

Академиялық дағдылар. Бала санаудың, жазудың, оқудың бастапқы дағдыларын меңгерді ме және осы дағдылардың деңгейі қаншалықты қатарластарының білім деңгейімен сәйкес келеді?

Оқу дағдылары. Бала топтық форматта білім ала алады ма әлде ол осы уақытқа дейін тек жеке форматта ғана білім алды ма? Балада еліктеу дағдысы бар ма және ол қатарластарының қимылын қайталай алады ма немесе еліктеу дағдысы арқылы білім ала алады ма?

Проблемалы мінез-құлық. Балада проблемалы мінез-құлық бар ма және ол қандай формада байқалады? Қандай жағдайда ұнамсыз мінез-құлық пайда болады және оның қызметі қандай?

Интеллектуалдық және сөйлеу қабілеттерін бағалаумен қатар, **дербес дағдыларының дамуына** бағалау жүргізіледі: бала өздігінен үй тапсырмаларын орындай алады ма, қоршаған ортадағы өзгерістерге қаншалықты

тез бейімделеді, жеке тазалық және өзіне көмек көрсету дағдылары тиісті деңгейде дамыған ба?

Сонымен қатар, баланың меңгерілген дағдыларды жалпылау қабілеті, оның жана дағдыларды меңгеру жылдамдығы және инклюзия процесінде ересектердің қолдауына қажеттілігі бағаланады.

Инклюзивті ортада білім беру, аутизмі бар баланың оқу, санау, жазу сынды және өзге де академиялық дағдыларды өзінің қалыпты дамушы қатарластарымен бірге меңгеруін меңзейді. Бірақ, аутизмі бар баланы қосқан жағдайда, жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білімдерді меңгеру инклюзияның мақсаты болып табылмайды. Аталған деңгей жеке білім беру кезінде қолжетімді. Инклюзивті орта аутизмі бар балаға тиісті жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білімдерді меңгеруге мүмкіндік беріп қана қоймай, сондай-ақ, оның дамуында кездесетін қиындықтар мен проблемаларды (мәселелерді) еңсеруге көмектеседі (Harrower & Dunlap, 2001). Аталған қабылдау негізінде бастапқы дағдылар деңгейін бағалау, баланың жеке білім алу жоспарын толықтыруға және педагогикалық қызметтің сөйлеу, қарым-қатынас (коммуникация), әлеуметтік өзара әрекеттестік және өзге де дағдыларға көңіл бөлуіне мүмкіндік береді.

Аталған немесе өзге де дағдылар даму деңгейінің төмендігі, баланың инклюзияға қабілетінің жоқтығының көрсеткіші емес. Баланың дағдыларын бағалау, оқытушыға оқыту бағдарламасына жоқ дағдыларды немесе оның әлсіз жақтарын қосуға және оқыту стратегиясы мен әдісін таңдауда инклюзияда аталған қиындықтарды ескеруге мүмкіндік береді (Sundberg, 2008).

БМС-мен (балалардың милық салдану, ДЦП) науқастанған бастауыш мектеп білім алушыларының білім алу барысындағы пайда болған үзілістердің орынын толтыру бойынша жұмыстар.

БМС бар бастауыш мектеп білім алушыларының білім алуы барысында орын алған үзілістер жайлы айтқанда, 1-сыныпқа түсу кезінде, біздің білім алушылардың білімінде үлкен үзілістің бар болатынын атап өткен жөн. Дефектологтар ретінде, біз, БМС-мен(балалардың милық салдану, ДЦП) науқастанған балалардың қозғалысындағы бұзылыстар, олардың психикалық дамуын, сөйлеуін, ойлауын кешеуілдететінін түсінеміз. Мектепте білім алу басталғанда біздің балаларымыз қоршаған орта туралы жеткілікті деңгейдегі білімдерге ие болмайды (әдетте ол тұрмыстық тақырыппен шектеледі), сөйлеу бұзылыстары барлық деңгейлерде байқалады – фонетикалық, лексикалық, грамматикалық. Біздің барлық дерлік балаларымызда интеллектуалдық тапсырмаларды орындау кезінде, төмен танымдық белсенділік, психологиялық процестердің таусылуы, тез ұлғаятын шаршағыштық байқалады. Сондай-ақ, біздің барлық білім алушыларымызға іс-әрекет алгоритмін қалыптастырудағы қиындық, баяулық тән. Сол себепті, біздің балалар біліміндегі олқылықпен жұмыс, бастауыш мектептегі олардың төрт жыл бойы білім алуы барысында жүргізіліп келеді. Ол сабақта, коррекциондық (түзету) сабақтарда, үй тапсырмасын орындау барысында жүргізіледі.

Инклюзия процесі арнайы (спецификалық) әдістер мен әдістемелерді қолдануды, инклюзияны процесс және үлкен эмоционалдық үлес ретінде

қабылдауды, педагогикалық ұжымның реттелген жұмыс тәртібін талап етеді. Адами өзара әрекеттестік құрылымдылығы сынды, инклюзия процесінің құрылымдылығы барлық мәселелер мен қиындықтардың тек бір ғана шешімі болмайды. Аутизмі бар әр баланың ерекшелігі, ол қосылатын ортаның мүмкіндіктері, педагогтардың кәсібилігі және ынталануы (мотивациясы), тиімді жұмыс жасау үшін мақсаттар мен жеке негіздегі инклюзия стратегиясын таңдауды қажет ететін факторлардың қиын механизмін көрсетеді.

Баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі және әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері болып табылады (ҚР «Білім туралы» Заңының 3 бабының 1, 2 пунктері).

Инклюзивті білім беру барлық адамдарға сапалы білімнің қолжетімді болуы жағдайларын қалыптастыруға бағытталған білім беру процестерін трансформациялау болып табылады. Ол білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балаларды дене бітімі, психологиялық, интеллектуалдық, мәдени-этникалық, тілдік ерекшеліктеріне қарамастан жалпы білім беретін ортаға кіргізуді, олардың сапалы білім алуы, әлеуметтік ортаға әлеуметтенуі және кірігуі үшін барлық кедергілерді жою

Бүгінгі таңда Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалардың басқа санаттағы білім алушылармен бірге және тең оқуы, яғни инклюзивті білім беру басым болып отыр.

Инклюзивті оқыту аясында сабақты жоспарлау және ұйымдастыру барысында келесі жағдайларды ескеру қажет: жалпы білім беру және түзету-дамыту мақсаттарының қатар жүруі, балаға іс-әрекеттің қай түрінің (оқу, жазу, сурет салу және басқалар) ұнайтынын, баланың нәтижелері, мүмкіндіктері және қабілеті қандай екенін, оның басым жақтарын, танымдық іс-әрекеттерден күтілетін нәтижелердің сипатын, қандай қиындықтар мен кедергілердің болатынын және оларды болдырмау жолдарын анықтау, сабаққа қызығушылығын арттыру тәсілдерін, оқыту әдістерін, түрлерін және мазмұнын, тапсырмалардың күрделілік деңгейін таңдау, балаға берілген психологиялық-педагогикалық мінездемені, түзету-дамыту жұмыстарының міндеттерін, бағдарламаның мазмұнын, баланың дайындық деңгейін, денсаулық жағдайын, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы өзекті мәліметтерді, сабақтардың тәртібін және ұзақтығын ескеру, дене арқылы сезіну, көрсету арқылы қолдау тәсілдерін пайдалану, мұғалім іс-әрекетінің тактикаларын және әдістерін дұрыс таңдау. Жоспарлау баланы дамытуға бағытталуы тиіс.

Мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беру және түзету-дамыту міндеттерін неғұрлым табысты меңгеруі мақсатында ақпаратты ұсыну тәсілдерінің өзгертілуін қажетсінеді.

Ақпаратты ұсыну тәсілдерінің қажетті өзгертілуі білім алушының жеке білім беру жоспарына енгізілген. Бұл өзгертілулерді, олар ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың жеке қажеттілігін көрсететіндей етіп қолдану қажет.

Бөлім/ортақ тақырып үшін жиынтық бағалауды жоспарлау барысында мұғалім оқыту мақсаттарын көрсететін бағалау критерийлерін құрастырады және оларды ойлау деңгейіне сәйкестендіреді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін жиынтық бағалау процестерін жоспарлау және ұйымдастыру барысында мұғалімге көмек ретінде Астана қаласының №65 мектеп-гимназиясының бастауыш сыныптар мұғалімдерінің практикалық ұсынымдары дайындалған.

Аталған мектептің бастауыш сыныптарында мүмкіндігі шектеулі 57 бала оқиды. Олардың 14-і құлағының мүкісі бар диагнозымен (есту қабілеті төмен), 43 білім алушы – балалардың церебральды сал (БЦП) ауруы диагнозымен.


Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалауға ұсынылған тапсырмаларды мұғалімдер өз оқушыларының ерекшеліктерін ескере отырып түзетулер енгізеді және бейімдейді. Бұл балалардың оқу үлгерімін қадағалауға және олардың бойында сыныптағы өзіндік жұмыс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мысалы, «Математика» пәні бойынша «Геометриялық фигуралар және олардың өзара орналасуы» бөлімінде жиынтық бағалау үшін барлық тапсырмалар алынбаған. Мұғалімдердің пікірінше, бірінші – көпбұрыштарды белгілері бойынша топтастыру тапсырмасын оқушы өз бетінше орындай, ал екінші тапсырмада оқушы тьютордың көмегінсіз тек кесінді және кез келген төрт бұрышты ғана сыза алады. Бұл балаларда нүктелі қағазда орындалатын кесіндіні, түзу сызықты, көпбұрыштарды бейнелеу сияқты басқа тапсырмалар қиындық тудырады. Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың үлгілері (15-кестеде) көрсетілген.

15-кесте Жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың үлгілері

Бөлімше	3.1 Геометриялық фигуралар және олардың жіктеу 3.2 Геометриялық фигураларды бейнелеу және құрастыру
Оқу мақсаттары	2.3.1.2 Көпбұрыштарды жіктеу. 2.3.2.1 Кесінді және геометриялық фигуралар сызу.
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу және түсіну. Қолдану
Бағалау критерийлері	<i>Білім алушы</i> - жалпы белгілері бойынша көпбұрыштарды топтастырады; - орналасуы туралы нұсқаулыққа сүйене отырып, нүктелі қағазда кесіндіні, түзу сызықты, көпбұрыштарды бейнелейді
Орындау уақыты	15 минут

Тапсырмалар

1. Фигураларды қараңдар. Олардың номеріне сәйкес атауларын жазыңдар.



Шаршылар _____
Тікбұрыштар _____

2. Нұсқаулықты қолданыңдар. Сызу құралдарын қолданыңдар:

а) ортада ұзындығы 3 см болатын кесінді сызыңдар, оны тігінен орналастырыңдар;

б) кесіндінің сол жағына кез келген төрт бұрыш сызыңдар.

БЦП диагнозы бар оқушылардың барлығында дерлік зияткерлік тапсырмаларды орындау барысында танымдық белсенділігінің төмен болуы, психикалық процестерінің әлсіздігі және әлсіздіктің тез үдемелі болуы байқалады. Сонымен қатар мұндай балалардың барлығына іс-қимыл алгоритмдерін қалыптастырудың жайбараттылығы, қиындығы тән. Сондықтан мұғалімдер сабақта түзетудің келесі тәсілдерін қолданады: ақпараттық (әңгімелесу, кеңес беру), практикалық (дағдыландыру, жаттығу). Балалардың қол моторикасы өте әлсіз, сол себепті сүйемелдеу педагогы әрқашан көмекке келеді.

Ауызша тапсырмалар келесі алгоритм бойынша орындалады: мұғалім тапсырманы дауыстап айтады (сабақта орындалатын жұмыстар), одан әрі оқушылар тапсырманы педагог-тьютордың көмегімен орындайды.

Математикадан «Көбейту және бөлу. Есептер» бөлімі бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар:

1-тапсырма: 3, 27, 9 сандарын қолдану арқылы көбейтуге арналған төрт теңдік құрастыруды өздігінен орындай алмайды, себебі көбейту және бөлуге байланысты өзара тандап алу әрекеттері және компоненттер арасындағы тәуелділікті анықтау қиындық тудырады;

2-тапсырма: педагог-тьютордың көмегімен қалдырылып кеткен сандарды қоя алады;

3-тапсырма: сурет бойынша есептің шешу жолын және жауабын оқушы өздігінен орындайды;

4-тапсырма: мазмұны бойынша бөлуге арналған кері есептің шартындағы жетіспейтін деректерді, есепті шешу үшін өрнекті жазуды оқушы өздігінен орындай алады.

«Санды және әріпті өрнектер. Теңдеулер. Есептер» бөлімінде жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар: әріптің берілген мәні бойынша екі амал арқылы әріпті өрнектің мәнін табуды; көбейту және бөлуге берілген қарапайым теңдеулер, күрделі құрылымды теңдеулер шешуді; екі амалды есептерді

модельдеу және шешуді оқушылар педагог-тьютордың көмегімен орындай алады.

«Математика» пәні бойынша 3-тоқсанның жиынтық бағалауында түрлі тапсырмалар қолданылады: бірнеше жауапты таңдауға болатын сұрақтар, нақты, толық жауапты талап ететін сұрақтар.

1, 2, 3-тапсырмаларды оқушылар тек педагог-тьютордың көмегімен орындай алады.

4-тапсырма: екі амалды есептерді модельдеу және шешу (бірнешеге арттыруға/кемітуге арналған жай есептердің; еселік салыстырудың түрлі комбинациялары);

5-тапсырма: өрнектерді оқу және жазу барысында көбейту және бөлу амалының компоненттері атауларын қолдануды орындау қиын. Бұл тапсырмаларды балалар орындай алмайды.

Инклюзивті біліммен қамтылған оқушыларға арналған жиынтық бағалау тапсырмаларын Астана қаласының №65 мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімдері: Файзуллина С.У., Эмбердиева З.Б., Ақылбекова Л.М., Сейтбекова А.Ж., Мырзағұлова М.С., Нұрғалиева А.К., Баймағамбет М.К. құрастырды.

«Әдебиеттік оқу» пәні. 2-сынып. «Менің мектебім» бөлімі.

Сөйлеу әрекетінің түрі: Тыңдалым және айтылым

Оқу мақсаты: 2.1.5.1 Өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып, жеткізу.

Ойлау дағысының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийі: *Білім алушы*

- Тыңдалған мәтіннен тірек сөздерді анықтайды.
- Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.

Орындау уақыты: 20 минут

1. Мәтінді тыңдаңдар. (Мысалы, «Мектеп кітапханасы» мәтіні).
Тапсырманы орындаңдар.

1. Кітапханашы апайдың аты кім?

А) Ақмарал В) Айжан С) Дариға D) Халима

2. Дұрыс пікірлерді жасыл түсті қарындашпен, жалған пікірді қызыл түсті қарындашпен белгілендер:

- кітапхана мектептің бесінші қабатында орналасқан;
- Айжан апай – өте мейірімді адам.;
- терезелері көшеге қараған;
- кітаптар ешқашан жаңартылмайды;
- кітапхана үлкен, кең, жарық.

3. Мәтінге қатысы жоқ ақпаратты табыңыз?

А) Кітапхана мектептің екінші қабатында орналасқан.

В) Кітапханада оқушылар кезекшілік етеді.

- С) Кітапханашы керекті кітаптарды тауып береді.
D) Кітапханадағы кітаптар үнемі жаңартылып отырады.

4. Сөйлемге қажетті сөзді қосындар. қазақ, орыс, басқа да елдердің ақын-жазушыларының шығармалары, журнал, анықтамалар көп.

- A) кітапханада; B) асханада; C) сынып бөлмесінде; D) спорт залында

Бағалау критерийлері	Дескриптор	Балл
	Білім алушы:	
Мәтінді тыңдайды. Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.	Мәтіннің мазмұны бойынша бірінші сұраққа жауап береді	1
	Дұрыс және дұрыс емес сөйлемдерді анықтайды	2
	Мәтіннің мазмұны бойынша үшінші сұраққа жауап береді, дұрыс суретті анықтайды	1
	Мәтіннің мазмұны бойынша төртінші сұраққа жауап береді	1
Барлық балл		5

«Саяхат» бөлімі

Сөйлеу әрекетінің түрі: Оқылым, жазылым

Оқыту мақсаты:

2.2.1.1 Сұрақ қою арқылы (не істеді? қандай? неліктен?) мәтін түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) және құрылымдық бөліктерін (басы, негізгі бөлім, соңы) анықтау.

2.3.1.1 Мұғалім көмегімен жеке сурет/сюжетті суреттер арқылы шағын сипаттау/әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану

Бағалау критерийлері: *білім алушы*

- не істеді? неліктен? қандай? сұрақтарын қояды;
- сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды.
- сурет бойынша сипаттау немесе әңгімелеу мәтінін құрастырып жазады.

Орындау уақыты: 25 минут.

1. а) Берілген мәтіндерді түсініп оқыңыз.

Тоқылдақ – орман құсы. Ол ағаш қабығының астындағы зиянды жәндіктерді, оның дернәсілдерін тауып жеп, ағашты зақымданудан сақтайды. Тоқылдақты «орман емшісі» деп бекер айтпаған. Себебі тоқылдақ орманды құрттардан, ұсақ жәндіктерден тазартады. Тоқылдақ – пайдалы құс.

б) Мәтінге сұрақ қоя отырып, кестені толтырыңыз.

Сұрағы	Мәтіннің түрі

2. Берілген жоспар мен суретті пайдалана

отырып, тоқылдақ туралы сипаттау мәтінін құрастырып жазыңыз.

1) Құстың атауы



2) Сыртқы бейнесі: денесі, басы, тұмсығы, қанаты, құйрығы, тырнағы.

3) Ерекшеліктері: қайда мекендейді?, немен қоректенеді? т.б.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Сұрақ қою арқылы мәтіннің түрін анықтайды	1	сұрақ қою арқылы әңгімелеу мәтінін анықтайды;	1
		сұрақ қою арқылы пайымдау мәтінін анықтайды.	1
Сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастырып жазады.	2	сурет бойынша сипаттау мәтінін құрастырып жазады;	1
		берілген жоспарға сәйкес жазады;	1
		сын есімдерді орынды қолданады;	1
		сөйлемдерді сауатты жазады.	1
Барлығы			6

Токсандық жиынтық бағалаудың мақсаты: жаңартылған орта білім беру мазмұны саласында тоқсандарда қалыптасқан білім, білік, дағды деңгейінде және оқу мақсаттары білім алушылардың жетістігін бағалауға жиынтық бағалау бағытталған.

2-тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы - 45 минут

Балл саны – 16

Тыңдалым мен айтылым бөлек тексеріледі.

«Қазақ тілі» пәні бойынша 2-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Сөйлеу әрекетінің түрі: Тыңдалым және айтылым

1-тапсырма

Аталған тақырып пен тірек сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырып айтыңыз.

Тақырып: *Күтпеген кездесу*

Тірек сөздер: күз, тоғай, серуендеу, бір кезде, қызық оқиға, тиін, жел соғу, кепкен саңырауқұлақтар, жерге түсу, кірпілер, жинап алу, таңдану.

Балл қою кестесі

Сұрақ №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Әңгімелеу барысында тірек сөздерді пайдаланады.	1	
2	Әңгімелеу барысында тақырыптан ауытқымайды.	1	
3	Мәтінді жүйелі құрастырады.	1	
Барлығы		3	

Оқылым

1-тапсырма

Өлеңді түсініп оқыңыз. Мағынасы жуық сөздердің астын сызыңыз.

Ұзақ шарлап ауланы, Торғай тоңды, жаурады.

2-тапсырма

Өлеңнен мағынасы қарама-қарсы сөздерді теріп жазыңыз.

Ащы, бірде тәттісің, Жұмсақ, бірде қаттысың.


1. _____

2. _____

3-тапсырма

Суретке мұқият қараңыз.

Кірпінің денесіндегі үшкір тікенектер мен шыршаның қылқандары бір сөзбен қалай аталады?



Жауабы: _____

- Бос орынға жасырын сөздің үшінші мағынасын білдіретін заттың суретін салыңыз.

- Суретін салған затқа қатысты бір сөйлем құрап жазыңыз.

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Тоңды	1	
	Жаурады	1	
2	Ащы – тәтті	1	
	Жұмсақ – қатты	1	
3	Ине	1	Білім алушылардың құрастырған басқа сөйлемдері де қабылданады.
	Иненің суретін салады.	1	
	Апам инемен көрпе тікті/Мен инені сабақтадым/ Инені ауызға салуға болмайды т.б	1	
Барлығы		7	

Сөйлеу әрекетінің түрі: Жазылым

1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз.

Адасқан құмырсқа

Баяғыда бір құмырсқа өзінің бауырластарына өкпелеп, илеуден кетіп қалыпты. Ол қоңыз бен араға жоголып, достасты.

Бірде құмырсқа жол үстінен бидайдың үлкен дәнін тауып алды. Оны өзімен бірге алып кетпекші болды. Бірақ қанша әуреленсе де дәнді орнынан қозғалта алмады. Құмырсқа жаңа достарын көмекке шақырды. Бірақ достары көмекке келе қоймады.


Не істерін білмей тұрған құмырсқаға өзінің бауырластары кездесіп қалды. Олар дәнді жеткізуге көмектесті.

Сөйтіп, өкпелеп кеткен құмырсқа өзінің илеуіне қайта оралыпты.


а) Мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін анықтаңыз.



□



□



□



□

в) Берілген жоспар мен тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын жазыңыз.

Жоспар	Тірек сөздер
1.Реніш 2.Көмек сұрау 3.Достарымен табысу	Құмырсқа, бауырластар, ренжу, қоңыз, ара, достасу, дән табу, көмек сұрау, түсіну, қосылу.

Балл қою кестесі

Сұрақ №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1(а)	Мәтіннің мазмұны бойынша суреттердің ретін анықтайды	1	
1(в)	Мәтінді жоспар бойынша жазады.	1	
	Мәтіннің құрылымын (басы, ортасы, соңы) сақтайды.	1	
	Тірек сөздерді пайдаланады.	1	
	Сөйлемдерді дұрыс құрастырады.	1	
	Сөздер мен сөйлемдерді сауатты, көркем жазады.	1	
Барлығы		6	

«Дүниетану» пәні

«Дені саудың – жаны сау» ортақ тақырыбы бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты: 2.1.2.1 Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін түсіндіру.

2.1.4.1 Түрлі дереккөздер негізінде пайдалы және зиянды тағамдардың арасындағы айырмашылықтарды анықтау.

2.1.4.2 Күнделікті жағдаяттардағы (үйде және қоғамдық орындарда) қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.

Бағалау критерий: *Білім алушы*

- Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды
- Пайдалы және зиянды тағамдардың айырмашылығын түсіндіреді
- Үйдегі және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелерін атайды

Орындау уақыты: 20 минут

Тапсырма.

1. Суреттерге мұқият қараңыз. Мектептегі оқу әрекеттерін білдіретін суреттерді қызыл түспен, оқудан тыс әрекеттерді білдіретін суреттерді көк түспен белгілеңіз.



2. Берілген суреттерден өзіңізге ұнайтын әрекетті таңдап алыңыз және сипаттап жазыңыз



3. Сөйлемдерді оқыңыз. Қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерін білдіретін сөйлемдердің тұсына «+» таңбасын қойыңыз.

- 1) Жүріп келе жатқан көлікке секіріп мінуге болмайды. ☐
- 2) Қозғалыс кезінде жүргізушімен сөйлесуге болмайды. ☐
- 3) Бөтен адамдармен сөйлесуге және үйге ертіп әкелуге болмайды. ☐
- 4) Қоғамдық көліктің ішінде арнайы тұтқадан ұстап тұру керек. ☐
- 5) Бөтен адамдардың көліктеріне отыруға болмайды. ☐

Балл қою кестесі

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Мектептегі оқу және оқудан тыс әрекет түрлерін анықтайды.	1	мектептегі оқу әрекетін бейнелейтін суреттерді қызыл түспен белгілейді;	1
		оқудан тыс әрекеттерді бейнелейтін суреттерді көк түспен белгілейді;	1
		таңдалған әрекет түрін сипаттайды.	1
Пайдалы және зиянды тағамдардың айырмашылығын түсіндіреді.	2	тағамдардың пайдасы туралы жазады;	1
		зиянды тағамдар туралы жазады.	1

Үйде және қоғамдық орындардағы қауіпсіздік ережелерін атайды.	3	қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерінің біріншісін белгілейді;	1
		қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерінің екіншісін белгілейді;	1
		қоғамдық көліктегі қауіпсіздік ережелерінің үшіншісін белгілейді;	1
Барлығы			8

Қорытынды:

- әр пән бойынша берілетін тапсырмаларды мұғалім мен сүйемелдеуші педагог әр оқушыға жеке қарастырады және бақылайды;
- БЦП-мен ауыратын балаларға қосымша диагноз ретінде ПДТ диагнозы да қойлатындықтан, логикалық ойлауға берілетін тапсырмаларды қысқарту қажет;
- бағалау барысында әрбір баланың физиологиялық ерекшеліктері ескерілуі керек (жазу дағдысы қалыптаспаған балалар) және орындалған тапсырмалардың санына қарай тиісті баға қою қажет;
- бағалау критерийлеріне әрбір оқушының диагнозы мен психологиялық физиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, өзгеріс енгізу керек;
- егер тапсырманы орындау үшін оқушылардың негізгі контингентіне 15-20 минут уақыт берілетін болса, инклюзивті оқушыларға орындау уақытын 30-40 минутқа ұлғайту керек.

«Ашық Әлем» Қоғамдық Қорының (ҚҚ) «Ресурстық сынып» жобасы бойынша аутизмі бар балалар жалпы білім беретін ортаға инклюзиясы Алматы қаласында 4 жыл, Астана қаласында 3 жыл көлемінде іске асырылуда. Жоба инклюзия барлық адамдар үшін мүмкін екендігін көрсетті. Жобаға қатысушылардың барлығының академиялық және әлеуметтік дағдыларының прогресі байқалуынан жобаның табысты екендігін көреміз.

№23 орта мектебінде ресурстық сыныптардың қолдауымен аутизм диагнозы бар 5 оқушы білім алады. 1-сыныпта 1 оқушы, 2 жалпы білім беретін сыныпта 2 оқушы, психикалық дамуы кідірген оқушылар оқитын 2-сыныпта 1 оқушы және психикалық дамуы кідірген оқушылар оқитын 5-сыныпта 1 оқушы. Барлық оқушылар тьютордың (педагог ассистенті) сүйемелдеуімен білім алады. №79 мектеп-лицейде де аутизм диагнозы бар 5 оқушы, 3 оқушы 1-сыныпта және 2 оқушы 2-сыныпта тьютордың (педагог ассистент) сүйемелдеуімен білім алады.

Мінез-құлық маманы, АВА толық бағдарламасының ВсаВА деңгейін бітірген, «Ашық Әлем» ҚҚ жобасы арқылы құрылған №23 орта мектебі мен №79 мектеп-лицейі ресурстық сыныптарының кураторы Калиева Жанара аутизмі бар балалардың жалпы білім беретін ортаға инклюзиясы туралы өз көзқарасын білдіреді:

«Инклюзияның процесін мен екі жақтан көремін: бірінші жағы – 2-сыныпта оқитын аутизмі бар қыз баланы тәрбиелеп отырған ана ретінде, келесі жағы – маман ретінде, ресурстық сынып кураторы. Екі жағынан да қалыпты мектепте оқытудың үлкен артықшылықтарын байқаудамын.

Аутизмі бар балалардың дамуында қандайда болмасын кідірістің болатындығы байқалады. Академиялық білім оларға жеке оқытуға қарағанда тиімді игеріледі. Сонымен қатар, аутизмі бар балалардың мінез құлқында жиі кейбір жағымсыз қылықтар мен өзін-өзі ынталандырулар болып тұрады, бұндай жағдайлар қалыпты сынып оқушыларының назарын жұмыстан алаңдатады. Осы жағдайлар бұл оқушылардың үйде немесе арнайы мекемелерде оқытылуына негіздеме болды. Сонымен, тікелей осындай балалармен жұмыс істейтін біз, ата-аналар мен мамандар, аутистік спектрінің бұзылуы (АСБ) бар балалардың қалыпты ортада болуының өзі қиыншылықтар туындататынына қарамастан, неге инклюзияны жақтауамыз? Түсіндіруге тырысайын.

Аутистік спектрінің бұзылуын (АСБ) қандай белгілер сипаттайды? Негізінен бұл қарым-қатынастың бұзылуы мен қызығушылығының шектеулі болуы. Аутизмі бар балалардың көпшілігінің мінез-құлық нормаларын қоғамда түсіну мен қабылдау қиындықтар тудырады, басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсуді үйренулері күрделі. Жеке сабақтар жүргізу барысында көптеген академиялық дағдылар мен әлеуметтік нормалардың теориясын үйрете алсақ та, қалыпты ортада меңгерілген теорияны бекітіп, қорыта алмаймыз, сондықтан келешек өмірлерінде оларды пайдалана алмайды. Оқып, жазып, есептей біліп және көптеген пәндер бойынша терең білімді бола тұра, ересек аутизмі бар адамдар мектеп бітіргеннен кейін жұмыс таба алмай, ментальды мүгедектер болып қалады. Сондықтан өмірінің соңына дейін мемлекеттің қамқорлығында жүреді. Дегенмен де, көптеген мемлекеттердің, мысалы АҚШ, тәжірибесі, егер аутизмі бар балалардың инклюзиясын жалпы білім беретін ортаға ертерек араластырса ересек өмірлерінде әлеуметтік қарым қатынасқа түсуінің артатындығын, өмір деңгейінің де жақсаратындығын көрсетеді. Сонымен қатар, аутизмі бар балалардың өмірінің бастапқы уақыттарында шығынның көптігіне қарамастан, болашақта мемлекетке инклюзивті білім беру одан да пайдалы болуы мүмкін, өйткені әлеуметтік бейімделген, өз бетімен өмір сүре алатын және жұмыс істейтін адамдарды тәрбиелеп алуға болады.

Біз өз мектептерімізде мінездің қолданбалы талдауына негізделген инклюзияның «Ресурстық сынып» үлгісін қолданамыз. Мінездің қолданбалы талдауы (АВА - Applied behavior analysis) қазіргі уақытта жалғыз ғылыми-қолданбалы пән, оның аутизмді түзетудегі тиімділігі ғылыми зерттеулермен дәлелденген. «Ресурстық сынып» құрылымы келесідей: тьюторлар – тікелей баламен жұмыс істейтін мамандар, ресурстық сынып мұғалімі, куратор және супервайзер. Ресурстық сынып ұжымының жұмысы баланы тестен өткізуден, яғни оның мықты және әлсіз жақтарын анықтау, дамуының жеке бағдарламасын әзірлеу, жағымсыз мінез-құлқына бақылау жасау (егер ол байқалса) және мінез-құлқын түзету жоспарын құрудан, инклюзияға дайындау мен біртіндеп инклюзияны іске асырудан, оқушының сыныпқа бейімделуіне көмектесуден, құрдастарымен байланысқа түсуін реттуден және т.б. тұрады. Сонымен, бала қалыпты сыныпқа қоршаған ортаға кедергі келтіретін жағымсыз мінез-құлықсыз, дайын күйінде келеді.

Мен жобамыздың аясында өзімнің жасаған байқауларымды ұсынғым келеді. Аналардың барлығы инклюзивтің нәтижелі болатындығына сенімді болған жоқ. Кейбір аналар өз балаларының мектеп жағдайындағы алғашқы күндеріндегі жағымсыз мінез-құлықтарын, сыныпқа кіргілері келмегендігін көріп жобаға қатысу туралы шешім қабылдағандарына өкініп қалғандары да болды. Қазір жоба басталғаннан бері 3 жыл өткеннен кейін сенімді түрде біздің барлығымыздың жолымыз болғандығын айта аламыз. Біз өзіміздің балаларымыздың қалай өзгергіндігін көріп отырмыз. Олардың әлеуметтік дағдылары, сөйлеуінің дамуы және академиялық дағдыларындағы прогресті көріп отырмыз. Мысалы, таныс емес ғимаратқа кіре алмайтын, оған кіргізуге тырысқанда мазасызданатын ұл бала қазір сыныптастарымен бірге мектепте еркін жүріп, кез-келген кабинеттерге кіре алады, сонымен қатар сыныптағы балалармен бірге лагерьге жеке сүйемелдемеушісіз бара алады. Балалардың бәрінің дерлік мінез-құлқы едәуір жақсарды. Олардың қалыпты сынып оқушыларымен кіріккендігі соншалықты, кейде қай балада аутизмі бар екендігін аңғара алмайсыз.

Біз үшін инклюзияның маңызы мектеп бағдарламасын меңгертуде емес, қарым-қатынасқа түсу, яғни балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруында, оларды ересек өмірге дайындауда. Ал олардың дамуы қалыпты құрдастары үшін бірінші орында толеранттылық, мейірімділік, адамдардың ерекшеліктеріне қарамай тең екендігін түсіну. Аутист баламен, мүгедектер арбасында отырған баламен, нашар көретін немесе нашар еститін балалармен бірге оқыған дамуы қалыпты бала өзінің қартайған ата-анасын ешқашан тастамайды, мұқтаж адамдарға әрқашан көмек қолын созатын болады.

Аутизмі бар балаларды суммативті бағалу (дамуында ерекшеліктері бар басқа балаларға да қолдануға болады).

Аутизмі бар балаларда кең ауқымды зияткерлік даму болуы мүмкін: терең ақыл-есінің кемдігінен орташадан жоғары зияткерлік даму аралығында. Аутизмі бар балаларға ортақ белгілер: оқыған мәтіннің мазмұнын түсінудің қиындығы; метафоролар мен астарлы сөздерді тура түсіну; естігенін түсінудегі қиындықтар; ақпаратты өңдеуінің баяулығы; белсенді сөз қорының таяздығы (енжар сөз қорының қалыпты болғанының өзінде). Аутизмі бар балаларға мозаикалық түрдегі даму тән, яғни кейбір мысалы математикалық, музыкалық немесе сурет салу қабілеттері қалыпты немесе жоғары деңгейде болса, кейбір мысалы қолдың ұсақ және ірі моторикасы, сөзді қабылдау қабілеттері және т.б. төмен болуы мүмкін.

Сондықтан бағалау кезінде аутизмі бар балаларға уақыт шектеуін қоюға болмайды. Тек зияты толық сақталған балаларды ғана бағалауға болады. Егер ПМПК қорытындысында жеке бағдарламамен оқыту керек деген ұсыныс болса әр оқушының ерекшеліктерін, мықты және әлсіз жақтарын ескере отырып жеке оқу бағдарламасын (әр пәнге қатысу мөлшерін ескеріп) жасауды және осы бағдарламаны игеру критерийлерін бағалауды ұсынамын. Егер, қалыпты деңгейде дамыған балаларға жасалған талаптар бойынша жиынтық бағалау керек болса, уақыт шектеуін қоймай бағалауды немесе дамуы қалыпты балаларға

қарағанда екі есе көп уақыт берілуі ұсынылады. Алдына қойылған міндетті түсінуде қиындықтар туындаған жағдайда аутизмі бар балалар педагогтан немесе педагог ассистентінен (тьютор) көмек сұрай алады. Егер балада арнайы дайындық немесе демалу кестесі болса бағалау өткізу үшін бұл кесте бұзылмауы керек.

Аутизмі бар балаларды 2-сыныптың математика пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар

Аутизмі бар балаларда кең ауқымды зияттық дамуы болуы мүмкін: терең ақыл-есінің кемдігінен орташадан жоғары зияттық даму аралығында.

Аутизмі бар балаларға ортақ белгілер: оқыған мәтіннің мазмұнын түсінудің қиындығы; метафоралар мен астарлы сөздерді тура түсіну; естігенін түсінудегі қиындықтар; ақпаратты өңдеуінің баяулығы; белсенді сөз қорының таяздығы (енжар сөз қорының қалыпты болғанының өзінде). Аутизмі бар балалаларға мозаикалық түрдегі даму тән, яғни кейбір мысалы математикалық, музыкалық немесе сурет салу қабілеттері қалыпты немесе жоғары деңгейде болса, кейбір мысалы қолдың ұсақ және ірі моторикасы, сөзді қабылдау қабілеттері және т.б. төмен болуы мүмкін.

Сондықтан тесттен өткізу кезінде аутизмі бар балаларға уақыт шектеуін қоюға болмайды. Тек зияты толық сақталған балаларды ғана бағалауға болады. Егер ПМПК қорытындысында жеке бағдарламамен оқыту керек деген ұсыныс болса әр оқушының ерекшеліктерін, мықты және әлсіз жақтарын ескере отырып жеке оқу бағдарламасын (әр пәнге қатысу мөлшерін ескеріп) жасауды және осы бағдарламаны игеру критерийлерін бағалауды ұсынылады.

Аутизмі бар балаларды 2-сыныптың 2 тоқсанында *математика* пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар

Аутизмі бар балаларға уақыт шектеуін қоюға болмайды. Немесе дамуы қалыпты құрдастарына қарағанда екі есе көп уақыт берілуін ұсынамыз. Алдына қойылған міндетті түсінуде қиындықтар туындаған жағдайда аутизмі бар балалар педагогтан немесе педагог ассистентінен (тьютор) көмек сұрай алады. Егер балада арнайы дайындық немесе демалу кестесі болса тест өткізу үшін бұл кесте бұзылмауы керек.

Аутизмі бар балалардың көпшілігінде оқығанын түсіну қиындығы болатындықтан математикадан есеп шығаруда қиындықтар туындайды. Сондықтан есеп шығаруларын бағалау тек зияты толық сақталған балаларға ғана жүргізілуі керек. Кейбір балаларға есептегіш құралды қолдауға мүмкіндік беру керек.

«Екі таңбалы сандарды қосу және азайту. Жүздіктер. Есептер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше:	1.2 Сандармен амалдар орындау 4.3 Тізбектер 5.1 Есептер және математикалық модель
Оқу мақсаты:	2.1.2.5** Жүздіктерді ауызша қосу және азайтуды орындау. 2.1.2.8 Мынадай жағдайларда: $34+23$, $57-23$; $27+34$, $61-27$, $47+33$; $80-47$ екі таңбалы сандарды қосу және азайту алгоритмдерін қолдану. 2.4.3.1 100-ге дейінгі сандар, 1000-ға дейінгі жүздіктер тізбектерінің заңдылығын анықтау. 2.5.1.7** Екі амалмен шешілетін есептерді модельдеу және шығару.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану Анализ
Бағалау критерийі:	Білім алушы ☐ 1000 көлемінде жүздіктермен қосу және азайту амалдарын орындайды. ☐ $34+23$, $57-23$; $27+34$, $61-27$; $47+33$, $80-47$ түріндегі өрнектердің мәнін табады. ☐ 100-ге дейінгі екі таңбалы сандар тізбегіндегі және 1000-ға дейінгі жүздіктердің тізбегіндегі заңдылықты анықтайды. ☐ Құрама есептерді шығарады.
Орындау уақыты:	20 минут
1-тапсырма Есептеңіз және жауабын жазыңыз. $800 - 500 =$ $200 + 400 =$ 2-тапсырма Амалдарды орындаңыз. $17 + 76 =$ $90 - 36 =$ 3-тапсырма. Заңдылықты анықтаңыз және тізбекті тағы 3 санға жалғастырыңыз.	

27, 33, 39,

710, 610, 510,


4-тапсырма. Есепті шығарыңыз.

Мектептің спорт залындағы шкафта 24 футбол добы және одан 13-і артық теннис добы бар. Спорт залда барлығы қанша доп бар?

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
1000 көлемінде жүздіктермен қосу және азайту амалдарын орындайды.	1	толық жүздіктердің айырмасының мәнін табады;	1
		толық жүздіктердің қосындысының мәнін табады;	1
34+23, 57-23; 27+34, 61-27; 47+33, 80-47 түріндегі өрнектердің мәнін табады.	2	екітаңбалы сандардың қосындысының мәнін табады және жазады;	1
		толық ондықтан екітаңбалы санды азайтады;	1
100-ге дейінгі екітаңбалы сандар тізбегіндегі және 1000-ға дейінгі жүздіктердің тізбегіндегі заңдылықты анықтайды.	3	екітаңбалы сандар тізбегінің заңдылығын анықтай отырып, қатарды тағы үш санға жалғастырады;	1
		үштаңбалы сандар тізбегінің заңдылығын анықтай отырып,қатарды тағы үш санға жалғастырады;	1
Құрама есептерді шығарады.	4	есептің қысқаша шартын жазады/сызбасын сызады;	1
		бірінші орындалатын амалды таңдайды және өрнек түрінде жазады;	1
		бірінші орындалатын өрнектің мәнін табады;	1
		екінші амалды таңдайды және өрнек түрінде жазады;	1
		екінші орындалатын өрнектің мәнін табады;	1
		есептің жауабын жазады.	1
Барлығы			12


Бағлауға ұсынылып отырған жұмыстардың 1 және 2-тапсырмаларын беруге болады.

«Шамалар және өлшем бірліктер» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше:	1.3 Шамалар және өлшем бірліктер
Оқу мақсаты:	2.1.3.3 Шамалар мәндерін: ұзындық (см, дм, м)/масса (кг, ц) / көлем (сыйымдылық) (л) / уақыт (сағ, мин, ай, жыл) өлшем бірліктерін салыстыру және амалдар орындау. 2.1.3.5 Циферблат бойынша уақытты анықтау: сағат және минут.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
Бағалау критерийі:	Білім беруші ☐ Шамалардың арақатынасын пайдалана отырып, атаулы сандарды салыстырады. ☐ Атаулы сандармен қосу және азайту амалдарын орындайды. ☐ Уақытты анықтау үшін циферблатты қолданады.
Орындау уақыты:	10 минут
1-тапсырма Салыстырыңыз: 5 м 1 см 5 дм 11 кг 1 ц 1 сағ 6 мин 76 мин 88 л 98 л 2-тапсырма Өрнектің мәнін табыңыз. $8 \text{ дм} + 30 \text{ см} = 1 \text{ м} - 56 \text{ см} = 3 \text{ сағ } 20 \text{ мин} - 20 \text{ мин} = 24 \text{ кг} + 76 \text{ кг} =$ 3-тапсырма Сағатта көрсетілген уақытты жазыңыз.	
	

4-тапсырма

Циферблаттағы сағат тілдері 17 сағат 10 минутты көрсететіндей сурет салыңыз



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Шамалардың арақатынасын пайдалана отырып, атаулы сандарды салыстырады.	1	ұзындық шамаларын салыстырады;	1
		масса шамаларын салыстырады;	1
		уақыт шамаларын салыстырады;	1
		сыйымдылық шамаларын салыстырады;	1
Атаулы сандармен қосу және азайту амалдарын орындайды.	2	ұзындық өлшем бірліктерінің қосындысының мәнін табады;	1
		ұзындық өлшем бірліктерінің айырмасының мәнін табады;	1
		уақыт өлшем бірліктерінің айырмасының мәнін табады;	1
		масса өлшем бірліктерінің қосындысының мәнін табады;	1
Уақытты анықтау үшін циферблатты қолданады.	3	сағатта көрсетілген уақытты жазады;	1
		циферблатқа берілген уақытқа сәйкес сурет салады.	1
Барлығы			10

Жоғарыда бағалауға ұсынылып отырған жұмыстардың 1,2 және 3-тапсырмаларын беруге болады.


«Жиын және оның элементін белгілеу. □□және □□таңбалары» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Бөлімше:	4.1 Жиындар және олармен орындалатын амалдар 4.4 Заттардың комбинациялары 5.2 Математикалық тіл
Оқу мақсаты:	2.4.1.2 Сандардың жазылуындағы цифрлар саны, 2-ге бөлінуі, сандық тізбектегі алатын орындары т.б. бойынша сандық жиындар құру және жіктеу (бөліктеу).

	2.4.4.1 Қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру. 2.5.2.2 Жиынды белгілеу үшін латын алфавитінің бас әріптерін, жиын элементтерін белгілеу үшін латын алфавитінің кіші әріптерін; жиынға тиістілігін/тиісті еместігін белгілеу үшін, □ және □ таңбаларын пайдалану.
Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану, талдау, жинақтау және бағалау
Бағалау критерийі:	Білім алушы: • Сандардың топтарын жазылуындағы цифрларының саны бойынша анықтайды. • Жұп және тақ сандардың тобын құрастырады және жазады. • Сандарды сан қатарындағы орны бойынша топтайды. • Кез келген жиындардың элементтерінен «үш - үштен» комбинация құрастырады. • Жиындарды латын алфавитінің бас әрпімен, элементтерін кіші әріптермен белгілейді; • Элементтердің жиынға тиісті және тиісті еместігін белгілеу үшін □ және □ таңбаларын пайдаланады.
Орындау уақыты:	15 минут

1-тапсырма

Балықтарды **цифрларының саны** бойынша аквариумдарға бөліп орналастырыңыз.



2-тапсырма

1-ден 20-ға дейінгі тақ сандарды жазыңыз: _____

1-ден 20-ға дейінгі жұп сандарды жазыңыз: _____

3-тапсырма

20, 122, 482, 2, 605, 208, 900, 57 сандарын 200-дің алдындағы және одан кейінгі сандар тобына бөліп жазыңыз.

Кейінгі сандар




Алдындағы



4-тапсырма

Қоян, жолбарыс және түлкі бір қатарға тұрмақшы болды. Оларды неше түрлі тәсілмен орналастыруға болады?

Жазыңыз: _____.



5-тапсырма

Берілген сандарды екі жиынға біріктіріп, қоршап сызыңыз. Жиынды латын әріптерімен белгілеңіз.

33

66

400

44

600


99

700

100

6-тапсырма

М жиынының элементтеріне мұқият қараңыз. Элементтердің М жиынына тиісті немесе тиісті еместігін анықтаңыз, □ және □ таңбалары арқылы жазыңыз.



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Сандардың топтарын жазылуындағы цифрларының саны бойынша анықтайды.	1	бірінші аквариумге біртаңбалы сандарды топтастырады;	1
		екінші аквариумге екітаңбалы сандарды топтастырады;	1
		үшінші аквариумге үштаңбалы сандарды топтастырады;	1
Жұп және тақ сандардың тобын құрастырады және жазады.	2	20 көлеміндегі тақ сандарды жазады;	1
		20 көлеміндегі жұп сандарды жазады;	1
Сандарды сан қатарындағы орны бойынша топтайды.	3	200 санынан кейінгі сандарды анықтайды және жазады;	1
		200 санының алдындағы сандарды анықтайды және жазады;	1
Кез келген жиынның элементтерінен «үш-үштен» комбинация құрастырады.	4	комбинация құру тәсілдерінің санын анықтайды (6 тәсіл);	1
		комбинацияларды атайды (үштен кем емес).	1
Жиындарды латын алфавитінің бас әрпімен, элементтерін кіші әріптермен белгілейді,	5	элементтерді екі жиынға біріктіреді;	1
		жиындарды латынның бас әріптерімен белгілейді;	1
Элементтердің жиынға тиісті және тиісті еместігін белгілеу үшін	6	элементтердің жиынға тиістілігін анықтайды және сәйкес белгімен жазып көрсетеді;	1

және таңбаларын пайдаланады.	элементтердің жиынға тиісті еместігін анықтайды және сәйкес белгімен жазып көрсетеді.	1
Барлығы		13

Жоғарыда бағалауға ұсынылып отырған жұмыстардың 1, 2 тапсырмаларды беруге болады. 3-тапсырмада «келесі» және «алдыңғы» сөздерін «200-ге дейін» және «200-ден кейін» сөздерімен алмастыру ұсынылады.

«Әдебиеттік оқу» пәні

Аутизмі бар баларды 2-сыныптың 2 тоқсанында әдебиеттік оқу пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар

Аутизмі бар балаларда кең ауқымды зияттық дамуы болуы мүмкін: терең ақыл-есінің кемдігінен орташадан жоғары зияттық даму аралығында. Аутизмі бар балаларға ортақ белгілер: оқыған мәтіннің мазмұнын түсінудің қиындығы; метафоралар мен астарлы сөздерді тура түсіну; естігенін түсінудегі қиындықтар; ақпаратты өңдеуінің баяулығы; белсенді сөз қорының таяздығы (енжар сөз қорының қалыпты болғанының өзінде). Аутизмі бар балаларға мозаикалық түрдегі даму тән, яғни кейбір мысалы математикалық, музыкалық немесе сурет салу қабілеттері қалыпты немесе жоғары деңгейде болса, кейбір мысалы қолдың ұсақ және ірі моторикасы, сөзді қабылдау қабілеттері және т.б. төмен болуы мүмкін. Сондықтан тесттен өткізу кезінде аутизмі бар балаларға уақыт шектеуін қоюға болмайды. Немесе дамуы қалыпты құрдастарына қарағанда екі есе көп уақыт берілуі ұсынылады. Алдына қойылған міндетті түсінуде қиындықтар туындаған жағдайда аутизмі бар балалар педагогтан немесе педагог ассистентінен (тьютор) көмек сұрай алады. Егер балада арнайы дайындық немесе демалу кестесі болса тест өткізу үшін бұл кесте бұзылмауы керек.

Аутизмі бар балаларға әдебиеттік оқу пәнін оқыту барысында негізінен бейімделген мәтіндер қолданылуы керек. Мысалы, 2-3 беттен тұратын мәтін 4-5 сөйлемнен тұратындай болып қысқартылады және әрбір сөйлем мағанасына сай келетін суретпен безендіріледі. Бағалау үшін осындай бейімделген мәтіндер мен жазылған сөйлемдер бойынша сұрақтар қолдану ұсынылады.


2-сыныптың 2 тоқсанында жаратылыстану пәнінен жиынтық бағалауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар «Тірі табиғат» бөліміне жиынтық бағалау («Менің мектебім» ортақ тақырып аясында)

Бөлімше	2.3 Адам
Оқу мақсаты	2.2.3.1 Адамның тірек-қимыл жүйесінің қызметін анықтау. 2.2.3.4 Жеке гигиенаның денсаулықты сақтаудағы рөлін анықтау.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну

Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> ☐ Тірек-қимыл жүйесінің қызметін түсіндіреді. ☐ Денсаулықты нығайту үшін жеке гигиеналық ережелерді сақтаудың қажеттілігін анықтайды. ☐ Жеке бас гигиенасын сақтау ережелерін құрастырады.
Орындау уақыты	15 минут

1-тапсырма

Суреттерге мұқият қараңыз. Тірек-қимыл жүйесінің атқаратын қызметін жазыңыз.



Қанқа _____

Бұлшық ет _____

Кеуде қуысы _____

2-тапсырма

Адамның жеке бас гигиенасы ережелеріне сәйкес келмейтін суретті (□) белгілеңіз.



1



2



3



4



5



6

Таңертеңгі жуыну әрекеттерінің ережесін құрастырыңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

Бағалау критерийі	Тапсырма№	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Тірек-қимыл жүйесінің қызметін түсіндіреді.	1	қаңқаның қызметін анықтайды және жазады- денені тік ұстайды;	1
		бұлшық еттің қызметін анықтайды және жазады - денені қозғалысқа келтіреді;	1
		кеуде қуысының қызметін анықтайды және жазады- ішкі ағзаларды қорғайды;	1
Денсаулықты нығайту үшін жеке гигиеналық ережелерді сақтаудың қажеттілігін анықтайды. Жеке бас гигиенасын сақтау ережелерін құрастырады.	2	тақырыпқа сәйкес емес суретті анықтайды және белгілейді;	1
		жуыну;	1
		тісті тазалау;	1
		тарану.	1
Барлығы			7

Аутизмді бар балаларға уақыт шектеуін қоюға болмайды. Немесе мүмкіндік беріп, тапсырмаларды орындау үшін денсаулығы қалыпты құрбы-құрдастарынан гөрі уақыт кем дегенде 2 есеге көп болуы керек. Сабақты түсіну қиын болған кезде, өзінің алдында тұрған міндеттерін орындай алмай қиналған кезде, аутист бала педагогтің көмегіне жүгінуі тиіс.

Егер балада қандай да бір арнайы сабақ немесе демалыс режимі болатын болса, онда бұл режимді тестілеу кезінде бұзбау керек.

Бағалау үшін 2, 3 тапсырма қолданылуы мүмкін. Бірақ кейбір аутист балалардың тапсырмасын жеңілдету үшін, мұғалімнің көмекшісі сұрақты қысқаша түсіндіре алады. Мысалы, «Сен таңертең не істейсің?» (жеңілдетуге қажет болған жағдайда)

«Заттар және олардың қасиеттері» бөліміне суммативті бағалау («Туған өлкем» ортақ тақырып аясында)

Бөлімше	3.2. Ауа 3.3. Су
Оқу мақсаты	2.3.2.2 Ауаның кейбір қасиеттерін сипаттау (агрегаттық күйі, түсі, иісі). 2.3.3.1 Судың физикалық қасиеттерін анықтау (дәмсіз, иіссіз, белгілі бір формасының болмауы, аққыштығы).

Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Бағалау критерийі	<i>Білім алушы</i> ☐ Ауаның қасиеттерін анықтайды және сипаттайды. ☐ Судың физикалық қасиеттерін сипаттайды.
Орындау уақыты	15 минут

1-тапсырма

Ауа деген не? _____

Ауаның түсі қандай? _____

Ауаның иісі қандай? _____

Ауа мөлдір ме, жоқ па? _____

2-тапсырма

Суреттерде судың қасиеттерін зерттеу тәсілдері көрсетілген. Сурет бойынша судың қасиеттерін анықтаңыз және сөйлемдерді толықтырып жазыңыз.



1



3



2



4

1. Судың _____ жоқ.

2. Судың _____ жоқ.

3. Судың _____ жоқ.

4. Су- _____.

Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	Балл
		Білім алушы	
Ауаның қасиеттерін анықтайды және сипаттайды.	1	- ауаның газдардың қоспасы екенін анықтайды- (газ/ азот, оттегі, көмірқышқыл газ)	1
		- ауаның түсі жок/түссіз екенін жазады;	1
		-ауаның иісі жоқ /иіссіз екенін жазады;	1
		-ауаның мөлдір екенін жазады.	1

Судың физикалық қасиеттерін сипаттайды.	2	- судың дәмі жоқ/дәмсіз екенін жазады;	1
		- судың белгілі бір пішіні жоқ екенін жазады;	1
		- судың иісі жоқ /иіссіз екенін жазады;	1
		- судың аққыш екенін жазады.	1
Барлығы			8

Аутизмі бар балаларға уақыт шектеуін қоюға болмайды. Немесе мүмкіндік беріп, тапсырмаларды орындау үшін денсаулығы қалыпты құрбы-құрдастарынан гөрі уақыт кем дегенде 2 есеге көп болуы керек. Сабақты түсіну қиын болған жағдайда, өзінің алдында тұрған міндеттерін орындай алмай қиналған кезде, аутист бала педагогтің немесе педагогтің көмекшісінің көмегіне жүгіну тиіс. Егер балада қандай да бір арнайы сабақ немесе демалыс режимі болатын болса, онда бұл режимді тестілеу кезінде бұзбау керек. Бағалау үшін 1 және 2 тапсырма қолданылуы мүмкін. Бірақ кейбір аутист балалардың тапсырмасын жеңілдету үшін, мұғалімнің көмекшісі сұрақты қысқаша түсіндіре алады.

Дүниетану

2-сынып 2 тоқсанның «Менің мектебім» бөлімін бағалау үшін 1,2,3-тапсырмалар ұсынылады. Кейбір балалар үшін тапсырманың тұжырымдамасын жеңілдетіп жасау керек (қажет болған жағдайда тапсырманы жеңілдетуді педагог ассистенті (тьютор) жасай алады).

Аутизмі бар 1-сынып білім алушыларын жиынтық бағалау (Астана қ., № 71 мектеп-лицейі педагогтарының жұмыс тәжірибесінен).

Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар

Сауат ашу

«Сауат ашу» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары:

Тыңдалым және айтылым:

Мәтінді мұқият тыңдаңыз және берілген тапсырмаларды орындаңыз.

Бір күні бақшадағы көкөністер өздерінің адамға тигізетін пайдасы туралы дауласып қалыпты. Дауды қияр бастапты.

- Адамға мен пайдалымын. Мен тез өсемін. Бәріңнен бұрын пісемін. Адам мені көп пайдаланады, - деп мақтаныпты ол.

- Жоқ, бәрінен де мен пайдалымын. Менің ақ түсімнен адамдар қант алады, қызыл түсім нәр береді. Ешқандай зияным жоқ, - деп сөзге қызылша араласыпты.

- Ал менің шырыным өте пайдалы. Ол адамдарға күш береді, – депті сәбіз.

Бұл әңгімеге бақшадағы басқа көкөністер де қосылыпты. Олар бірін-бірі жеңе алмай ұзақ дауласып, ақырында адамның өзінен сұрауды жөн көріпті.

1. Дауға қандай көкөністер қатысты?

A) қияр, қызанақ, сәбіз

B) қызылша, картоп, қияр

C) қияр, қызылша, сәбіз

D) сәбіз, қызылша, пияз.

2. Сұрақтарға жауап беріңіз:

- Көкөністер не туралы дауласты?
- Сіз қай көкөніс пайдалы деп ойлайсыз? Неліктен?

Оқылым

1. Мәтінді оқыңыз. Мәтіннің бөліктерін анықтаңыз және байланыстырып сызыңыз.

Мұғалім бұлақ суының пайдасы туралы айтып берді. Бұл асқазан ауруларын емдейтін шипалы су болып шықты.		басы
Жазғы демалыста балалар тауға саяхатқа шықты. Қайрат пен Мұқан алға озып кетті.		ортасы
Олар тау етегіндегі мөлдір бұлақтың басына келді. Су ішті. Судың дәмі ерекше екен. Бұлақ басына басқа балалар да келді. Олар судың дәмі туралы әр түрлі пікірлер айтты.		соңы

2. Мәтіннің мазмұны бойынша тапсырмалар:

- Мәтінге ат қойыңыз.
- Бұлақтың суы қандай екен?
- Мәтіннің жанрын анықтаңыз

Жазылым

1. Суреттің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлем құрастырып жазыңыз.



1) Мараттыңдеген, бар, Ақтөс.



2) Ақтөс сүйкімді, өте.



3) Марат көреді, жақсы

Балл қою кестесі (Тыңдалым және айтылым)

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	(С)	1	Мәтіннің
	Өздерінің пайдасы туралы айтысты/Өздерінің адамға тигізетін	1	мазмұнына сәйкес кез келген дұрыс

2	пайдасы туралы дауласты		жауап қабылданады
	Көкөністердің бәрі де пайдалы/ Барлық көкөністің пайдасы бар	1	
Барлығы:		3	

Балл қою кестесі (Оқылым)

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Мәтіннің құрылымын анықтайды-басы	1	
	Мәтіннің құрылымын анықтайды – оқиғаның өрбуі (ортасы)	1	
	Мәтіннің құрылымын анықтайды - соңы	1	
2	Мәтіннің тақырыбын анықтайды	1	
	Мәтін бойынша сұраққа жауап береді	1	
	Мәтіннің жанрын анықтайды	1	
Барлығы:		6	

Балл қою кестесі (Жазылым)

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Мараттың Ақтөс деген күшігі бар.	1	Білім алушылар сөйлемді және жалқы есімдерді бас әріптермен жазады
	Ақтөс – өте сүйкімді күшік.	1	
	Марат күшігін жақсы көреді.	1	
Барлығы:		3	

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауға шолу

Ұзақтығы – 40 минут

Оқылым – 20 минут

Жазылым – 20 минут

Тыңдалым және айтылым бөлек тексеріледі.

Балл саны – 12 балл.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалауда әр түрлі тапсырмалар: бірнеше жауап таңдауға болатын сұрақтар, қысқа/толық жауапты қажет ететін сұрақтар қолданылады. Берілген нұсқа бірнеше жауапты таңдауы бар сұрақтарды, қысқа және толық жауапты қажет ететін сұрақтарды қамтитын 5 тапсырмадан тұрады.

Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден/сұрақтардан тұруы мүмкін. Бірінші тапсырма тыңдалым және айтылым дағдысын, екінші тапсырма оқылым, үшіншісі жазылым дағдысын тексеруге бағытталған.

Аутистік спектрінің бұзылуы бар балаларға бағытталған жұмысқа әдістемелік ұсынымдар:

Тыңдалым және айтылым дағдыларын меңгерген балаларға №1 тапсырма ұсынылады. Баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үшін мәтіннің бір ғана бөлімі ұсынылады. Логопедиялық сипаттағы бұзылыстары бар балаларға тапсырмаларды бөліктерге бөліп орындау, яғни мұғалімнің түсіндіруін немесе ауызша жеткізуін қажет етпейтін тапсырмалардың бөліктерін орындау ұсынылады.

Тапсырмалар жүйелі іс-әрекеттерге пікір білдіру арқылы орындалады. Сонымен қатар, аталған балалардың сырқатының ерекшелігіне байланысты материалдарды түрлендіру ұсынылады.

«Математика» пәні

«Математика» пәні бойынша 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Анасы ұлынан дүкеннен тоқаш сатып алып келуді өтінді. Тоқаш 16 теңге тұрады. Тоқаштың құнын төлеу үшін бала сатушыға қандай монеталарды бере алады?

Екі түрлі нұсқасын жазып көрсетіңіз.

Төмендегі монеталарды қолданыңыз. Бірдей монеталарды бірнеше рет қолдануға болады.




1-нұсқа _____

2-нұсқа _____

1. Есепті шығарыңыз.

Жағажайға 7 ұл және ұлдардан 4-еуі кем қыз бала келді. Жағажайға неше қыз бала келді?

3. Суретке қараңыз. Ақиқат тұжырымды (✓) белгілеңіз.



- A) жеміс жасыл түсті ☐
- B) жемістің сүйегі бар ☐
- C) жемістің сүйегі жоқ ☐
- D) жеміс үшбұрыш пішінді ☐


4. Суреттерге мұқият қараңыз. Оларды ортақ белгілері бойынша біріктіріңіз.

Бірінші жиынға қатысты суреттердің нөмірін бірінші сопақшаға, екінші жиынға қатысты суреттердің нөмірін екінші сопақшаның ішіне жазыңыз.



121

5. Суреттерге мұқият қараңыз. Нәтижесін тиісті тұжырыммен сәйкестендіріңіз.



Жиындардың бірігуі

Жиынның бөлігін айырып алу

6. Салыстырыңыз. $>$, $<$, $=$ таңбаларының тиістісін қойыңыз.

30 см 3дм

12 л 10 л

6 кг 60 кг

7. Амалдарды орындаңыз.


$70 \text{ кг} - 60 \text{ кг} =$

$90 \text{ л} - 40 \text{ л} =$

$1 \text{ дм} - 8 \text{ см} =$

8. Бір жазық фигураның және бір кеңістік денесінің суретін салыңыз.

9. Берілген суреттегі заттардың пішіні қандай геометриялық фигураларға ұқсайды? Бағытпен сәйкестендіріңіз.



Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	$10 + 2 + 2 + 2$ $5 + 5 + 1 + 1 + 2 + 2$ $10 + 1 + 1 + 1 + 1 + 1 + 1$ $2 + 2 + 2 + 2 + 2 + 2 + 2 + 2$	2	1) Берілген есепте монеталарды жинаудың екі түрлі тәсілін көрсету талап етіледі және олардың әрқайсысы 1 балмен бағаланады. 2) 16 теңгені жинауға қатысты басқа да дұрыс тәсілдер қабылданады.
2	Ұлдар - 7	1	Білім алушы есептің сызбасын сызуы да мүмкін..
	Қыздар - ?, 4-уі кем.		
	7 - 4 – амал таңбасын дұрыс таңдайды;	1	
	7 - 4 = 3 (қ.) – өрнектің мәнін дұрыс есептейді;	1	
	Жауабы: жағажайға 3 қыз келді.	1	
3	В)	1	
4	1,4	1	Жиындардың басқа нұсқалары да қабылданады.
	2,3, 5	1	
5	Жиындардың бірігуі	1	
6	=	1	
	<	1	
	>	1	
7	10 кг	1	

	50 л	1	
	2 см	1	
8	Жазық фигураның суретін салады	1	
	Кеңістік денесінің суретін салады	1	
9	Бөшкенің пішінін цилиндрмен сәйкестендіреді	1	
	Үйдің пішінін кубпен сәйкестендіреді	1	
Барлығы		20	

Аутистік спектрінің бұзылуы (АСБ) бар балаларды 1 - сыныптың 4 - тоқсанындағы математика бойынша жиынтық бағалауға әдістемелік ұсынымдар

Аутистік спектрінің бұзылуы бар балалардың сырқатының ерекшелігі ескеріліп, мұндай балаларға арналған тапсырмалар дифференциалданады. Ұсынылған 9 тапсырманың ішінен синтезсіз, үстіртін талдауды талап ететін, күрделілігі төмен тапсырмаларға басымдық беріледі. Аталған балалардың визуалды қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып, көрнекілік материалдарымен берілетін тапсырмаларды ұсыну қажет. Білім алушылар қысқа жауапты талап ететін сұрақтарға ғана жауап береді. Аталған жұмыстардан жиынтық бағалау үшін №1, 3, 4, 9 тапсырмалар ұсынылады. Тапсырманы білім алушы жүйелі іс-әрекетке пікір білдіру арқылы орындайды

«Дүниетану» пәні

1-сыныпқа арналған «Дүниетану» пәнінен 4-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

1. Суреттегі тағамдар қандай түрге жатады?

- A) зиянды тағамдар
- B) сүт тағамдары
- C) пайдалы тағамдар
- D) нан тағамдары



2. Зиянды тағамдар қатарын анықтаңыз

- A) апельсин, айран, табиғи шырын
- B) майонез, газдалған сусын, кетчуп
- C) сәбіз, ірімшік, газдалған сусын
- D) қаймақ, майонез, күріш ботқасы


3. Денені және киімді таза ұстау _____ деп аталады.

- A) табыс
- B) гигиена
- C) бақыт
- D) иммунитет

4. Жеке бас гигиенасының негізгі ережесін анықтаңыз.

- A) Әр адам дұрыс тамақтану керек.
- B) Әр адамның жеке заттары болу керек.
- C) Әр адам спортпен айналысу керек.
- D) Әр адам сәнді киім кию керек.

5. Саматтың 100 теңгесі бар. Ол осы ақшаға қандай үш түрлі тағам сатып ала алады?



Саматқа үш түрлі тағам таңдауға көмектесіңіз.

Екі түрлі нұсқасын жазып көрсетіңіз.


1. _____
2. _____

6. Ежелгі адамдардың өмірі туралы суретке мұқият қараңыз. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ежелгі адамдар қайда тұрған?
2. Олар тамақты қалай тауып жеген?
3. Киімдерін неден тіккен?
4. Еңбек құралдарын неден жасаған?
5. Отты қайдан алған?



7. Адамдар табиғатқа қандай зиян келтіреді? Табиғатқа зиян келтіретін үш суретті тауып, (✓) белгілеңіз.



8. Суреттерде табиғатта өзін-өзі ұстаудың қандай ережелері бейнеленген? Жазыңыз.



- 1) Гүлдерді _____ болмайды.
- 2) Ағаштардың бұтақтарын _____ болмайды.
- 3) Құстардың ұясына _____ болмайды.
- 4) Жануарларды _____ болмайды.

9. а) Суретке мұқият қараңыз. Берілген мақалдардың қайсысы суретке сай келеді



- А) Отансыз адам - ормансыз бұлбұл.
- В) Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені.
- С) Таза болса табиғат – аман болар адамзат.
- Д) Дос жылатып, дұшпан күлдіріп айтады.

б) Балаларға қандай кеңес берер едіңіз? Өз ойыңызды жазыңыз.

Балл қою кестесі

Сұрақ №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	С)	1	
2	В)	1	
3	В)	1	
4	В)	1	
5	Жауап нұсқалары:	2	Кез келген екі дұрыс жауап

	1. су, банан, алма 2. кекс, банан, балмұздақ 3. балмұздақ, шырын, алма		қабылданады. Әр дұрыс жауапқа 1 балл қойылады.
6	Үңгірде/шалашта/үңгірде және шалашта	1	
	Аң аулау/терімшілік/аң аулау және терімшілік	1	
	Теріден/жануарлардың терісінен/жабайы жануарлардың терісінен	1	
	Тастан/ағаштан/тастан және ағаштан	1	
	Найзағайдан/тастарды бір-біріне соғу арқылы/ найзағайдан және тастарды бір-біріне соғу арқылы/тастардан	1	
7	2-сурет	1	
	3-сурет	1	
	5-сурет	1	
8	Үзуге/жұлуға болмайды	1	Балл қоюда грамматикалық қателер есепке алынбайды.
	Сындыруға / кесуге болмайды	1	
	Тиісуге/бұзуға/ұстауға болмайды	1	
	Тиісуге/зиян келтіруге болмайды	1	
9 а)	С)	1	
9 б)	Оқушылардың ықтимал жауаптары: Орманды ластамандар/ Қоқыс қалдырмандар/ Тазалықты сақтамандар/ Табиғатты аяламандар/От жақпандар./Отты өшіріңдер.	1	Суреттің мазмұнына сәйкес кез келген дұрыс жауаптар қабылданады.
Барлығы		20	

Жиынтық бағалауды өткізгенде күрделі талдауды қажет ететін тапсырмаларды алып тастау ұсынылады. Аталған балалардың визуалды қабылдау және көрнекі-бейнелі ойлауын ескере отырып, №1 сұрақсыз, №5, №6 әр сұрақты алдын ала түсіндіру арқылы, №7 тапсырмалар ұсынылады. Терең логикалық ой қорытындысына бағытталған сұрақтар алынып тасталуы қажет.

Қорытынды

ЭЫДҰ әлемнің күннен күнге бұрын белгісіз жаһандық сын-қатерлермен бетпе-бет келіп отырғанын және осал, алдын ала болжауға болмайтындай болып келе жатқанын негізге алады.

VUCA әлемі (Volatile – тұрақсыз, Uncertain – белгісіз, Complex – күрделі, Ambiguous – қайшылықты). VUCA әлемі – бұл тез ауысатын технологиялар (біз 4-ші технологиялық революцияның кезеңінде өмір сүрудеміз), табиғи апаттар, техногендік апаттар, жаңа әлемдік тұрақсыздық қатері, жаһандық демографиялық теңгерімсіздік, үдемелі әлеуметтік тұрақсыздық пен сәйкессіздіктер, жұмыссыздар мен NEET буыны үлесінің артуы.

XVII ғасырдың адамы бүкіл өмір бойы алатын және өңдейтін ақпаратын қазіргі заманғы адам 1 айда алып, өңдейді.

Енді жас адамды мұндай жағдайларда өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, тұлғалық құзыреттілік пен қарым-қатынастар жеткіліксіз.

Озық экономикалар «білетін адам» білім беру мақсатынан «шығармашылықпен ойлай алатын, әрекет ете алатын, өзін-өзі дамыта алатын адам» мақсатына ауысуын талап етеді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың объективті және әділ жүйесі білім беру мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады.

Көптеген онжылдықтар бойына білім алушылардың оқу жетістігін бағалау басқа білім алушылардың нәтижесімен салыстыру түрінде болып келді және бұлай бағалау тәсілінің көптеген кемшіліктері болды. Білім алушылардың оқу жетістіктерін жаңа бағалау жүйесін әзірлеу үшін «НЗМ» ДББҰ, «Мирас» мектебінің тәжірибесі зерделеніп, еліміздің 30 пилоттық мектебінде жаңа бағалау жүйесінің апробациясы өткізілді.

Білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалау жүйесі бойынша әзірленген тұжырымдамада мақсаты мен міндеттері, іске асыру кезеңдері, қатері, күтілетін нәтижелері және практикалық маңыздылығы анықталды.

Әзірленген әдістемелік құралда оның ішінде, жынтқы бағалау, белгілі бір оқу кезеңдері мен оқу бағдарламаларын меңгеруі бойынша қойылған балл мен бағаларды мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға көрсетуге арналған бағалау жүйесінің маңызы ашылған.

Білім беру процесінде жиынтық бағалау бойынша білім алуға ерекше қажеттіліктері бар болашақты құрудың негізі болып есептелетін оқушыларға бағалау бойынша балаларды қолдау үшін ұсынымдамалар берілген. Бағалау бойынша мұндай тәсіл оқу материалының меңгерілгенін, білім алушылардың практикалық дағдылары қалыптасқанын, білім беру процесіндегі проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдамалар мұғалімге білім алушылардың оқу жетістіктерін жоспарлауға және білім алуға ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды бағалауға мүмкіндік береді [29].

Бүгінгі мектеп оқушылары – интеллектуалды ұлт әлеуеті және олардан

еліміздің болашағы тәуелді болады.

Жаһандық қайта құру және әлемдік трендтер мектептегі білім мазмұнын жаңартудың қарқынын тездетуді талап етеді және білім алушылардың жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесі, сондай-ақ, білім сапасын арттырудың шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Беспалько В. П. Слагаемые педагогической технологии. – М.: Педагогика. 1989. – 190-б.
2. Березовин Н.А., Цырельчук Н.А., Чеховских М.И. Психология и педагогика. 2 бөлімде. Минск. – 2002. 2-б. (Керролл және Блум бойынша).
3. сайт: <http://www.miras.kz/ru/component/content/article/24>.
4. «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 265 бұйрығы.
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // ҚР 13.11.2015 жылғы № 398-V; 03.12.2015 жылғы № 433-V заңдарымен енгізілген өзгерістерімен 56-бап.
6. Karagiannis A., Stainback S., Stainback W. Historical overview of inclusion // A guide for educators / By ed. S. Stainback, W. Stainback. — Baltimore: Paul H. Brookes, 1996. — P. 17-28.
7. Harrower J.K, Dunlap G. Including Children With Autism in General Education Classrooms. A Review of Effective Strategies // Behavior modification. — 2001. — 25 (5). — 762-784.
8. Joseph R.M., Tager Flusberg H., Lord C. Cognitive profiles and social-communicative functioning in children with autism spectrum disorder // Journal of Child Psychology and Psychiatry. — 2002. — 43. — 807-821.
9. Aune B., Burt B., Gennaro P. Behavior Solutions for the Inclusive Classroom // Future Horizons. — 2010.
10. «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 60 бұйрығы.
11. сайт: <http://smk.edu.kz>.
12. Блум Б.С. (1956). Классификация учебных целей. Нью Йорк: Лонгман.
13. Блум Б.С., Кратвиль Д. (1956). Таксономия целей обучения. Нью Йорк: Лонгман.
14. Блэк П., Уильям Д. (2009). Педагогические исследования: формативное оценивание. Британ ғылыми зерттеу журналы, № 29.
15. Вуд Д., Брунер, Дж. С., Росс, Г. (1976). Скаффолдинг, тьюторство и компьютерное сопровождение обучения. Балалар психологиясы және психиатриясы журналы, 17(2), 89-100.
16. Выготский Л.С. (1978). Развитие высших психических функций. Москва: изд. АПН РСФСР.

17. Педагогикалық шеберлік орталығы Кембридж университетінің Білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген біліктілікті арттыру бағдарламаларына арналған глоссарий: оқу-әдістемелік құрал (2012). Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы.
18. Зимняя И.А. (1973). Психология слушания и говорения. Москва: Докторлық диссертация.
19. Логвина И., Рождественская Л. Инструменты формирующего оценивания в деятельности учителя-предметника. Мұғалімге арналған құрал. – Нарва, 2012. – 48-бет.
20. Оценивание учебных достижений учащихся. Әдістемелік басшылық/Құраст. Р. Х. Шакиров, А.А. Буркитова, О.И. Дудкина. – Б.: «Билим», 2012. – 80-бет.
20. ЕЫДҰ (2014). Ұлттық білім саясатына шолу. Қазақстандағы орта білім.
21. Пинская М.А. Формирующее оценивание: оценивание в классе: Оқу құралы. – М.: Логос, 2010. – 264-бет.
22. Уигнис Г. и Тай Дж. (2011). Что такое «обратный дизайн»?
23. Уильям Д. (2008). Изменяя практику в классе. Заметки из исследований Ширли Кларка, Дилана Уильяма и Национальной стратегии.
24. Уильям Д. и Томсон М. (2007). *5 основных стратегий для формативного оценивания.*
25. Фишман И.С., Голуб Г.Б. Формирующая оценка образовательных результатов учащихся: Әдістемелік құрал. - Самара: «Учебная литература» баспасы, 2007. – 244-бет.
26. Шамова Т.И. Современные средства оценивания результатов обучения в школе. – Москва: Педагогическое общество России/2007. – 176-бет.
27. Д. Митчелл. Эффективные педагогические технологии специального и инклюзивного образования. М.: Перспектива, 2011 ж.
28. Инклюзивті білім беру саласындағы саясаттың негізгі принциптері. Париж: ЮНЕСКО, 2009 ж.
29. Специальная педагогика.//Н.М.Назарова ред. – М.: Академия, 2000 ж.

Мазмұны

Кіріспе.....	5
1. Критериалды бағалау жүйесі аясындағы қорытынды жиынтық жұмыс.....	7
2. Жиынтық бағалаудың тәртібі.....	21
3. Инклюзивті білім беруді есепке ала отырып, бастауыш мектептің оқу пәндері бойынша қорытынды жиынтық жұмыс бойынша әдістемелік ұсынымдар.....	31
Қорытынды.....	92
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	94
Қосымшалар.....	97

Тоқсандық жиынтық бағалауды өткізу бойынша мұғалімдерге арналған нұсқау

Білім алушылар орындарына жайғасып, тоқсандық жиынтық бағалау жұмысын орындауға дайын болған кезде мұғалім төмендегілерді орындауы қажет:

- Тапсырманы білім алушы отырған партаның үстіне бетін төмен қаратып қояды, бетті аударып қарамауын өтінеді.

- Білім алушыларға бағалауды өткізу ережелерін сақтау қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

- Бағалауды өткізу кезінде білім алушылардың бір-бірімен сөйлесуіне, көмек сұрауына, біреуге көмектесуіне болмайтыны туралы ескертіледі.

- Білім алушылардың тапсырманы орындауға қажетті құралдарының бар екеніне көз жеткізеді.

- Білім алушылардан тапсырма парағының бетін аударып, өзі туралы мәліметті толтыруын сұрайды: білім алушының тегі, аты және сыныбы (мектебі).

- Алғашқы беттегі нұсқауды дауыстап оқып, жұмысты орындауға берілген уақытты хабарлайды. Бағалау жүргізіліп жатқан кезде білім алушылардың бір-бірімен сөйлеспеу керектігін ескертеді.

- Білім алушылардың нұсқауды түсінгеніне көз жеткізеді, сұрақ туындаған жағдайда жиынтық бағалау жұмысы басталмас бұрын жауап береді.

- Тақтаға басталу және аяқталу уақытын жазады, білім алушылар хабардар болу үшін қосымша дауыстап айтады.

- Бағалау жүріп жатқан кезде білім алушылардың жұмысты өз бетінше орындап жатқанына көз жеткізеді. Олар бір-бірімен сөйлеспеуі қажет, бір-бірінен көшіруіне болмайды.

- Білім алушылардың тапсырманы орындау кезінде көмек болатын қосымша құралдарды қолданбағанына көз жеткізеді, мысалы, сөздіктер немесе калькуляторлар (егер аталған заттар тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясында қарастырылмаған болса).

- Білім алушыларға «Математика», «Жаратылыстану» сияқты пәндерден шешу жолдарын көрсетіп, содан соң ғана жауап жазу бағанына тек нақты жауапты жазу қажеттігін түсіндіреді.

- Бағалау өтіп жатқан кезде мұғалім нұсқауға немесе жұмысты орындау уақытына қатысты сұрақтарға жауап береді. Мұғалім білім алушылардың жазуына, сұрақты өзгертіп айтуға көмектесуіне немесе ақпарат беруіне болмайды.

- Білім алушылардың келген, келмегенін белгілеп алу қажет. Білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай анықталған уақыт аралығы, яғни жұмысты орындауға неше уақыт қалғаны туралы ақпарат беру маңызды. Бағалау жұмысын аяқтауға 5 минут қалғанын білім алушыларға әрқашан ескертіп отыру қажет.

- Егер кейбір білім алушылар жиынтық бағалау жұмысын белгіленген уақыттан бұрын орындайтын болса, өз жауаптарын қайта қарап шығуын өтінеді. Жиынтық бағалау жұмысын орындау уақыты аяқталған соң білім алушылардан жұмысты орындауды тоқтатуын және қалам/ қарындаштарын үстел үстіне қоюын өтінеді. Барлық жұмыс жиналып біткенше білім алушылардың бір-бірімен сөйлеспеуі және тыныш отыруы өте маңызды.

**Бөлімді/өтпелі тақырыпты (айдар) жиынтық бағалау қорытындысы
бойынша ата-аналарға ақпарат**

Білім алушының аты-жөні	_____		Пән Сынып	_____
Токсан _____ Бөлімді/өтпелі тақырыпты суммативті бағалау «_____»				
Бағалау критерийлері	Оқу жетістіктерінің деңгейі			
	Төмен	Орташа	Жоғары	
(бағалау критерийлерін құрастыру)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің төменгі деңгейін сипаттау)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа деңгейін сипаттау)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің жоғары деңгейін сипаттау)	☐
(бағалау критерийлерін құрастыру)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің төменгі деңгейін сипаттау)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің орташа деңгейін сипаттау)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің жоғары деңгейін сипаттау)	☐
Оқытушының қосымша пікірі:	(оқытушының пікірі)			

Б. Блум таксономиясына сәйкес бағалау критерийлерін бөлу

Мақсатқа жету кезеңдерін анықтау мақсатында, ойлау дағдылары деңгейлері бойынша бөлінетін, Б.Блумның білім беру мақсаттары таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері жасалынады.

Блум таксономисы - 1956 жылы американдық психолог Бенжамин Блуммен ұсынылған, ойлау дағдыларының алты деңгейін бағамдайтын когнитивті саладағы білім беру мақсаттарының педагогикалық классификациясы.

Анықталған дағдыларды тура бағалау критериялды бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Ойлау дағдыларының деңгейлері үш топқа бөліп қарастырылған:

- білім және түсінік;
- қолдану;
- жоғары тәртіп дағдысы (анализ, синтез, бағалау).

Бағаланатын дағдалардың сипаттамасы

Ойлау дағдыларының топтары	Сипаттамасы	Етістіктер
Білім және түсінік	Нақты деректерді, ақпарат пен суреттеуді, есте сақтау немесе жаңғырту қабілеттіліктерін бағалау, ақпаратты болжамдау немесе түсіндіру, дұрыс жаңғырту арқылы меңгерілген материалды түсіну және жеткізу.	Санайды, есте сақтайды, атайды, талқылайды, анықтайды, айтады, жазып алады, қайталайды, көрсетеді, хабарлайды.

Қолданылуы	Нақты және жаңа жағдайлардағы проблеманы шешу барысында меңгерілген материалдарды қолдану қабілеттіліктерін бағалау. Практикалық жұмыс, тәжірибелер, жобалық жұмыстар, проблемаларды шешу және жаңа немесе түрлі өнімдерді жасау, меңгерілген білімдерді көрсетудің жолы болып табылады.	Қолданады, есептейді, өзгертеді, таңдайды, жіктейді, аяқтайды, көрсетеді, табады, сахналайды, жұмылдырады, зерттейді, зерттеу жүргізеді, безендіреді, жеткізеді, түрлендіреді (жетілдіреді), ара қатынасын белгілейді, жоспарлайды, көрсетеді, шешеді, қолданады, құрастырады, пайдаланады.
Анализ, синтез және бағалау	Қабілетті бағалау: - ақпараттық материалдарды құрамдас бөліктерге бөлу, себеп немесе салдарын анықтау арқылы шешім шығару мақсатында ақпараттарды зерттеу, ойды тұжырымдау, жалпы ережелерді негіздеу үшін айғақтарды табу; - жаңа мәтінге (идеяларды, элементтерді) қосу, араластыру, мысалы, хабарлама (сөз сөйлеу, баяндама), іс-әрекет жоспары, сызбалар, қолда бар мәліметтерді реттеу; - аталған немесе өзге де материалдардың мағынасын бағалау (пайымдау, көркем-өнер туындылары, зерттеу мәліметтерін).	Талдайды, бағалайды, топтастырады, есептейді, категориялайды (санаттайды), жіктейді, салыстырады, байланыстырады, қарама-қарсы қояды, сын-пікір айтады, талқылайды, дифференциялайды, ажыратады, бөледі, зерттейді, тәжірибе жүргізеді, түсіндіреді, шығарады, ара қатынасын белгілейді, таңдайды, бөледі, тексереді, бөліп алады.
